Расширение масштабов распространения наркотических средств или психотропных веществ находится в прямой взаимосвязи с недостаточной эффективностью мер предупреждения и нахождения виновных. Чем более длительно совершается преступная деятельность, тем в большей степени укрепляется уверенность в безопасности. Самоуверенность в правильности жизненных позиций формирует такие черты характера, как цинизм, грубость, наглость, аморальность.

Лицам, занимающимся распространением наркотических средств или психотропных веществ, длительное время, а иногда и во все время своей преступной деятельности, удается безнаказанно достигать поставленные преступные цели.

Атмосфера безнаказанности приводит этих людей к окончательному иллюзорному убеждению в своей неуловимости и недостижимости до них возмездия за содеянные преступления, вследствие чего они могут длительное время осуществлять беспрепятственное распространение наркотических средств или психотропных веществ.

В системе предупреждения незаконного распространения наркотических средств или психотропных веществ значительное место должно быть отведено теоретической разработке и практическому внедрению вопросов виктимологической профилактики незаконного

---

распространения наркотиков.

Если обратиться к достижениям современной теории виктимологии, то логичным представляется принять во внимание, в первую очередь, основные направления разработки проблемы виктимологической профилактики правонарушений. Ни для кого не является секретом, что даже с экономической точки зрения недопущение совершения преступлений и правонарушений представляется для государства и общества гораздо более оптимальным и желаемым результатом, нежели постоянное увеличение объема затрат на поиски, изобличения и наказания преступников. Но как это ни странно, понимание всеми людьми – от обычного человека до президентов – простой логики тезиса о приоритете антикриминальной превенции над уголовно-правовой репрессией, к сожалению, она никак (или почти никак) не отражается на адекватности ресурсного обеспечения предупреждения преступности. И все же обеспечение безопасности, в каких бы формах оно ни выражалось (национальная, государственная, общественная, экологическая и др.), требует, прежде всего, от государства более действенной защиты своих соотечественников от многочисленных социальных угроз. Именно безопасность, ее обеспечение и состояние выступают тем полем, на котором государственное предупреждение преступности и государственная репрессия должны объединиться, чтобы создать необходимые условия спокойной жизни социума.

Решение проблемы защиты государством своих соотечественников от многочисленных угрожающих им опасностей является одной из приоритетных в проведении правовой политики государства. Сюда же входит в качестве неразрывной составной части и решение проблемы виктимологической профилактики правонарушений.

Рассматривая преступность в качестве самостоятельной угрозы нормальной жизнедеятельности любого государства и общества, нельзя не отметить ее негативных проявлений в любой социальной среде. Тем не менее, учитывая институциональные особенности сфер человеческого бытия, следует выделить особо безопасность в социальной сфере. Ею объединяются такие области, как социальная защита, образование, культура, охрана здоровья и др. Обеспечение государством защищенности, прежде всего, личности, ее повседневных интересов от всякого рода преступных посягательств, повышение эффективности контроля общества и государства над преступностью призвано существенно укрепить не только социальную (в узком смысле слова) сферу, но и создать надежные гарантии национальной безопасности в целом.

Расширяющиеся масштабы транснациональной наркопреступности в настоящее время уже превращаются в серьезную не только социальную угрозу, но и представляют угрозу национальной

---

---

безопасности страны. Число людей, оказывающихся в непреодолимой зависимости от наркотиков, постоянно увеличивается и возникает угроза генофонду страны. В связи с этими обстоятельствами, принятие конкретных мер виктимологической профилактики распространения наркотических средств или психотропных веществ приобретает значение большой государственной и социальной важности, поскольку речь идет о том, что нужно все сделать для того, чтобы уберечь наших граждан, и в особенности молодежь, от пагубного увлечения наркотиками.

Увеличивающаяся угроза вовлечения молодежи в употребление наркотических средств или психотропных веществ обусловлена и тем обстоятельством, что превращение того или иного человека в неодолимо зависимого от наркотиков служит иногда и средством осуществления террора, нагнетания страха и ужаса в среде отдельной части людей для достижения каких-либо заведомо преступных целей определенными преступно настроенными лицами, когда открыто высказывается угроза «посадить на иглу» самого лица, в адрес которого применятся угроза или в отношении его близких. Как показывает жизнь, «посаждение на иглу» все в увеличивающихся масштабах используется в качестве орудия террора, средства мести и расправы с неудобными людьми. Особую роль здесь играют распространители наркотических средств или психотропных веществ, которые, выполняя волю своих заказчиков или хозяев, доводят наркотические средства или психотропные вещества до адресатов, т.е. лиц, которых нужно в обязательном порядке «посадить на иглу» или ввести в иную форму непреодолимой зависимости от наркотических средств или психотропных веществ.

Распространители наркотических средств или психотропных веществ, выполняя волю заказчиков или своих хозяев, осуществляют активные действия, направленные на инициирование готовности потенциальных жертв к употреблению наркотических средств или психотропных веществ.

В таких случаях, как правило, идут в ход тяжелые наркотики, чтобы жертва попадала в непреодолимую зависимость уже в результате хотя бы однократного употребления наркотического средства или психотропного вещества.

Приведенные положения позволяют сделать выводы о том, что в настоящее время серьезную опасность для общества приобретают явления наркоманического и токсикоманического террора, осуществляемые различными преступно настроенными лицами или организованными преступными формированиями путем использования преступной деятельности распространителей наркотических средств или психотропных веществ. Актуальная проблема, возникающая перед государством и обществом, состоит в том, чтобы защитить наших

---

граждан от угроз наркоманического и токсикоманического террора. В интересах повышения уровня виктимологической профилактики указанного рода угроз необходимо, конечно же, своевременное выявление потенциальных жертв такого рода террора, а также предупреждение и пресечение преступной деятельности распространителей наркотических средств или психотропных веществ.

Достижение успехов в организации виктимологической профилактики незаконного распространения наркотических средств или психотропных веществ находится в прямой зависимости от успехов в работе по воспитанию молодежи, в частности, формирования сознания в духе категоричного неприятия различных отрицательных наклонностей и привычек, в том числе и стремления из чувства любопытства соглашаться пробовать наркотические средства или психотропные вещества, поскольку наркомания и токсикомания берут свое начало с первого употребления в большинстве случаев из чувства любознательности молодой жертвы наркомании или токсикомании.

### **Түйін**

Мақалада есірткі заттардың және психотроптық заттардың заңсыз айналымын алдын алудың тиімділігін арттыру нақты сақтандыратын шаралар кешенін қабылдауына байланысты болатын мәселелер қарастырылады, олардың ішінде виктимологиялық алдын алудың міндетін шешу маңызды орын алады.

### **Summary**

In this article describes the problems of improving the effectiveness of prevention of illicit trafficking in narcotic drugs and psychotropic substances, depending on the adoption of a set of specific preventive measures, among which occupies an important place solution victimological prevention.

*Калкаева Н.Б. з. г. к.,  
Абай атындағы ҚазҰПУ,  
магистратура және Phd докторантура институты,  
Құқықтану және экономика кафедрасының доценті*

## **Қылмыстылықпен күрес жүргізу тиімділігінің өзекті мәселелері**

Қазақстан Республикасында қалыптасу, елде экономикалық реформаларды жүзеге асыру және нарықтық қатынастарға өту кезеңінде құқықтың мән-маңызы айрықша күшейді. Тауарлық-ақшалық (мүліктік) және басқару қарым-қатынастарын құқықтық тұрғыдан реттеуде заңдар мен басқа да нормативтік актілердің маңызы одан әрі нығая түспек. Осыған байланысты егеменді еліміздің мемлекеттік және қоғамдық өмірінің құқықтық негіздерін нығайту, мейлінше маңызды екендігі

---

сөзсіз. Егеменді Қазақстанның конституциялық, әкімшілік, азаматтық және қылмыстық құқықтық салаларының аса маңызды екендігі ескеріліп, олардың көкейтесті мәселелері жаңаша қарастырылуда.

Қазақстан Республикасындағы қылмыстық-құқықтық саясат, халықаралық нормаларға сәйкестендіріліп, екі векторлы бағытқа ие болды. Атап айтқанда, олардың алғашқысы аса ауыр қылмыс жасағаны үшін өмір бойына бас бостандығынан айыру түріндегі жауапкершілікті күшейту, екіншісі қоғамға үлкен қауіп төндірмейтін қылмыстар үшін жазаны жеңілдету және сотталғандарға қатысты қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлерін көбейту. Соңғы жылдары бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны қолдану барынша қысқартылды. Оның орнына сотталған адамды қоғамнан оқшаулауды көздемейтін балама жаза мен қылмыстық жауаптылықтан босату жиі қолданылуда.

Біздің елімізде қылмысқа қарсы күрес тиімділігін арттырудың мәселелері туралы теорияны жасау-қазіргі кезде заң ғылымдарының дамуындағы негізгі бағыттарының бірі болып отыр. Жауаптылықтан туындайтын жазаның орындалмай қалмау қағидасын жүзеге асыру мен оны қамтамасыз ету мақсатында, мемлекеттің қылмысқа қарсы күрес саясатын жүргізуді әрі қарай ізгілендіру және ымырашылдық жасау мақсатында, қылмыстық құқықтық қудалау шараларын үнемді қолдану негізінде және жасалған қылмыс үшін жауаптылықпен жазаны жекешелендіру мен дұрыс оқшаулаудан туындайды. Осы мақсатта қылмыспен күрес тиімділігін арттыру үшін мәселелердің тап осылай қойылуының өзі, қылмыстылықты зерттейтін ілімдер теориясы мен тәжірибесінің дамуы және оның жетілдіруіне байланысты үйлесімді ұйымдастыру шараларын қылмысқа қарсы күреске ықпал етуімен тығыз байланысты болады. Елдегі қылмыстық саясатты дұрыс жүргізудегі кең көлемді мәселелерді шешу шарттарының негізі деп, қылмысқа қарсы күрес пәрменділігін арттыруға баса назар аудару айтылады. Өз кезегінде, қылмысқа қарсы күрес тиімділігін арттыру міндетінің оңды шешілуі біздің елімізде қылмыспен күрес тиімділігін қамтамасыз ету барысында сенімді теориялық негізді жасауды алға қояды.

Құқықтың басты міндетін (қоғамдағы тәртіпті реттеу, мемлекет көлеміндегі тәртіпті қалпында ұстап, оларды тиісті дәрежеде қамтамасыз ету т.б.) ескере отырып, құқықтың негізі болып саналатын құқықтық нормалар жүйесіне жан-жақты зерттеу қажет болады. Мұндай зерттеу жұмыстары кейін осы нормалардың өмірде қолдану нәтижесі мен потенциалының жүзеге асырылуы мен одан ары ізденістер жүргізілуіне мүмкіндік берері сөзсіз. Әрбір құқық нормасы барлық адамдарға тең және кейбір қажетті жағдайларда қолданылатын жалпыға бірдей ережелерден тұратындықтан құқық нормасының жалпыға бірдей мүмкіндіктерін қамтамасыз ету аясында оның жүзеге асырылуы үшін

---

объективті жағдайлар туғызуын жатқызамыз. Содан соң құқық нормасының жалпыға бірдей ережесі өз көрінісін халыққа уақытылы жеткізілуі және арнайы белгіленген нақты тұлғалардың сол ережелерді мүлтіксіз орындауы арқылы табады. Сондықтан құқық нормаларының тиімділігін зерттеудегі негізгі бағыттарының бірі - аталмыш нормалардың басты ерекшеліктерін зерттеу болып табылады.

Құқық нормасы мәселесін зерттеудің тағы бір мәселесі - құқық нормаларына байланысты мемлекеттік институттардың заң шығару қызметіндегі тиімділікке байланысты туындайтын мәселелер. Атап айтқанда, өкілетті мемлекеттік органдардың құқықты жүзеге асыруға байланысты қызметінің тиімділік деңгейіне және құқық бұзушылыққа байланысты қолданатын шаралардың пәрменділігіне байланысты туындайтын мәселелер. Пашков А.С., Чечот Д.М. «құқық нормаларының тиімділігі мәселесін түсіну, нақтылықты, нәтижелілікті, яғни қоғамға пайдалы бағытта анықталған қоғамдық қатынастарға әсер ету мүмкіндігін түсінуге негізделген» - дейді [1, 3 б.].

Құқық теориясында құқықтық нормалардың мәні мен міндетіне байланысты қалыптасқан ой-пікірлерге сүйене отырып, олардың тиімділігіне байланысты потенциалды мүмкіндіктерге аса назар аударып, құқық тиімділігі мәселесінің теориялық зерттелуіне байланысты туындаған мәселелердің дұрыс жолда екендігін ескере кеткен жөн.

Құқық тиімділігі мәселесі жөніндегі бірқатар ғалымдардың пікірлерін топтастыра келе Л. И. Спиридонов былай дейді: « ... бірқатар авторлардың теорияны жетілдіру бағытындағы зерттеулері, мұндай қылмыстық-құқықтық тыйым салу шараларының тиімділігіне әкеп соқтыратын алғышарттарын қалыптастырады, оларға:

- 1) заңдарда қылмыс деп жарияланған, қоғамға қауіпті іс-әрекеттердің мазмұнын уақытылы, дұрыс және толық ашып көрсету;
- 2) қылмыстық заңның мазмұнының адамгершілік нормалар мен құқықтық сана-сезімнің деңгейіне сәйкес келуі;
- 3) заң талаптарының қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси даму заңдылықтарына сәйкес келуі;
- 4) адамдардың әрекеттерін қылмыстық құқықтық тәсілдерімен реттеу процесінде адамның әрекет етуіне әсер ететін әлеуметтік (ең бастысы экономикалық) факторларды ескеру;
- 5) қылмыстық заңдардың тұрақтылығы және оны қолданудың біркелкілігі;
- 6) қылмыстық-құқықтық санкцияның қоғамға әсер ету шараларымен ұштасуы;
- 7) халықтың қылмыстық заң нормаларының мазмұнымен, оның ішінде санкцияларынан хабардар болуы;
- 8) жасаған қылмысы үшін адамдардың жазасыз қалмайтындығын сезінуі;

---

9) қылмыстық саясаттың тұрақтылығы жатады».

Л.И. Спиридонов құқық пәрменділігінің осы алғышарттарын қортындылай келе, «ғылыми тұрғыдан алғанда, заң нормалары тек қоғам дамуының заңдылығы мен объективті жағдайларына, халықтың қоғамдық сана-сезіміне, оның ішінде олардың құқықтық сана-сезімі мен адамгершілік қағидаларына және құқықтық нормалар басқа да құқық нормаларымен сай болғанда ғана тиімді болмақ. Сонымен қатар социологтардың жүргізген тәжірбиелік зерттеулерімен хабардар болу-адамның мінез-құлқының (оның ішінде ауытқымалы мінез-құлқының) басқа да түрлеріне байланысты қылмыстық құқық нормаларының бұзылғанын анықтап, соның негізінде теориялық жағынан да, іс жүзінде де қылмыстылықпен күрес тиімділігінің жаңа алғышарттарын жасауға негіз тудырады».- деп жазады [2, 119-220].

Сондықтан профессор Л.И. Спиридоновтың тұжырымдары мен ұсыныстарын қылмыстылықпен күрес тиімділігін жетілдіру барысында негізге ала отырып қолдану қажет. Шынында да, жауапкершілік белгілейтін қылмыстық заңның тиімділігін қамтамасыз ету мақсатындағы мәселелерді шешкен кезде, заң қылмыс деп жариялаған қоғамға қауіпті іс-әрекеттердің уақытылы, дұрыс және толық қамтылатындығы ескерілуі керек.

Ғалымдардың кейбіреулері құқық нормасының тиімділігі ұғымына оның құрамдас бөліктеріне жататын ерекшеліктері секілді құқықтың түпкі мәні, сондай-ақ құқық нормасын қабылдаудағы заң шығарушының алға қойған мақсаты мен ереже қабылданғаннан кейінгі оның нақты орындалуын қамтамасыз ететін жағдайларын жатқызады [3, 44 б.].

Заңгер ғалымдар осыған байланысты құқықтық нормаларының тиімділігін талдаудан нақты құралдарды, яғни тарихи субъектілердің нақты әрекеттерін алып тастау негізсіз деп есептейді. Нормативтік құқықтық актілердің «таза» қолданылуы ешнәрсеге сай келмейді. Заңның әлеуметтік топтарға байланысты емес, жеке адамдарға байланысты пайдаланылуын қарастырсақ, оның қажетті деңгейде қолданылуы құқықтың өзінен емес сонымен қатар, субъектінің де көптеген сипатына байланысты болып келеді. Мақсатпен нәтиже арасындағы тиімділікті анықтаудың қиындығы жалғыз норманың түрлі-түрлі мақсаттарда емес, сонымен қатар сол норманы зерттеу барысында оның еш нәтижесі болмайтындығында [4, 34-35 бб.].

Құқық нормасының потенциалды мүмкіндіктері қоғамдық қатынастарға пайдалы әсерін тигізеді. Әсерін тигізе отырып, мұндай мүмкіндіктер кейіннен өмірдегі түрлі дау-шарларды шешуге бағытталады. Бұл тиімділік мәселесінің белгілі бір анықталған мақсатқа сай белгіленетінін және осы мақсаттың орындалуымен өлшенетінін білдіреді. А.А. Игнатъев «Кез-келген жүйе белгілі-бір қойылған



---

мақсатқа жету үшін құрылады және сол үшін қызмет етеді. Тиімділік мәселесі осы қойылған мақсатқа жетуге байланысты жүйенің пайдалы түрде қызмет жасау қажеттілігін анықтауға байланысты туындайды» деген сенімді түсінік берген [5, 304 б.].

Жоғарыда келтірілген ой-пікірлерге сәйкес, құқық тиімділігі деп оның жалпыға танымалдығын, оның сөзсіз орындалатындығын, құқық нормаларының қайшылыққа ұшырамауын және түсініктілігін, әлеуметтік мақсаты мен оған жету тәсілдерінің сәйкестігін, құқықтың әділет органдары мен өзге де құқық қорғау органдары жүйесімен тығыз байланысы қамтамасыз етілгенін айтамыз.

Құқықтық зерттеудегі дәстүрлі әдістер өз мәні бойынша заң шығарушының еркін білдіруге және құқық нормасын тәжірибеде дұрыс қолдануға түсіндірме беруге бағытталған. Мұндай зерттеулер алдағы уақытта да жүргізіле береді.

Өзге де құқық бұзушылыққа қарағанда қылмыс өзінің қоғамға аса қауіптілігімен ерекшеленетіндігі баршамаызға мәлім. Сондықтан да, ең алдымен әрекеттің қоғамға қаншалықты қауіпті екеніндігін анықтау аса маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бірақ бұл мәселені шешу құқық бұзушылықты қылмыс деп тануға әлі де жеткіліксіз. Басқа да жағдайларды ескеру қажет. Олардың қатарына мыналар жатады:

1. қоғам өмірінің объективті заңдылығы;
2. қылмыстық жазаның әлеуметтік салдары;
3. қылмыстық құқық пәрменділігін жүзеге асырудың материалдық ресурстары.
4. қоғамның адамгершілік – рухани сипаты;
5. қажетті жүріс-тұрыс тәртібін қылмыстық құқық құралдарымен ынталандыру мүмкіндігі;
6. ғылым мен техника дамуының деңгейі;
7. міндетті тұлғалардың әрекеттерін пәрменді бақылау мүмкіндігі.

Сонымен, қылмыстық құқық нормасын қолдануда тиімділік шарттарына төмендегілерді жатқызуға болады:

1. Нақты қоғамға қауіпті әрекеттің әлеуметтік қауіптілігі мен қоғам өмірі заңдылығының объективтілігін ескере отырып қылмыстық заңның дер кезінде қабылдануы;
2. Жазаның мақсатына жету үшін қылмыстық жазаны қолданғанда әлеуметтік салдардың ескерілуі.
3. Қылмыстық құқық нормасы мен қоғамда қалыптасқан дәстүрдің байланыс деңгейін ескеру.
4. Қылмыспен күресте материалдық ресурстарды дұрыс пайдалану.
5. Заңды әрекеттермен позитивті жауапкершілікті қылмыстық құқықтық құралдарымен реттеудің мүмкіндігін анықтау.

---

6. Заңды қабылдау кезі мен одан былайғы әрекеттер барысында қылмыстық заңның тұрақтылығын қамтамасыз ету;

7. Қабылданған қылмыстық құқық нормаларының халыққа жетуіне (хабардар болуына) нақты жағдай жасау;

8. Құқық қорғау органдарының беделін көтеру үшін барлық қажетті шараларды қарастыру;

9. Қылмыстық жаза мен жауаптылықтың бұлтартпаушылық қағидасын қамтамасыз ету;

10. Сот және тергеу тәжірибесіне, қылмыстық заңының тұрақтылығынан көрінетін қылмыстық саясаттың жүзеге асуына жағдай жасауды қамтамасыз ету;

11. Қылмыспен күрес тиімділігін арттыру барысында ғылым мен техника жетістіктеріне, оларды пайдалануға қамқорлық жасау;

12. Қылмыстық заңның тәжірибеде қолданылуын жүзеге асыратын лауазымды адамдардың қызметіне бақылау орнатудың деңгейін көтеру.

Себеп-салдардан кейін В.М. Коганның пікірінше тиімділікті зерттеудің объектісі болып келетін қылмыстық құқық нормасын қалыптастыру деңгейі нақтыланады. Оның пікірінше «Қылмыстық құқық нормасын қалыптастыру деңгейіне құқықтық нормалардың төмендегі талаптарға сай келуі керек.

1. Белгілі бір әрекеттің басқаларынан өзгешелігін (қылмыстық және қылмыстық емес) қамтамасыз ететін қылмыс құрамының айқындылығы;

2. Белгілі қылмыс құрамына белгіленген жазаның қылмыстық кодекстегі жаза жүйесімен ықпалдастығы.

Егер қылмыстық құқық нормаларының себеп-салдары құқық нормалары тиімділігі қоғам алдындағы қылмыспен күреске байланысты мәселелерде «мүдде құқығы» ретінде қарастырылса, онда тұжырымдау деңгейі бойынша қылмыстың құрамын айқындау талаптары мен жазаның келісімді болуы құқықтық негізде қарастырылады.

Заңның нақты қалыптасуына тікелей бағытталған бұл құқықтық талаптар, қоғамдық қатынастарды қорғауға байланысты міндеттер де өз көрінісін табады» [6, 53 б.].

Аталған ережелерге сүйене отырып, былайша тұжырым жасауға болады: Әлеуметтік зерттеу әдістерін пайдалануды дамыту қылмыстық құқық ғылымының дамуына әсер етіп, құқық қорғау органдарының қызметі мен қылмыстық құқық ғылымының қылмысқа қарсы күресте өзара байланыста жасаған әрекеттерінің бір-біріне логикалық қатынасқа түсуіне мүмкіндік береді. Нақтырақ айтар болсақ, құқық қорғау органдары қызметкерлері әлеуметтік зерттеу әдісін қолдана отырып, сол арқылы оның қазіргі кезде қолданып отырған әдістерінің нәтижесін анықтауға, сөйтіп кейінгі қылмысқа қарсы күрестің жаңа әдістерін

---

жасауына мүмкіндік береді. Және сол тактиканы түрлі деңгейдегі қылмыс құрамына сай пайдалануға болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Пашков А. С., Чечот Д. М. Эффективность правового регулирования и методы ее выявления. /Советское государство и право - М., 1965, №8.
- 2 Спиридонов Л.И: Социология уголовного права. –М., 1986
- 3 Проблемы эффективности работы управленческих органов. -М., 1973
- 4 Пашков А.С., Явич Л.С., Спиридонов Л.И. Эффективность действия правовых норм. – ЛГУ, 1977.
- 5 Игнатъев А.А. Уголовно-исполнительное право. –Москва: Новый Юрист, 1997.
- 6 Коган В.М. Уровни анализа эффективности уголовно-правовых норм. /Вопросы борьбы с преступностью. -М., 1972 вып. 30.

**Резюме**

В данной статье автором рассмотрены актуальные проблемы повышения эффективности борьбы с преступностью.

**Summary**

In given article the author considers actual problems of increase of efficiency of struggle against criminality.

*Бекбаева М.К.  
экономика ғылымдарының магистрі  
Д.А. Қонаев атындағы Университет*

### **Коммерциялық банктердің несиелік портфелін жетілдіру мәселелері**

Әлемдік қаржы дағдарысына қарсы қабылданған ҚР Үкіметі, Қазақстан Ұлттық банкі және ҚР-ғы қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарының қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігінің 2009-2010 ж.ж. арналған экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыруға байланысты бірлескен шаралар жоспарын іске асыру механизмдерінде қарастырылған қаржы секторын тұрақтандырудың басты бағыттары айқындалды, соның ішінде екінші деңгейдегі банктердің тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру, олардың сыртқы қарыздарды алуын әрі қарай шектеу шараларын қабылдау, жүйе құраушы екінші деңгейдегі банктердің жай және артықшылықты акцияларын сатып алу арқылы, сондай-ақ оларға субординирленген займдар беру арқылы қосымша капиталдандыру шаралары көзделген.

Негізі, коммерциялық банктерде мынадай үш түрлі күрделі мәселе бар. Оның біріншісі, сырттан алған қарызды қайта құрылымдауға, екіншісі, коммерциялық банктердің активтер қоржынының немесе несие портфелінің сапасына, үшіншісі, коммерциялық банктердің депозиттік базасына қатысты. Бүгінгі таңда осы үш мәселеге тікелей қатысы бар коммерциялық банктерді капитализациялау мәселесі туындап жатыр. Капитализациялау, ол – коммерциялық банктердің активтеріне де, депозиттік базасына да, провизиясына да, яғни сапасы өте нашар активтерді сақтандыруға да тығыз қатысты нәрсе.

Соңғы бір жарым жыл ішінде дағдарысқа қарсы қабылданған шаралардың көмегімен банк секторындағы жағдай тұрақталды деп толық сеніммен айтуға болады. 2010 жыл банк секторы үшін шетелдік кредиторлардың алдында өздерінің абыройын өте жақсы қорғап шыққан кезең болды. Мәселен, осы жылдың наурыз айында Альянс банк сырттан алған қарызын қайтадан құрылымдады. Ал 1 қыркүйекте БТА банк өзінің сырттан алған қарызын қайта құрылымдау процесін аяқтады. Соның нәтижесінде БТА банкі сыртқы қарызын 16,65 миллиардтан 4,2 миллиард долларға дейін қысқартты. Сөйтіп, 1 қыркүйекте БТА банк өзінің сыртқы қарызын құрылымдауды аяқтап, зияннан бірден пайдаға шықты. Қайта құрылымдаудың нәтижесінде БТА банктің тапқан пайдасы 1,901 триллион теңгені құрайды. Ендігі жерде БТА банктің алға қойған стратегиясы – нарықтағы өзінің белсенділігін жоғарылату.

---

Сөйтіп, 2007 жылға дейінгі нарықтағы бұрынғы беделін қайтадан қалпына келтіру. Бұл – жоғарыда аталған мәселенің біріншісіне, сыртқы қарыздарды қайта құрылымдауға қатысты [2].

Банктердің сыртқы қарыздары бойынша қайта қаржыландыру тәуекелі бұрынғыдай қауіп төндірмейді. Ағымдағы жылдың 1 шілдесінде олардың жалпы міндеттемелер ішіндегі үлесі 27,1 пайызға қысқарған, алдыңғы жылдың 1 қаңтарымен салыстырғанда (44,9 пайызды құраған болатын). Бұған себеп «Альянс Банкі» АҚ және «БТА Банкі» АҚ еншілес ұйымы- «Темірбанк» АҚ-дағы жүргізілген қайта құрылымдау процесінің сәтті аяқталуы. Сонымен қатар, «БТА Банкі» АҚ міндеттемелерін қайта құрылымдау процесі аяқталысымен банк секторында сыртқы қарыздары бойынша міндеттемелері төмендеп, капитализациялау ұлғайтылады. Сонымен, банк секторының сыртқы қарызы қазіргі күні жалпы банк міндеттемелерінің 30 пайызынан төмен. Бұл деңгей әлемдік тәжірибеде қабылданған деңгейге сәйкес келеді.

Сыртқы қарыздарды қайта құрылымдаудан кейінгі банк секторы үшін бүгінгі таңдағы айналысатын басты мәселе – активтер қоржыны немесе несиелік портфельдің сапасы. 2010 жылдың 1 шілдесіне несиелік портфель құрамындағы жұмыс істемейтін несиелердің үлесі 34,4 пайызды құрады, бұл 01.01.2010 жылы 36,5 пайызды құраған еді. Сондай ақ банк секторындағы несиелік портфель сапасының төмендеуі біртіндеп баяулағанын байқауға болады, ол өз кезегінде қорландыру деңгейін төмендетуге септігін тигізеді.

S&P рейтингтік агенттігінің бағалауына сүйенсек, қазақстандық банктік секторының активтерін қалпына келтіру үшін ағымдағы позитивті макроэкономикалық тенденциялардың сақталған жағдайда үш пен бес жыл аралығы талап етіледі. Бұл жерде атап өту керек, «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасын іске асыру шеңберінде банктерді ынталандыру екі бағытта қамтамасыз етіледі: «жаңа бизнес-әрекеттерді қолдау» және «кәсіпкерлік сектордың сауығуы». Бірінші бағыт жобаларды іске асыруға бағытталған банк несиелері бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау және жобаларды іске асыруға бағытталған банк несиелері бойынша жартылай кепілдік беруді қарастырады. Екінші бағыт қаржылық қиыншылығы бар қарыз алушылардың сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау. Сонымен бірге бұл бағдарламаға тек қана ел мүддесіне қызмет ететін, сауықтырудың іске асатын жоспарын ұсынуға дайын және ашық қызмет ететін кәсіпкерлер ғана қатысу мүмкіндігіне ие. Аталған шаралар банктердің портфеліне жұмыс істемейтін несиелер үлесін төмендетіп, жанама түрде әсерін тигізеді [1].

Несие портфелінің сапасын жақсартуға бағытталған кейбір екінші деңгейлі банктер құраған провизиялар есебінен оның сапасы жақсарып кете қойған жоқ. Кейбір мәліметтерге сүйенсек, қазір оның 35 пайызы

---

жұмыс істемейтін, үмітсіз несиелер болып саналады. Коммерциялық банктер сапасы төмен несиелік қоржынның бес пайызын баланстан шығарды. Баланстан шыққан, әлде де болса баланста тұрған, бірақ табыс әкелмейтін сапасы нашар несиенің барлығын есептесек, ол 40 пайызды құрайды. Халықаралық несиелік агенттіктердің болжамына сүйенсек, таяу болашақта сапасы нашар несие Қазақстандағы несиелік портфельдің 60 пайызын құрауы мүмкін екен. Бұл – өте күрделі мәселе. Банк секторы үшін сыртқы қарызды қайта құрылымдау мәселесін еңсергеннен кейінгі шындап айналысатын нәрсе – осы сапасы нашар несиелік қоржындар мәселесі. Себебі несиелік портфельдің құрамында табыс әкелмейтін, үмітсіз несиенің саны күннен-күнге қысқарғанның орнына көбейіп барады. Осының өзі жағдайдың қаншалықты күрделі екендігін айқындайды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2011 жылғы шілдеде жүргізген «Несие нарығының жай-күйі және өлшемдерінің болжамы» тоқсан сайынғы зерттеулерінің нәтижелері бойынша несие нарығының біртіндеп қалпына келуі байқалады, бұл ретте банк секторында клиенттік базаны өсіру бойынша бәсекелестік деңгейінің одан әрі өсуі байқалады, нәтижесінде екінші деңгейдегі банктер несиелеу жағдайларын қайта қарайды, ұсынылатын өнімдер құрылымын жетілдіреді және клиенттердің төлем қабілеттілігін бағалауға барынша жеке көзқарасы байқалады. Несие портфелі сапасын аздап қалпына келтіру жалғасып отыр, бұл ретте оның жақсаруын банктер салық заңнамасының жұмсаруымен және проблемалық несиелер қорын құрумен байланыстырады [1].

«Бизнестің жол картасы 2020», Үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама және шағын және орта бизнесті дамытудың басқа да бағдарламалары шеңберінде шағын және орта бизнесті дамыту бойынша көрсетілетін мемлекеттік қолдау, сондай-ақ қаржыландыру банктер арқылы жүзеге асырылатын басым жобаларды тікелей қаражаттандыру кәсіпкерлер тарапынан несиелік ресурстарға сұраныстың ұлғаюына оң әсер етті. Осылайша, мемлекеттің экономиканың нақты секторын қолдау жөніндегі қызметі шағын және орта бизнес кәсіпорындарын барынша тез қалпына келтіруге, сондай-ақ несие портфелі сапасының жақсаруына және банктердің несиелік қызметінің жандануына себепші болды.

Банктер үшін бірінші кезекте несиелік портфельдің сапалы өсуін қамтамасыз ету болып қалуда. Банктер бұрынғыдай клиенттерді таңдауға өте сақтықпен қарайды, өйткені несиелеу нарығында сапалы заемшылардың тапшылығы мәселесі әлі де өзекті болып қалуда. Заемшыларды таңдаған кезде жақсы несиелік тарихтың болуы және клиенттің рентабельділігінің оң көрсеткіштері банк үшін ең маңызды

---

аспектісі болып табылады. Жаңа бизнесті ашуға арналған несиелер бойынша тәуекелдерді барынша азайту мақсатында банктер пайыздық мөлшерлемелерді айтарлықтай көтереді және қаржыландыру мерзімін қысқартады, бұл қаржыландырудың осы түрін тартымсыз және қымбат етеді.

Корпоративтік секторды несиелеу бөлігіндегі нақты үрдістерді ескере отырып, банктер арасында сапалы заемшыларды тарту бойынша бәсекелестіктің сақталуы оларды бұдан әрі пайыздық ставкаларды төмендетуге, заемшыларға қызмет көрсету сапасын арттыруды қоса алғанда, несиелеу талаптарын жақсартуға мәжбүр ететін болады деп күтіледі.

Клиенттерді тартуға банктік бәсеке күшейген жағдайда жаңа несиелік өнімдер әзірленуде. Солардың біріне депозит кепілдігіне берілетін несиелер жатқызылады, оларды банктердің көбі пайдалануда. Банк үшін депозит кепілдігіне несиелер беру неғұрлым сенімді болып табылады, себебі заем шарты бойынша міндеттемелер сақталмаған жағдайда банк борышкердің депозиттік шотынан ақша қаражатын есептен шығаруға құқығы болады.

Проблемалық заемдармен жұмыс істеу кезінде ең көп қолданылатын шаралар несиелердің жалпы мерзімін ұзарту және төлем кестесін өзгерту, мерзімі өткен берешектің өтеу мерзімін ұзарту, айыппұл санкцияларын қолданбау, банк алдындағы борышын қайта қаржыландыру, оның ішінде заемшының басқа банкке өтініш жасауы арқылы қайта қаржыландыру болып қалып отыр. Бұл ретте, көптеген банктердің несиелік портфелінің сапасын одан әрі қалпына келтіру несиелер портфелінің сапасын жақсарту бойынша қосымша мүмкіндіктерді және уақытша қаржылық қиындықтарға тап болған заемшылармен жұмыс бойынша жаңа құралдарды көздейтін салық заңнамасының күтілетін жеңілдіктерімен және проблемалық несиелер қорын құрумен байланыстырып отыр [2].

Сонымен, банк секторының алдында тұрған биылғы ең маңызды мәселе - жұмыс істемейтін несиелер портфелінің түйінін тарқату болып табылады. Сонда ғана ол нақты секторды несиелеуге бет бұрмақ. Қалай болғанда да биылғы жылы нашар несиелер портфелінің мәселесін шешіп, экономиканың нақты секторына қарай банктердің бетін бұру жүзеге асырылуы тиіс [3]. Қанша қиын болғанымен, сыртқы қарыздарды қайта құрылымдауды табысты аяқтаған еліміз үшін ішкі мәселені шешіп, экономиканы белсенді дамытуды қолға алу әдістерін қарастыру соншалықты күрделі бола қоймас.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) сайтынан алынған дерек көзі
2. «Айқын» газеті // «Қазақстандық қайта құрылымдау тәжірибесі Кәрі құрлыққа ой салды», 01.04.2010 ж.
3. «Айқын» газеті // «Нашар несиелер дамуға тұсау болып тұр», 19.01.11ж.

---

### Резюме

В данной статье рассматриваются проблемы и перспективы кредитного портфеля коммерческих банков. Так же сделано анализ состояния кредитной политики в РК. Автором рассмотрено пути и проблемы совершенствования кредитного портфеля коммерческих банков.

### Summary

This article discusses the problems and prospects of a credit portfolio (brief-case) commercial banks. It is also made analysis of credit politics in the Kazakhstan. By the author it is considered the ways and problems of perfection the credit portfolio (brief-case) commercial banks.

*Белгожаева Ш.Д.  
ст.преподаватель  
кафедры «Финансы и учет»  
Университета им. Д.А.Кунаева*

## **Использование средств информационных технологий при обучении курса правовая информатика**

Информатизация общества характеризуются совершенствованием и массовым распространением информационных и телекоммуникационных технологий в системе образования. Они широко применяются для передачи информации и обеспечения виртуального взаимодействия между преподавателями и обучаемого в современной системе образования. В связи с этим преподаватель должен не только обладать знаниями в области информационных и телекоммуникационных технологий, но и быть специалистом по их применению в своей профессиональной деятельности. Достижению такой цели необходимо модернизировать содержание подготовки и переподготовки педагогов в области информатизации образования.

В качестве основных направлений, систематизирующих содержание учебного курса, отобраны сущность, цели и особенности информатизации образования, технические средства и технологии информатизации образования, методы информатизации образовательной деятельности, основы формирования информационно-образовательной среды и информационного образовательного пространства, вопросы формирования готовности педагогических кадров к использованию информационных технологий в профессиональной деятельности.

Важно донести до будущих педагогов, что информатизация образования обеспечивает достижение двух стратегических целей. Первая из них заключается в повышении эффективности всех видов образовательной деятельности на основе использования информационно-коммуникационных технологий. Вторая – в повышении



---

качества подготовки специалистов с новым типом мышления, соответствующим требованиям информационного общества. С помощью методов и средств информатизации будущий специалист должен научиться получать ответы на вопросы о том, какие имеются информационные ресурсы, где они находятся, как можно получить к ним доступ и как их можно использовать в целях повышения эффективности своей профессиональной деятельности.

Реалии современного общества предъявляют новые требования к уровню подготовки специалистов в сфере юридической деятельности. Важное значение сегодня имеет информатизация юридического образования. Современный уровень работы с правовыми документами предполагает владение технологиями работы с электронными документооборотами, а также способами и методами поиска документов в автоматизированной среде. За последнее десятилетие сформировалось новое направление в области информационного обеспечения сферы юриспруденции и права - справочные правовые системы на основе применения компьютерных технологий. Эти системы представляют собой необходимый инструмент для профессиональной работы с правовой информацией. Сегодня информационные справочно-правовые системы нашли широкое применение как в государственных учреждениях и ведомствах, так и в негосударственных организациях и на предприятиях всех форм собственности, широкая сеть предоставления услуг в области правовой информации охватывает большинство регионов страны. Все эти современные тенденции развития и внедрения средств ИКТ в профессиональную деятельность юристов необходимо учитывать уже на стадии обучения будущих специалистов в учебном заведении.

*Обучение студентов по данной программе проходит несколько стадий:*

***1. Получение студентами первоначальных знаний и практических умений работы с персональным компьютером.***

Это осуществляется при изучении дисциплины «Информатика». Преподавание осуществляется чаще всего в форме монобинарных учебных занятий с изучением нового материала и последующим практическим закреплением во время одного занятия. Следует отметить, что все практические занятия преподавателями информатики разработаны с учетом особенностей профессиональной юридической деятельности, с использованием правовых требований и решением правовых ситуаций. Так, при изучении программы Microsoft Excel студенты выполняют практическое занятие по определению размера государственной пошлины при предъявлении искового заявления по конкретной правовой ситуации[1].

---

## **2. Получение студентами первоначальных знаний и практических умений работы со информационными справочно-правовыми системами.**

Данная стадия реализуется при изучении дисциплины «Информационное обеспечение профессиональной деятельности», которую осуществляет преподаватель юридических дисциплин, обладающий необходимыми навыками работы со информационными справочно-правовыми системами.

Решение данной ситуации студенты производят с помощью компьютерной программы, оформляя юридическим заключением. При оформлении юридического заключения применяются:

- 🌐 поиск по ключевому слову;
- 🌐 комбинированный способа;
- 🌐 оформление юридического заключения с помощью встроенного
- 🌐 текстового редактора.

Второй урок разработан этими же преподавателями по теме «Применение справочно-правовой системы «Гарант» при оформлении юридических документов». На уроке студенты закрепляют полученные знания и умения работы с текстовым редактором, правила оформления документов на персональном компьютере, а затем по приведенной выше ситуации оформляют исковое заявление и решение суда по данной ситуации. Типовые формы данных документов заложены в справочно-правовой системе "Гарант".

Особенность юридической деятельности заключается в многообразии стоящих перед ней задач, решение которых обеспечивается использованием научного аппарата традиционных юридических наук, основу которого составляют законы диалектики познания и формально-логические методы исследования, характерные для правовой науки.

Практика показывает, что в структуре юридической деятельности имеются задачи, для решения которых необходимо привлекать средства и методы наук, позволяющих анализировать количественные, структурные и функциональные особенности объекта познания.

Совокупность общих и частных вопросов теории и практики использования данных математики, информатики в сфере юридической деятельности составляет основу предмета правовой информатики - научной дисциплины, разрабатывающей общие методологические основы математизации и кибернетизации юридических наук, юридической деятельности и отличающейся от традиционных юридических наук характером междисциплинарных связей и функциями.

В силу этого правовая информатика приобретает черты общей теории решения правовых задач с использованием математико-кибернетических методов и выполняет функции, схожие с функциями общей теории

---

государства и права в отношении конкретных юридических наук, что дает основание (по признаку происхождения и решаемым задачам) относить ее к юридическим наукам.

*Специфика правовой информатики проявляется:*

- в особенностях сферы приложения идей, средств и методов информатики;
- в уникальности правовых задач, требующих разработки специальных алгоритмов решения и технических устройств;
- в строгом соблюдении принципов законности при использовании средств и методов информатики в сфере юридической деятельности.

*Основаниями, позволяющими считать правовую информатику самостоятельной отраслью знаний, являются:*

1. правовая информатика имеет четко обозначенные цели, решает множество специальных научных и практических задач, не рассматриваемых конкретными юридическими науками;
2. научные исследования опираются на систему специализированных учреждений;
3. в области правовой информатики работает большое число юристов, математиков, программистов, инженеров;
4. наличие значительного литературного фонда, овладение которым требует как общей, так и специальной подготовки.

Процесс становления правовой информатики как новой отрасли знания продолжается (формируются специфические понятия; познаются закономерности функционирования информационно-правовых систем как объектов изучения; уточняется предмет и структура данной науки).

Правовая информатика – это наука, изучающая информацию, информационные процессы, информационные технологии и информационные системы в правовой сфере на основе исследования их правовой особенности. Возникает вопрос, что представляет собой правовая информатика и информатика? Это междисциплинарная отрасль знаний и учебный курс:

- развитие информационных технологий
- развитие применяемых навыков

Основное: создание универсальных технологий для юристов на работе.

Просматривается аналогия с криминалистикой. Знания, полученные юристами при изучении криминалистики, применимы не только в уголовном процессе, но и в арбитражном процессе, гражданском процессе. Информатика должна идти по такому же пути.

*К важнейшим задачам, которые призвана решать правовая информатика относятся:*

- а) исследование и разработка теории правовой информации и методологических основ ее подготовки к машинной обработке;
- б) исследование и разработка технологий обработки правовой информации с использованием средств вычислительной техники;

---

в) исследование и разработка частных методик решения правовых задач на основе использования идей, средств и методов математики, логики, информатики, кибернетики и сопряженных с ними наук;

г) исследование и разработка теоретических основ, принципов построения и практики использования автоматизированных информационных систем и комплексов для решения правовых задач в различных отраслях юридической деятельности.

Именно перечисленные вопросы должны составлять основу структуры правовой информатики как учебной дисциплины, что требует коренного пересмотра учебных планов и программ по предмету и делает возможным внедрение и развитие новых форм обучения (например, дистанционного), усиливает тенденции к формированию открытого образования. Это, в свою очередь, ставит перед нами проблему расширения практики опережающего обучения, использования новых технических средств и технологий, совершенствования образовательных методик.

При изучении курса правовой информатики вводятся следующие термины, а именно:

- обладатель информации - лицо, самостоятельно создавшее информацию либо получившее на основании закона или договора право разрешать или ограничивать доступ к информации, определяемой по каким-либо признакам;
- конфиденциальность информации - обязательное для выполнения лицом,

получившим доступ к определенной информации, требование не передавать такую информацию третьим лицам без согласия ее обладателя;

- документированная информация - зафиксированная на материальном носителе путем документирования информация с реквизитами, позволяющими *определить (пока не ясно, что это)* такую информацию или в установленных случаях ее носители.

Содержание правовой информатики рассматривается разделы о правовой регуляции информации и основные черты правового регулирования информации. В данном разделе основное внимание уделяется на базовые средства информации. Это понятие составляет фундаментальность данного курса. Свойства информации, влияющие на доказательственное право направлено на реконструкцию тех материальных объектов, которые были в прошлом и на предоставление информации о них. Материальный носитель сведений, составляющих государственную тайну, - материальные объекты, в том числе физические поля, в которых сведения, составляющие государственную тайну, находят свое отображение в виде символов, образов, сигналов, технических решений и процессов. Содержание информации

---

выражается на электромагнитную носитель для цифровой информации. Данное понятие является базовым понятием при изучении курса правовой информатики. При изучении курса возникает следующий вопрос: Признаем ли мы за любым содержанием носителем юридическую силу?

- признаем за любой информации на любом носителе
- признаем только на определенном носителе (вексель – на бумаге)
- Информация может существовать на разных носителях, но преимущественную силу мы закрепляем за одним. Обычно – бумажным.

Одно содержание информации может быть выражено в разных сигнальных формах; например, текст договора – может быть выражен путем использования алфавитной формы, двоичного кода, азбуки Морзе – разные сигнальные формы, но содержание одно и то же. Закон как раз подчеркивает, что информация – сведения, данные, которые представлены независимо от формы представления. Возможно искажение информации при передаче в той или иной сигнальной форме. Поэтому перед юристами встает проблема выбора одной из форм сигнала для передачи информации либо признание за всеми формами представления информации одинаковой юридической силы.

Содержание информации относительно носителя: договор может быть напечатан на бумаге, может быть в электромагнитном поле, может быть радио волна, однако содержание одно и то же. Та же проблема: при переносе одного и того же содержания с помощью разных носителей содержание может оставаться одно и то же, а может изменяться. Это может быть связано с особенностями носителя, а может – с действия субъекта, обладающего информацией. Вопрос о преимущественной форме информации. Закон об информации закрепляет, что если законом не установлено иное, то любая форма сообщения является одинаковой с точки зрения юридической силы.

Концептуальная основа курса Правовой информатики выражает на цели, задачи, принципы и основные направления работы в информационной сфере, представляет собой совокупность информации, субъектов осуществляющих сбор и распространение информации, а также системы регулирования возникающих при этом общественных и правовых отношений [2].

#### **Использованные источники:**

1. Мусин К.С., Белгожаева Ш.Д., Баймулдина Н.С., Дуйсебаева А.Б. Информационно-коммуникационные технологии в образовании юристов и экономистов. Алматы, 2009
2. <http://www.informika.ru/text/inftech/edu/design/>

---

### Түйін

Құқықтық информатиканы оқыту барысында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану арқылы ақпараттандыру – елдің өмір салтын елеулі түрде өзгертуге бағытталған күрделі әлеуметтік процесс.

### Summary

Society information are characterized by perfection and mass distribution of information and telecommunication technologies in an education system.

*Джаксынжаева Н.Т.*

*Д.А. Қонаев университетінің*

*«Қаржы және есеп» кафедрасының аға оқытушысы*

## **Қазақстан Республикасында инновациялық қызметті мемлекеттік қаржыландыру**

Қазіргі кезде Қазақстанда инновациялық белсенділіктің төмендеуі инновациялық қызметке салымдардың жоғары тәуекелі мен байланысты болады. Бұл тәуекелдік жоғары болуы инновациялық процесті қаржы-несиелік қамтамасыз ету әдістері мен ұйымдастыру принциптерінің жетілмегеніне және инновациялық қызметті қаржыландырудың нормативті құқықтық негізінің жетілмегенімен де тығыз байланысты. Нақты өндірістік сектордағы инновациялық процесті тоқтатудың негізгі себептеріне келесілер жатады: тапсырыс берушілердің төлем қабілетсіздігі, ішкі және әлемдік нарықта өнімнің бәсекелестігі қамтамасыз ететін инвестициялық ресурстардың жетіспеушілігі.

Қазақстан үкіметінің алдында экономикаға ұзақ мерзімді ресурстарды тарту үшін оңтайлы жағдай жасау мәселесі қойылуда.

Ол ұйымдастырушылық экономикалық қатынастардың жиынтығын қалыптастыру қызметімен тікелей байланысты болады, ол инновациялық процесті қаржылық қамтамасыз ету үшін жүзеге асады.

Өнеркәсібі дамыған Батыс елдерінде инновациялық қызметтерді қаржыландыру негізінен мемлекеттік емес көздерден жүзеге асады. Жаңа технология мен өнеркәсіптік жаңалықтарға ішкі Қазақстан нарығында төлем қабілетінің төмендеуіне байланысты ғылыми зерттеу және жобалау жұмыстарына демеуші әрі бағыттаушы болып, ал жұмыстарға тапсырыс беруші болып мемлекет шығады. Бұл үшін несие немес қайтарымсыз субсидиялар беретін арнайы қорлар жүйесі қалыптасуда. Отандық инновациялық қызмет нарығы мен ғылыми сыйымды өнімдердің дамымауына байланысты арнайы қорлар, инновациялық қызметті қаржыландыру механизмін нарықтық

шарттардың жағдайына жақындатуға көмек беруі. Мұндай қорлардың халық шарттардағы салалары бойынша қалыптастыру инновациялық қызметті қаржыландыру мәселелері бойынша шешімдерді орталықсыздандыруға мүмкіндік береді [1, 5].

Соңғы төрт жылды салыстырып қарасақ зерттеулер мен өңдеулерге қаржы бөліну жылдан жылға артуда. Ол келесі 5.1–кестеде көрсетілген.

2008 ж салыстырғанда 2011 ж зерттеулер мен өңдеулерге жұмсалған ішкі шығын көлемі 5% өскен. Яғни 2008 ж 27, 2011 ж 32% құралған.

Кесте 1 – Зерттеулер мен өңдеулерге жұмсалатын ішкі шығындардың қаржыландыру көздері (млн. тенге)

	2008	2009	2010	2011
Зерттеулер мен өңдеулерге жұмсалатын ішкі шығындар	3706,9	4706,9	7154,1	9633,0
Барлығы:	1534,5	1980,8	2847,8	3974,0
Бюджет қаражаттары				
Жоғары оқу орындарын қамтамасыз етуге бөлінген бюджеттік аударымдар	1,7	3,0	1,1	49,5
Меншік қаражаты	506,8	857,3	1592,7	2539,5
Тапсырыс берушілер қаражаты	1577,0	1759,5	2515,6	2989,9
Шетел инвесторларының қаражаттары	86,8	106,3	196,9	80,1
Ескертпе: Қазақстан Республикасының статистикасы 2011ж				

Қаржыландыру көздері бойынша 2008 жылы зерттеулер мен өңдеу жұмыстарына жұмсалған ішкі шығынның пайыздық құрылымын талдап қарастырсақ, онда тапсырыс берушілердің қаражаты 43%, бюджет қаражаты 40%, меншік қаражаты 14%, ал шетел қаражаты 3% құраған. 2011 жылы осы көрсеткіште дәрежесі мынадай болған. Тапсырыс берушілердің қаражаты 31%, бюджет қаражаты 40%, меншік қаражаты 26%, ал шетел қаражаты 2% құраған. Яғни, 2009 жыл мен 2011 жыл көрсеткіштерін салыстыра отырып соңғы жылдары өз меншігіндегі қаражат арқылы зерттеулер мен өңдеу жұмыстарын іске асырушылардың саны көбейгендігін көруге болады. Оған жекеменшік салада осы зерттеулер мен өңдеу жұмыстарына көп назар аударып жатқаны әсер еткен[2, 9].

---

В случаях, когда выявленное нарушение или злоупотребление может быть скрыто или по выявленным фактам необходимо принять срочные меры к устранению нарушений или привлечению к ответственности виновных лиц, в ходе ревизии, не ожидая ее окончания, составляется отдельный (промежуточный) акт и

истребуются необходимые объяснения. Эти материалы передаются следователю, а факты, изложенные в промежуточном акте, включаются в сводный акт ревизии.

---

Если ревизия проводилась в плановом порядке, то передача материалов следственным органам может проводиться непосредственно ревизорами. Передаваемые в следственные органы материалы должны содержать:

- \* заявление (письмо), в котором излагается суть допущенных нарушений и злоупотреблений, а также размер материального ущерба, его составные части и круг лиц, причастных к совершению незаконных операций;

- \* акт ревизии, оформленный надлежащим образом;

- \* подлинные документы или копии документов, подтверждающие факты выявленных злоупотреблений;

- \* объяснения ревизуемых и других лиц, имеющих значение для дела;

- заключения ревизоров по представленным объяснениям.

Органы расследования, назначая документальные ревизии, обеспечивают проверку сигналов и заявлений о должностных и хозяйственных преступлениях, используют выводы ревизии при возбуждении уголовного дела. Между тем акты ревизий нередко изобилуют серьезными недостатками, на которые следует обращать внимание при оценке и использовании данных ревизий.

Важно определить, есть ли необходимость в проведении документальной ревизии (если она не проводилась до возбуждения уголовного дела). Своевременное определение этого момента, исходя из тактических соображений, позволяет:

- \* определить версии и направление расследования;

- \* установить объем процессуальных и иных действий по уголовному делу;

- \* принять решение о последовательности и времени производства следственных действий;

- \* выявить круг лиц, причастных к преступлению;

- \* обнаружить и изъять подложные бухгалтерские документы;

- \* принять в случае необходимости меры, направленные на пресечение хищений, злоупотреблений; утрату бухгалтерских документов; избрать меру пресечения лицам, совершившим преступления;

- \* разрешить претензии и ходатайства лиц, деятельность которых подвергалась ревизии в пределах срока расследования.

#### **Использованные источники:**

1. Атанесян Г.А., Гольдман А. Об одном из актуальных вопросов судебно - бухгалтерской экспертизы. // Сов. юстиция.- 2006 № 21.-С. 9-10.



---

2. Аубакиров А.Ф., Бычкова С.Ф. О методике экспертного анализа отдельных видов преступлений. // Теоретические и практические вопросы судебной экспертизы. / Сб. научных трудов КазНИИСЭ, вып.2, Алматы, 2009.

3. Белкин Р.С, Корухов Ю. Судебная экспертиза: нужды и перспектива развития. // Соц. Законность.- 2008 № 7.-С 54-56.

4. Зажицкий В. Заключение аудитора — экспертиза или ревизия. // Российская юстиция. -2006.-С.207-221.

### **Резюме**

Бұл мақалада кәсіпорын қызметінің тексерістеріне құқықтық аспектілері анықталып және қаржы есептілік элементтеріне нақты бағалау, дұрыс есепке алу мәселелері зерттеледі. Бухгалтерлік және экономикалық сараптау сот арқылы жүргізу ұстанымдары көрсетілген. Деректі тексеріс мәселелеріне және аудиторлық тексерістің маңызы анықталған.

### **Summary**

The legal aspects of control of activity of enterprises are affected in this article, to authenticity of estimation and account of elements of the financial reporting in the modern terms of market economy. A role and value of forensics-accounting and judicial-economic examination open up, distinctive features over of examinations and their value are brought for different users. The special attention is spared to the problems of documentary revision and public accountant verification.

*Макишева Ж.А.*

*кандидат экономических наук, доцент  
Сатымбаева Л.Е., студентка 4 курса МАБ*

## **Роль управленческого учета в инновационном бизнесе**

Инновационная стратегия и тактика развития производства является основой его качественных преобразований. Трансформация производственных факторов происходит по пути их интеллектуально-информационного наполнения. В связи с этим возникают новые требования к организации, формам и методам управления предприятием. Специфика инновационного менеджмента обусловлена сложной и неоднозначной сущностью инновационной деятельности. Успешное существование предприятия в условиях рыночной конкуренции предопределяется правильностью отбора инструментов инновационного развития. Ключевую роль в этом процессе играет формирование информационной базы инновационной деятельности, которая лежит в основе процесса принятия стратегических установок и тактических решений по достижению целей развития организации. Решение проблемы наполнения информационного вакуума, существующего в инновационном сегменте деятельности

---

хозяйствующего субъекта, может быть достигнуто путем организации специфического модуля управленческого учета и анализа, аккумулирующего данные, касающиеся этого направления развития предприятия.

В зарубежной хозяйственной практике управленческий учет является одной из важнейших составляющих как процесса принятия решений, так и учетной системы предприятия в целом. Его роль велика, в том числе, и в обеспечении инновационного типа развития экономики. Перечень функций управленческого учета на современном этапе значительно расширился и не ограничивается вопросами управления издержками производства и обращения, контроля над своевременностью и качеством исполнения принятых решений, нормирования затрат. Условия конкурентной борьбы вменяют в обязанности менеджеров по инновациям анализ микро- и макроэкономической среды, изучение технических, организационных, маркетинговых новшеств, существующих на рынке и т.д. Исходя из этого, формируются их информационные потребности, определяющие необходимость становления, развития управленческого учета, обеспечивающего эффективное руководство инновационной деятельностью предприятия. [1]

Развитие предпринимательства в промышленной сфере наиболее перспективно в создании и развитии инновационных предприятий. Необходимость перехода экономики Казахстана на инновационный путь развития – это признанная точка зрения среди интеллектуальной и властной элиты. Перспектива быть сырьевым придатком мировой экономики является не очень впечатляющей. А пока нефть остается ключевой статьей казахстанского экспорта, обеспечивающей основной приток валюты в страну и налогов в бюджет.

Инновационный бизнес - это организация производства принципиально нового товара или производство известного при помощи новейшей технологии или оборудования. Как правило, в основе такого бизнеса лежит плодотворная научно-техническая идея. Инновационная деятельность в Казахстане характеризуется недостаточной активностью при значительном научном потенциале. На сегодня в Республике Казахстан осуществляют разработку и освоение инноваций около 5% отечественных предприятий. В России доля инновационно активных предприятий составляет примерно 10%, в странах Восточной Европы – до 40%.. [2]




Рисунок 1. Инновационная активность предприятий [3]

Из рисунка 1 видно, что уровень инновационной активности в Казахстане с 2008 года растет и сейчас составляет 4,3%, к 2014 году планируется довести этот показатель до 10%. Промышленные предприятия, которые сейчас приобретают технологии, производственные линии вырастут в технологическом уровне, и станут не только потребителями, но и генераторами инновации

Инновационный путь развития для Казахстана, как и для всего мира, является безальтернативной стратегией. Только на этом пути в условиях глобализации и стремительного движения мира к постиндустриальной цивилизации Казахстан может рассчитывать на достойное место в мировом сообществе. При этом инновационная деятельность требует не только материальных и финансовых, но и интеллектуальных ресурсов, которые имеют особое, если не решающее, значение в инновационной практике.

В промышленно развитых государствах 80-95 % прироста валового внутреннего продукта приходится на долю новых знаний, воплощенных в технике и технологиях, т.е. эти страны идут путем инновационной экономики. При этом правовая охрана новых технических решений и технологий в соответствии с законодательством по интеллектуальной собственности позволяет фирмам завоевать на определенный промежуток времени монопольное положение на рынке сбыта конкретной продукции.

Для перехода экономики Казахстана на инновационный путь развития необходимо решить комплекс проблем, который можно разделить на три основных блока:

- Рациональная передача прав на результаты научно-технической деятельности, полученные за счет средств госбюджета, исполнителям

---

или третьим лицам, обеспечивающим коммерциализацию этих результатов, что позволит в краткосрочной перспективе обеспечить передачу в промышленность новых научно-технических разработок с учетом обеспечения интересов национальной безопасности страны, в первую очередь, при реорганизации и приватизации предприятий оборонно-промышленного комплекса.

- Создание системы экономического, организационного и морального стимулирования авторов, организаций-исполнителей, заказчиков на создание, правовую охрану, защиту и коммерциализацию результатов научно-технической деятельности.
- Обеспечение взаимодействия научных организаций, промышленных предприятий, коммерческих структур и инвесторов на всех этапах жизненного цикла научно-технической продукции, то есть создание "технологического коридора" для продвижения этой продукции на рынок, что позволит поддерживать высокие темпы экономического роста на долгосрочную перспективу.

На данный момент вносятся изменения в законодательство РК, которые должны соответствовать нормам Соглашения по торговым аспектам прав интеллектуальной собственности для обеспечения вступления Казахстана во Всемирную торговую организацию. Сегодня актуален вопрос создания инфраструктуры инновационной сферы и формирования рынка результатов научно-технической деятельности. Одним из ее основных компонентов должны стать центры трансфера технологий, созданные при университетах, государственных научных центрах, академических центрах, то есть там, где имеются или создаются научно-технические результаты (рис 2).

Основой быстрого роста отечественной экономики и успешного развития торгово-экономических отношений Казахстана с зарубежными странами является создание в стране цивилизованного рынка интеллектуальной собственности. В областной целевой программе "Стратегии индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2003–2015 годы " предусмотрено первоочередное финансирование инновационных проектов, а также взаимодействие крупных предприятий с малыми предприятиями по организации производства комплектующих с целью снижения издержек производства. [4]

В процессе деятельности любого инновационного предприятия могут создаваться научно-технические продукты - патенты, технологии, программные продукты, которые могут пользоваться самостоятельным спросом на рынке и приносить прибыль.




Рисунок 2. Структура факторной оценки инновационной активности вуза [6]

Прибыль - важнейший показатель, характеризующий финансовое состояние предприятия. Рост прибыли определяет рост потенциальных возможностей предприятия, повышает степень его деловой активности. По прибыли определяется доля доходов учредителей и собственников, размеры дивидендов и других доходов. По прибыли определяется также рентабельность собственных и заемных средств, основных фондов, всего авансированного капитала и каждой акции. Характеризуя рентабельность вложений средств в активы данного предприятия и степень правильности его хозяйствования, прибыль является наилучшим мерилom финансового здоровья предприятия. [5]

В своей деятельности организации и предприятия используют не только активы, которые имеют материально-вещественную форму, но и различного рода нематериальные ценности, которые также необходимы для производства и приносят доходы своему владельцу. В определённой степени и торговая марка предприятия - "Сименс", "Нокиа", "Тойота" - также может быть отнесена к интеллектуальной собственности, так как может приносить дополнительную прибыль.

Для того, чтобы получить эту прибыль, необходимо соблюсти условия:

- узаконить наличие интеллектуальной собственности, то есть надлежащим образом оформить права на неё;

- 
- отразить наличие интеллектуальной собственности в бухгалтерском учёте предприятия.

Хозяйствующему субъекту любой формы собственности необходимо уметь грамотно анализировать ситуацию на рынке продукции (услуг), вести учет тенденций спроса на свои разработки или продукцию (услуги), закреплять за собой рыночную «нишу» и быть серьезно подготовленным в области предпринимательской деятельности, маркетинга, знать правовые, юридические основы отношений с партнерами.

Тактика игнорирования подобных действий неизбежно обернется для предприятий в будущем полной потерей конкурентной способности их продукции на внешних и внутренних рынках.

Процесс коммерциализации инновационной сферы условно можно свести к следующему:

- в активном выходе предприятий, фирм, организаций на рынок научно-технической продукции;
- в умении найти своего покупателя, овладеть искусством предпринимателя, т.е. самому искать заказчика (потребителя) для своей идеи или разработки;
- в умении рекламировать их;
- в умении писать в журналы, пробиваться на телевидение и т.д.

Интеллектуальная собственность является объектом собственности, которым можно не только владеть, пользоваться и распоряжаться, но и (при правильном документальном оформлении) использовать в уставном фонде и в хозяйственной деятельности предприятия в качестве нематериальных активов.

Использование интеллектуальной собственности в уставном фонде позволяет предприятию и авторам - создателям интеллектуальной собственности получить следующие практические преимущества:

- сформировать значительный по размерам уставный фонд без отвлечения денежных средств и обеспечить доступ к банковским кредитам и инвестициям (интеллектуальную собственность можно использовать наравне с другим имуществом предприятия в качестве объекта залога при получении кредитов);
- амортизировать интеллектуальную собственность в уставном фонде и заместить интеллектуальную собственность реальными денежными средствами (капитализировать интеллектуальную собственность). При этом амортизационные отчисления на законных основаниях включаются в себестоимость продукции (не облагаются налогом на прибыль);
- авторам и предприятиям - владельцам интеллектуальной собственности участвовать в качестве учредителей (собственников) при

---

организации дочерних и самостоятельных фирм без отвращения денежных средств.

Использование интеллектуальной собственности в хозяйственной деятельности позволит:

- документально подтвердить права собственности и поставить объекты интеллектуальной собственности на баланс в качестве имущества предприятия. Это дает возможность производить амортизацию интеллектуальной собственности и образовывать соответствующие фонды амортизационных отчислений за счет себестоимости продукции;

- получить дополнительные доходы за передачу прав на использование объектов интеллектуальной собственности, а также обеспечить обоснованное регулирование расценок на продукцию инновационной деятельности предприятия в зависимости от объема передаваемых прав на использование интеллектуальной собственности;

- выплачивать авторское вознаграждение физическим лицам (авторам) минуя фонд оплаты труда с включением затрат в себестоимость (без традиционных отчислений в страховые и иные фонды и без ограничения размеров выплат с отнесением затрат на выплату авторского

вознаграждения на статью себестоимости продукции - "прочие расходы").

В настоящее время на предприятиях Республики Казахстан удельный вес нематериальных активов в общей массе всех активов значительно ниже, чем на аналогичных предприятиях в странах с развитой рыночной экономикой. Следовательно, и практического опыта в организации учета и оценки нематериальных активов у предприятий нашей страны еще не достаточно.

Инвестиции в нематериальные активы окупаются в течение определенного периода за счет дополнительной прибыли, получаемой предприятием в результате их использования, а также за счет амортизационных отчислений. Однако в последнее время растет экономический интерес к повышению доходности предприятия за счет использования исключительного права предприятия на результаты интеллектуальной деятельности.

Выводы:

1. Условия рыночной экономики и конкуренции, обуславливающие переход предприятий к инновационной стратегии развития, требуют от менеджеров хозяйствующих субъектов принятия качественного нового типа решений. В связи с этим изменяются информационные потребности руководящего звена организаций. В этих условиях возникает необходимость адаптации управленческого учета к специфическим информационным потребностям инновационного менеджмента.

---

2. Определение предмета и целей исследования позволяет сделать вывод о том, что в качестве объекта управленческого учета инновационный процесс представлен совокупностью хозяйственных операций и явлений, охватывающих жизненный цикл новшества, рассматриваемых как единый процесс разработка-внедрение-функционирование новшества и отражаемых в регистрах финансового, производственного и управленческого учета как движение активов предприятия и источников их формирования.

3. Основными направлениями инновационной деятельности являются использование новой техники, технологических процессов или нового рыночного обеспечения производства, внедрение продукции с новыми свойствами, использование нового сырья, изменения в организации производства и в его материально техническом обеспечении, появление новых рынков сбыта. Управленческий учет данного сегмента деятельности организации должен быть ориентирован на числовое описание этих традиционных производственных факторов в их инновационном аспекте.

4. Управленческий учет инновационного процесса на предприятии должен быть ориентирован на полное удовлетворение информационных потребностей менеджеров по инновациям и инновационных подразделений венчурного типа. Качественное содержание формируемого информационного потока, выходит за пределы учетных регистров.

Информация для принятия управленческих решений в области инноваций должна содержать учетные и неучетные, внутренние и внешние, количественные и не количественные данные, необходимые конечным пользователям.

5. Эмпирической основой управленческого анализа инновационной деятельности является оценка динамики исходных показателей, характеризующих полученные доходы, понесенные расходы и имущество, используемое в инновационном процессе и ее влияния на динамику итоговых показателей финансово-хозяйственной деятельности предприятия.

#### **Использованные источники:**

1. <http://www.aup.ru/books/m23/>, Г.Я.Гольдштейн, Инновационный менеджмент
2. Постановление Правительства Республики Казахстан от 1 августа 2011 года № 892 Об утверждении Стратегии развития акционерного общества «Национальный научно-технологический холдинг «Парасат» на 2011 - 2020 годы
3. Статистический ежегодник «Казахстан в 2010 году», Астана 2011. -480 с.



- 
4. Стратегия индустриально - инновационного развития Республики Казахстан до 2015 г. (Утверждена Указом Президента Республики Казахстан, №1096 от 17.05.2003 г.)
  5. Хорнгрен Ч.Т., Фостер Дж. Управленческий учет: Пер. с англ. / Под ред. О. Пинус, М. Каверин, - М.: Экономика и финансы, 2008. - 1008 с.
  6. Бухонова С.М., Дорошенко Ю.А. Методика оценки инновационной активности организации // Экономический анализ: теория и практика. 2005. № 1. С. 2 – 8.

### **Резюме**

Басқару есептегі инновациялық жолдары, ұйымға жаңа талаптары, кәсіпорынды басқарудың формаларға және әдістеріне осы бапта қаралады. Ұйымның дамуы мақсатқа жету бойынша стратегиялық қоюлар және тактикалық шешімдердің қабылдануды процесі негізінде жататын инновациялық қызметтің процессіндегі ақпарат базаны құрастыруды маңызды рөл зерттеледі.

### **Summary**

In this article the innovative going in an administrative account, new requirements is examined near organization, forms and management methods by an enterprise. The key role of forming of informative base is investigated in the process of innovative activity, which is the basis of process of acceptance of strategic options and tactical decisions on the achievement of aims of development of organization.

*Масабаева А.М.  
Д.А Қонаев атындағы Университетінің  
«Қаржы және есеп» кафедрасының  
оқытушысы*

## **Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар нарығының даму болашағы**

Қазіргі кезде республикада бағалы қағаздар нарығы қалыптасып келе жатыр. Оның даму жолында алғашқы іс- шаралар жүргізілуде. Бюджеттің кемшілігі толтыру мақсатында мемлекет бұрынғыдай ақша белгілерін шығармай, оның орнына мемлекеттік бағалы қағаздары, мысалы, мемлекеттік органдарының және жергілікті әкімшіліктердің бағалы қағаздар шығаруда. Алайда, бағалы қағаздар нарығын дамыту жолында шешуін талап ететін экономикалық және әлеуметтік – психологиялық мәселелер баршылық [1, 30-32б]. Экономикалық мәселелерді 1-суреттен көре аламыз.




1-сурет. Экономикалық мәселелер

Ал, әлеуметтік – психологиялық мәселелерге бағалы қағаздар нарығында маман кадрлардың аздығы мен халықтың инвестициялық белсенділік төмен деңгейлігі жатады. Бұл мәселелер халықтың басым көпшілігінің бағалы қағаздар нарығының мәнін түсінбеушілігінен және өздерінің уақытша бос ақшаларына бағалы қағаздарды сатып алуға психологиялық дайындығының жоқтығынан туындайды [2].

Бағалы қағаздар нарығына мамандарды Бағалы қағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссияның іспен шұғылдануға рұқсат берген Оқу орталықтары дайындалған болатын. Олардың жұмысын Ұлттық комиссия төрағасының жарлығына сәйкес құрылған Аттестациялық комиссия үйлестіріп отырды. Оның құрамына Ұлттық комиссияның бір мүшесі басқарушысы болып, ал мүшелері және хатшысы болып Бағалы қағаздар нарығын реттейтін бас басқарманың мамандарының кірген. Оқу ойдағыдай бітіріп, мамандақ туралы бірінші санатта куәлік алған 1500- дей адам брокерлік, дилерлік іспен айналысуға құқық алып, қызмет атқаруда.

Әлемдік нарықта бағалы қағаздар нарығының негізгі үш үлгісі бар  
2- сурет.



2-сурет. Бағалы қағаздар нарығының үлгісі

Қазақстанның орталықтанған жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өтуі қоғамдық өндірістің сипатын өзгертуде. Олар меншік қатынастары шаруашылық субъектілерінің құрлымы мен оның қызмет көрсету механизмі: олардың өзара қаржылық байланыстарының формалары; қоғамның барлық топтарының шаруашылық нәтижесіне мүдделілігінің дәрежесі [3, 676].

Бағалы қағаз нарығы субъектілерінің қатынастары экономикалық құқықтық механизмге негізделеді. Бұл бағалы қағаздардың материалдық түр ретінде оның маңызын дәлелдейді. Бірақ бағаны қағаздардың маңызы онымен шектеліп қоймайды. Бағалы қағаздар кез келген мемлекеттің төлем айналымында маңызды орын алады, себебі олар арқылы мемлекеттің инвестициялық қызметі жүзеге асырылады. Бұл күрделі қаржы тікелей халық шаруашылығының ең тиімді саласына жіберледі, яғни оларды нарық жүйесіндегі субъектілер ғана оны алады. Өзінің ұйымдық және құрылымдық ерекшеліктеріне орай болғаны қағаздар қаржы институттары, қаржы ережелермен қатар мемлекеттің қаржы жүйесінің тұтас бір бөлігін құрайды. Бағалы қағаздар ақша түріндегі капиталға да, заттай капиталға да меншік құқын бекітіп тек бағалы қағаздар арқылы ғана мемлекеттік меншікті акционерлік қоғамдардың, яғни жеке меншік иелері - халықтың меншігіне айналдыру мүмкін. Бағалы қағаздар нарығына өзіне тән жүйесі қалыптасады.

Қазақстан Республикасының мемлекеті бағалы қағаздар нарығын құру және оны одан әрі өріру мақсатында қажетті шараларды жасауда. Қазақстандағы меншікті мемлекет иелігінен алу және жеке меншіктендірудің Ұлттық бағдарламасы бағалы қағаздар нарығының негізгі элементтерін құру процесін жеңілдетті. Бағалы қағаздар нарығының механизмі экономиканың барлық субъектілеріне инвестиция көздерін алуға мүмкіндік жасайды. Акция шығару осы ресурстарды шектеусіз алуға мүмкіндік туғызса, ал облигация шығару ақша ресурстарын оларды банктерден алудан гөрі тиімді жағдайда алуға

---

мүмкіндік береді. Мемлекет бюджет кемшілігін толтыру мақсатында да ақша белгілерін эмиссияламай мемлекеттік бағалы қағаздар шығарумен шұғылданады. Бағалы қағаздар нарығының күрделі ұйымдық экономикалық жүйесі көптеген өзара байланысты болады. Бағалы қағаздарды шығару және сол қағаздар нарығындағы операцияларды меңгеру міндеті пайда болғанын айқындайды. Сондықтан бағалы қағаздармен қызмет жасайтын жоғары білімді мамандар дайындау уақыт талабы. Бағалы қағаздар қор биржалары және коммерциялық банктер туралы ғылым кең тараған. Тәжірибені зерттеп және өз мемлекетіміздегі қазіргі қажеттілікті ескеріп, бағалы қағаздар нарығы туралы осы оқу құралының құрылымы жасалды. Бағалы қағаздар нарығының теориялық және методологиялық негіздерімен қатар білім көлемін беру [4, 89-92б].

Қазақстандық бағалы қағаз нарығының дамуының стратегиялық мақсаттарын анықтауда, экономиканың даму болашағының мақсаттары мен қағидаларын, сондай-ақ экономикалық-элеуметтік факторларды ескеру міндетті. Осыған орай, бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу белсенді сипатта болуы шарт. Сонымен қатар, реттеу экономикалық субъектілердің қызметтеріне жағымды жағдайларды құруға, нақты экономикаға инвестицияларды тартуға бағытталуы керек.

Бағалы қағаздар нарығын дамытудың стратегиялық міндеттерін айқындау кезінде негізгі шарт – бұл қандай нарыққа жетуіміз керек деген сауалға жауап іздеу. Себебі, әр түрлі елдерде бағалы қағаз нарығының сипаты да әр түрлі. Бір елде, негізінен мемлекеттік бағалы қағаз орын алып, мемлекеттің рөлін артуға бағытталады. Әлде, нарықта корпоративтік бағалы қағаздар аса ауқымды орын алуы мүмкін. Әр мемлекеттің өз сипатына қарай, бағалы қағаз нарығы да бір-бірінен ажыратылады.

Қазіргі қазақстандық тәжірибеде, бағалы қағаз нарығы бағалы қағаздарды сату мен сатып алу орын ретінде түсінеді. Сондықтан да, тиімді бағалы қағаз нарығын құруда бағалы қағаздардың максималды өтімділігін қамтамасыз етуге бағытталған шарт. Бағалы қағаздардың максималды өтімділігі ретінде сандық көрсеткіштер арқылы анықталады, яғни нарықтың айналымы, спред өлшемі, саудаға түскен бағалы қағаздардың саны, мәміле жасау жылдамдығы, инвесторлар саны және т.б. көрсеткіштер. Бірақ, бұл бағыт бағалы қағаз нарығының дұрыс құрылған механизм кезінде ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Әр түрлі себептерге байланысты, Қазақстан осы бағытқа әлі жетпеген [5, 90-91б].

Қазақстан жағдайында, бағалы қағаз нарығы дамуының стратегиялық мақсаты ретінде – қазақстандық экономикаға капиталды тарту мен қайта бөлу арқылы, ішкі инвестициялық белсенділікті ынталандыру мен республиканың әлемдік деңгейде позициясын тұрақтандыру механизмін құру болып табылады. Тактикалық шаралар негізінде, интраверттік нарықтан, яғни өз шеңберінде даму,

---

экстраверттік нарыққа, яғни экономиканың нақты сектордың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуы жөн. Мұнда, бір жағынан, нарық инвесторларға максималды түрде ашық болу, екінші жағынан, эмитенттерге капитал тарту құралы ретінде өзекті болуы тиіс.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Берденов Қ. Қазақстан мемлекет ретінде қалыптасуы мен экономиканың дамуы. – Алматы, 2009 ж. 30-32, беттер
2. Назарбаев Н.Ә., Қазақстан-2030, Қазақстан халқына жолдауы
3. Сахариев С.с., Сахариева А.С., Әлем экономикасы, оқулық 1 бөлім, 2003 67 бет
4. Ихданов Ж.О., Орманбеков Ә.О., Экономиканы мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері 2002ж, 202 б. 89-92-беттер.
5. Ақша, несие, банктер. Оқулық Алматы-2001ж. 186б. 90-91-беттер.

#### **Резюме**

В этой статье говорится об изменении стиля общественного производства путем перехода центральных частей Казахстана с плановой экономики в рыночную экономику. Развитие рынка ценных бумаг Республики Казахстан и проблемы в их развитии.

#### **Summary**

In this to the article speaks about changes style social production by means of passage central parts Kazakhstan with planned economics in market economics. The development of market valuable papers Republic Kazakhstan and problems in their development.

*Масабаева А.М.*

*Д.А Қонаев атындағы Университетінің  
«Қаржы және есеп» кафедрасының  
оқытушысы*

### **Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздардың экономикалық мәні**

Қазақстан Республикасының құнды қағаздар нарығы туралы заңдылығы Қазақстанның Конституциясына негізделген және ҚР Азаматтық кодексінен, 2-шілде 2003 жылғы «құнды қағаздар нарығы туралы» Қ.Р заңынан және басқа ҚР нормативтік құқықтық актілерден тұрады. Егер де Қазақстан Республикасы қол қойған келісімшарттарда заңда қарастырылғаннан басқа ережелер бекітілген болса, онда халықаралық келісімшарт ережелері қолданылады [1].

---

Қазақстанда Азаматтық құқықтағы бағалы қағаздарды толық қалыптастыру үшін ұлттық өндіріс пен ішкі ұлттық нарық жүйесін қалыптастырып тереңдету керек. Қазақстан экономикасының өндірістік құрылымын қайта құрып жетілдіру мәселесі тұрғындардың қолындағы сақталған қаржы ресурстарын жұмылдырып экономиканың реалды секторына жұмсауды қажет етеді. Кіріс министрлігі мен Салық комитеті мамандарының пікірінше Қазақстан тұрғындарының қолында айналымға тартылмаған 2-3 млрд доллар нақты қаржы қорлары бар екен. Осы қорларды инвестицияға айналдыру үшін Қазақстандағы банкілердің мүмкіншілігін нығайтып, олардың салымшыларға беретін сақтандыру кепілдіктерін (гарантия) жоғары деңгейге көтеру қажеттілігі туындап отыр. Соңғы кездері Қазақстандағы ең ірі коммерциялық банктер келісімге келіп, банкаралық сақтандыру қаржы қорын құру саясатын іске асырмақшы. Қазақстанда тұрғындар өз қаржы-қаражатын негізінен Халық банкісінде сақтайтыны белгілі. Банк басқармасы тұрғындардың салымдарын сақтап, олардың тұрақты түрде өсімін қамтамасыз ету мақсаттарында, Қазақстанда тұрақты жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар акцияларын сатып алу құқығын алуға ниет білдіріп, қажетті құжаттар дайындап оларды заңдастыруға күш салып отыр[2].

Қазақстанда тұрғындардың сақталған қорларын банк және құнды қағаздар арқылы жұмылдырып өндіріске тарту, оның құрылымын жетілдіру үшін инвестициялау бүгінгі күні ең ұтымды саясат бағыты ретінде танылып отыр. Шетелдік капитал өздеріне қажетті Қазақстанның шикізат-энергетика өндірісіне жұмылуда. Қазақстанның ішкі қажеттіліктерін өтейтін жеңіл өнеркәсіп, машина жасау, дайын өнім өндіру салаларына шетелдік инвестициялар бармай отыр. Сондықтан өзімізге қажетті өнімді өндіру саласына негізінен ішкі қаржы ресурстарын жұмылдырып қарастыруға болатыны түсінікті болған сияқты. Егер ішкі өндіріс көтерілсе, онда ішкі ұлттық нарық қалыптасады, кәсіпорындар мен тұрғындардың табысы өседі, ал бұл болса Қазақстанда ішкі ұлттық капиталдың қорланып өсуіне жол ашады, осының негізінде құнды қағаздар нарығы да тиімді қызмет атқаратын болады.

Ұлттық экономиканың өсіп-өркендеуі ішкі өнімнен түсетін таза табыстың Қазақстан банкілерінде сақталып, Ұлттық қаржы-капитал резервтерінің шоғырлануына байланысты келеді. Қазақстанда шикізат өнімдерін экспортқа өндіретін ең ірі өнеркәсіп органдары шетелдік компаниялардың басқаруында екені белгілі. Мамандардың айтуына қарағанда, осы шетелдерге басқаруға берілген компаниялардан бюджетке салық түрінде табыс өте аз көлемде түсетін болған. Мұның негізгі себебін білетін мамандар былай түсіндіреді: Қазақстанда жұмыс істейтін компаниялардың шет негізінен офф-шорлық аймақтарда

---

тіркелген филиалдары бар. Қазақстандағы компаниялар шикізат өнімдерін екі есе төмен бағамен өздерінің шетелдік филиалдарына өткізеді екен, ал соңғылары

Қазақстан экономикасына көптеген есепке алынбаған және көзге көрінбейтін зиян келтіреді екен [3, 68-70 б].

*Біріншіден*, бюджетке қажетті табыс түспейді, *екіншіден* ішкі өнімнен түскен таза табыс шетелге кетіп, Қазақстан банкілерінің ресурстарын шектейді, олар өздеріне қажетті қаржыны шетелден тартуға мәжбүр болады.

Соңғы кездері Қазақстан Үкіметінің құрамында Кіріс министрлігі құрылғаны және Салық комитетінің міндеттері мен құқығы кеңейтілгені белгілі. Соңғы мәліметтерге қарағанда, Кіріс министрлігі Қазақстандағы ең ірі деген 100 кәсіпорынды өзінің тұрақты бақылауына алған көрінеді.

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногының объектілеріне:

1) Қазақстан Республикасы резиденттерінің — ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары;

2) Қазақстан Республикасының резиденті емес - ұйымдардың шығарылымы шет мемлекеттің заңнамасына сай тіркелген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары;

3) Қазақстан Республикасының резиденттері — ұйымдардың шығарылымы шет мемлекеттің заңнамасына сай тіркелген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары;

4) халықаралық қаржылық ұйымдардың Қазақстан Республикасында ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногына айналысқа жіберілген эмиссиялық бағалы қағаздары;

5) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар;

6) туынды бағалы қағаздар;

7) өзге де қаржылық құралдар жатады.

Мемлекеттік және мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару Қазақстан Республикасының тиісті заңнамалық актісінде белгіленген талаптар мен тәртіп негізінде уәкілетті орган жүзеге асыратын міндетті мемлекеттік тіркеуден өтеді. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік және коммерциялық банктер бағалы қағаздар рыногында эмиссиялық, инвестициялық, кәсіби қызметтерін және бағалы қағаздар рыногына көрсететін қызметіне байланысты басқа да операцияларды жүзеге асырады.

Сонымен қатар Екінші деңгейлі банктер бағалы қағаздар рыногына қызметтер көрсету барысында тиісті тұлғаларға бағалы қағаздар сатып алуға қажетті банктік кредиттер береді, облигациялар мен өзге де бағалы қағаздар шығару бойынша банктік кепілдік береді; эмитенттердің төлемдік агенттері функциясын орындайды; кепілге қойылған бағалы қағаздарға орай банктік кредит береді;

---

бағалы қағаздар рыногы қатысушыларының банктік шоттарын жүргізеді; бағалы қағаздар рыногындағы операциялардың қорытындысы бойынша ақшалай есеп айырысуды жүзеге асырады.

Екінші деңгейлі банктер бағалы қағаздар рыногындағы тиісті (кәсіби) операцияларын тек уәкілетті мемлекеттік орган беретін лицензия (лар) негізінде жүзеге асыра алады.<sup>1</sup>

Бағалы қағаздар рыногындағы банктер өз клиенттеріне қызметтер көрсету процесінде аталмыш рынокка байланысты коммерциялық және операциялық қызмет құпиясын құрайтын мәліметтердің жарияланбауына, сондай-ақ бөтен тұлғалардың пайдалануына жол бермеуге мүмкіндік беретін талаптардың сақталуын камтамасыз етуге міндетті.

Бағалы қағаздар рыногының мәні өндірістің құлдырауына жол бермеуде және қаржы жүйесінің сауықтандырылуында маңызды мағынаға ие. Бұл рыноктың дамыған сатысында қоғамдық өндірістің тиімді құрылымы пайда болып, тапшылықсыз экономика жүзеге асады. Қоғамдық өндіріс көбіне қоғамдық сұранысқа сәйкес келеді. Бағалы қағаздарды шығарушы өндірісін кеңейтуге мүмкіндік беретін қосымша ресурстары болғанда ғана пайда табады, өндірістің эмитентпен кеңейтілуі және кәсіпорын табыстылығы дәрежесінің жоғарлауы осы кәсіпорынның, бағасы күнделікті өсіп отырған акцияларын иеленетін инвестор үшін тиімді болып табылады.

Сонымен, бағалы қағаздар нарығы ұлттық экономиканы дамытуда қолданылатын өте қуатты да икемді құрал екені белгілі. Сонымен қатар, бұл өте өткір құрал, оны дұрыс падалана білу қажет. Оңтүстік - Шығыс Азия, Латын Америкасы елдерінде керек десеңіз, көрші Ресейде қалыптасқан қаржы дағдарыстарының тәжірибесі көрсетіп отырғандай, құнды қағаздар арқылы капитал қаншама тез және ауқымды көлемде шоғырланған болса, сонша аз уақытта және болжауға келмейтін тосын жағдайларға байланысты тарап кетеді екен [4].

Қазақстанның болашағы, экономикалық - әлеуметтік дамуы өзінің қолындағы табиғи ресурстары мен байлығын дұрыс та ұтымды пайдаланып, іске асыруына байланысты екені белгілі. Қазақстан кәсіпорындары шығарған акциялар болсын, Қазақстан банкілерінің қаржылық қағаздары болсын, Үкіметтің міндеттемелері болсын, барлық бағалы қағаздар құнын, түптеп келгенде, Қазақстанның табиғи ресурстары анықтайды деуге болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. "Құнды қағаздар және қор биржасы туралы" №2227 Президенттің заң күші бар жарлығы 2005 жылғы 21 сәуірде. Оған: 2005ж. 12.05. №2672; 2006ж. 12.23. №2720 - заңдарымен өзгерістер енгізілген.



---

2. "Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы" ҚР Президентінің Заң күші бар Жарлығы. 30 наурыз, 2009 ж.

3. Көшенова Б.А. Бағалы қағаздар нарығы және биржа ісі. Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2007ж – 374б 68-70,беттер.

4. www.kase.kz

### Резюме

В этой статье рассказывается об экономической ценности ценных бумаг в Республики Казахстан. Роль ценных бумаг в нашей стране. Занимаемое место ценных бумаг в национальной экономике.

### Summary

In this to the article tells about economic value valuable papers in Republics Kazakhstan. Roles valuable papers in our to country. Borrowing the place of valuable papers in national economics.

*Нұрымбетова Б.И.*

*Д.А. Қонаев университетінің*

*«Қаржы және есеп» кафедрасының аға оқытушысы*

## **Банктік кредит портфелін қалыптастыру және бақылау**

Банк табысының негізгі көзі – кредит портфелі болып табылады. Кредит портфелі банк табысының басты көзі бола отырып, активтерді орналыстыру кезінде тәуекел көзі болады. Банктің тұрақтылығы, беделі мен қаржылық сәттілігі банк портфелінің құрылымы мен сапасына байланысты. Сондықтан, банктердің барлығында портфелдегі қарыздарың сапалылығына бақылау, тәуелсіз сараптама және қабылданған стандарттар мен банктің несие саясаты мақсатынан анықтау жүргізіледі.

Қазақстанда соңғы кезде «Кредит нарығының жай-күйі және өлшемдерінің болжамын» кезекті тексеру нәтижелері екінші деңгейдегі банктердің кредит портфелі сапасының нашарлау қарқынының төмендеуіне қарамастан қатаң кредиттік саясатты жүргізгендігін көрсетті. Бұл ретте қаржы емес ұйымдар бұрынғысынша айналым қаражатын толықтыру және бұрын алған кредиттерін қайта құрылымдау үшін кредиттік ресурстарды тартуды қалайды. Жеке тұлғаларға келсек, банктер ипотекалық заемдар беруге қарағанда көбіне тұтынушылық кредиттеуді қалайды. Проблемасы бар заемшылармен белсенді жұмыс жалғастырылды, бұл ретте заемшылардың жай-күйіне жан-жақты мониторингке үлкен назар аударыла бастады.

Шын мәнінде кредиттік портфелге байланысты жағдай 2010 жылы онша қолайлы бола қойған жоқ. 2010 жылдың деректері бойынша банктердің экономиканы кредиттеуі 2,0%-ға азайып, 7494,6 млрд.

---

теңгені құрады. Бұл ретте кредиттеудің төмендеуіне негізінен валюталық қарыз алу сегментіндегі кредиттік белсенділіктің құлдырауы ықпал етті. Ал 2009 жылдың қаңтар-қараша айларында ұлттық валютадағы кредиттердің көлемі 7,9%-ға көтерілген, ал шетел валютасында –12,5%-ға төмендеді. Нәтижесінде теңгемен берілетін кредиттердің үлес салмағы 2010 жылдың қарашасында 2009 жылдың желтоқсан айымен салыстырғанда 51,6%-дан 56,8%-ға дейін көтерілді.

Валюталық кредиттеудің төмендеуіне валюталық түсімі жоқ заемшыларға кредит беретін банктерге қойылатын талаптарды қатаңдатуға бағытталған Ұлттық Банк ынталандырмау саясаты ықпал етеді. Сондай-ақ көрсеткішке осы заемның түріне тұтынушылық сұраныстың төмендеуі және валюталардың бағамдық ауытқуларына байланысты туындайтын тәуекелдердің болуы ықпал етеді.

Өз тарапынан Ұлттық Банк қарауындағы ақша-кредит саясаты құралдарының көмегімен банктердің кредиттік белсенділігін ынталандыру бойынша барлық мүмкіндіктерін іс жүзінде пайдаланып болды. Қазір біздің бұл бағыттағы жұмысымыз көбінесе басқа аспектілерге негізделіп отыр. Мәселе мынада: кредиттік портфельдер сапасының қанағаттанарлықсыз болуы қазақстандық банктердің басты проблемасы болып отыр. Портфельдердің сапасы өз кезегінде банктердің кредиттік саясатын белгілей отырып оларды жаңа тәуекелдерді қабылдау кезінде тежейді. Яғни олардың заемшыларға қойылатын талаптарын жұмсарту саясатын тежейді. Ал бұл, әрине жаңа заемдар беруді шектейді.

Осыған қарамастан Ұлттық Банк әртүрлі іс-шараларды дайындау және банктердің кредиттік портфелінің сапасын жақсартуға және сапасыз активтермен проблемаларды шешуге бағытталған заңнамаға өзгерістер енгізу үдерісіне белсенді қатысады.

Атап айтқанда, Үкіметтің екінші деңгейдегі банктердің активтерінің сапасын жақсартудың қадамдық жоспарын әзірлеу жөніндегі бастамасы туралы сөз болып отыр. Бұл жоспар бес жылдық кезеңге есептелген. Бұл жерде сондай-ақ, Ұлттық Банктің бастамасы бойынша Салық кодексіне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы сөз қозғалды. Атап айтқанда, біз Салық кодексінің 90-бабын 2-1-тармақпен толықтыру қажет деп санаймыз, мұнда борышкерге қойылатын талаптардың мөлшерін азайту кезінде бұрын шегерімге жатқызылған провизиялар (резервтер) сомаларын төмендету кіріс деп танылмау үшін негіздер кеңейеді. Бұл түзету үмітсіз берешек сомаларын есептен шығару не қайта құрылымдау кезінде банктер үшін салық шығындарын төмендетеді және банктердің проблемалы кредиттерден тазару үдерісін жылдамдатады [1].

Ұлттық Банктің сайтында кредиттеу мәселелері бойынша жүргізілген интерактивті пікіртерімінің нәтижелеріне келетін болсақ, мұндай пікіртерімдер (оларды біз әртүрлі тақырыптар бойынша жүргізіп

---

отырамыз) әртүрлі пікірлерге мониторинг жүргізуге және сайтты пайдаланушылардың қандай болсын мәселеге деген көзқарасын жедел байқауға мүмкіндік береді. Бұл ақпарат кейбір жағдайда субъективті болуына қарамастан назарға алынады және Ұлттық Банктің шешімдерін қабылдаған кезде ескеріледі.

Тұтастай алғанда, банктер қазіргі кезде бірте-бірте сапасын жақсартуға қатысты салыстырмалы түрде болашағы бар заемшылардың кредиттерін «күтқаруға» және келтірілген зияндарды тануға және сапасы алдын ала болжам бойынша қайта құрылымдауды жүргізгеннен кейін жақсармайтын заемдар бойынша кепілдерді иелігінен алуға бағытталған тактикаға көшіп отыр. Бұл ретте соңғы жағдай бойынша банктер тексеріліп отырылған кезеңде кепілді мүліктің жалғасып отырған құнсыздануына байланысты, оның ішінде жылжымайтын мүлік бағасының төмендеуі есебінен келтірілген зиянды тануға дайын.

Барлық мүмкіндігі бола тұра, дағдарыс пен басқа факторларға сілтеме жасай отырып кредитке қызмет көрсетуден бас тартып отырған заемшылар (жеке тұлғалар) сегментінің пайда болғанын жеке атап өтуге болады. Мұндай заемшыларға қатысты банктер қатаң шараларды қолдануға, тіпті сот процесстеріне дейін және адал емес заемшылармен жұмыс жүргізуге маманданған басқа ұйымдарды тартуға дейін мәжбүр болып отыр. Коллекторлық агенттіктермен негізінен ірі және орта банктер жұмыс істейді; кішігірім банктер үшін заемшылар санының шектеулі болуына байланысты көбіне проблемасы бар заемшылармен өздігінен жұмыс жүргізу дұрыс [2].

Кредит нарығының жағдайы және параметрлерінің болжамы банк қызметін көрсету нарығында негізгі үрдістерді талдау үшін кредиттік ресурстар сұраныс пен ұсыныстың сапалық параметрлерін зерттеу әдістерінің маңыздылығы бар болған сайын жоғарылауда. Бұл ретте сапалық параметрлер толықтырады, ал кейбір жағдайларда белгілі бір уақыт аралығында қалыптасқан сандық деректерді түсіндіреді. Осындай параметрлер мониторингі мақсатында сауалнама төмендегілерді жан-жақты бағалау үшін ақпараттың маңызды көзі ретінде қызмет етеді:

- 1) кредиттік ресурстар сұранысын және ұсынысын айқындайтын факторларды;
- 2) кредиттік өтінімдерді қарау кезінде банктер ескеретін тәуекелдері;
- 3) кредиттеу нарығы дамуының күтулерін;
- 4) баға құру және кредиттер беру кезінде ескерілетін бағаға жатпайтын параметрлер (кепіл, кредиттік желінің ең жоғары сомасы, мерзімі және т.б.) саясаттарын;
- 5) тәуекелдерді басқару саясатын.

Тексеру нарықтың сандық параметрлерін, қаржы тұрақтылығын айқындайтын факторларды талдау үшін қажетті ақпарат береді, сондай-

---

ақ ақша-кредит саясаты және болжау саласында шешімдер қабылдағанда ескерілуі мүмкін.

Кредит портфелі банк табысының және активтерді орналастыру кезіндегі тәуекелдің басты көзі қызметін атқарады. Банк портфелінің құрылымы мен сапасының жақсы болуы, банктің орнықтылығы, оның репутациясы мен қаржылық сәттілігіне әсерін тигізеді. Сондықтан, банктердің барлығында портфелде бар қарыздардың сапасына бақылау, қабылданған стандарттар мен банктің несиесаясатының мақсатынан ауытқу жағдайларын анықтау және тәуелсіз сараптама жүргізіледі. Кредит қызметкерлері мен жоғарғы қызметкерлер нақты салалар мен жеке қарыз алушылардағы капиталдың шамадан тыс шоғырлануын анықтау мақсатында кредит портфелінің құрамын, сонымен қатар банк жағынан араласуды қажет ететін проблемалық қарыздарды талдайды.

Кредит портфелін қалыптастыру кезінде, банк барлық инвесторларға қатысты жалпы принципті ұстануға тиіс. Ол жоғарғы табысты және аса тәуекелді салымдарды несиелеудің төмен тәуекелді бағыттарымен байланыстыру.

Кредит тәуекелі- бұл қарыз алушының негізгі қарыз бен пайызды төлемеу тәуекелі немесе несиесі контрагентінің өзіне қатысты алынған міндеттемелер бойынша әрекет ете алмауы. Пайызды төлемеу кезінде, банк өзінің табысын жоғалтады, негізгі қарыздың қайтарылмауы кезінде, банк сенімсіз несиені шығынға жатқызады да, осы несиесі бойынша залал шегеді. Кредит тәуекелін төмендетудің мынадай жолдары бар:

- 1) кредит портфелін диверсификациялау;
- 2) қарыз алушының несиені өтеу қабілеті мен төлем қабілеттілігіне алдын ала талдау жүргізу;
- 3) кредит қайтарымдылығын қамтамасыз ету әдістерін қолдану (кепілдік, кепілгерлік, кепіл, цессия, сақтандыру);
- 4) қарыз бойынша мүмкін болатын жоғалтуларға резервтерді қалыптастыру.

Кредит портфелін диверсификациялау – бұл бірнеше бағыт бойынша несиесі тәуекелін азайту, бөлу. Банктер бір ғана қарыз алушыны немесе бірнеше ірі қарыз алушыларды несиелендіруді немесе бір – бірімен байланысты қарыз алушыларды тобына ірі несиені беруді шектеу керек.

Кредит портфелін диверсификациялау ережесі: кредитті түрлі экономика салаларынан әр түрлі кәсіпорындарға аз сомада қысқа мерзімге және қарыз алушылардың көп бөлігіне беру. Тәуекелді төмендетудің қосымша шарты ретінде қарыз қайтарымдылығын қамтамасыз ету тәсілдері негізінде несиесі қайтарымдылығын қамтамасыз етуді диверсификациялауды қолдану қажет, яғни кепілдік, кепіл,

---

кепілгерлік, сақтандыру. Осы ережені сақтау несиені мәлімесі мүмкін болатын жоғалтуларды басқа несиені мәлімесінен түскен пайда арқылы өтеуге мүмкіншілік береді [3].

Кредит портфелінің жағдайына бақылауды жүргізеді:

- кредит бөлімшелерінің жауапты қызметкерлері;
- кредит бөлімшелерінің жетекшілері және филиалдың директорлары;
- Басқарма төрағасының орынбасары;
- банктің Кредит Комитеті;
- банк Басқармасы.

Кредит портфелі жағдайы туралы есеп Кредит Комитеті мен банк Басқармасына тұрақты түрде ұсынылады.

Кредит портфелін бақылау бағдарламасы банк түріне, оның мамандандырылуына, несиені өтеу қабілетін бағалау әдісіне байланысты. Қарызды тексеру қаржылық есепті қайта талдауда, қарыз алушы кәсіпорынның келуінде, құжаттарды тексеру, қамтамасыз етуде болуы мүмкін. Бақылау тексерісі кезінде банктің кредит саясатының мақсаттары мен нұсқауларына қатысты қарыздың сай болуы туралы сұрақтар қайта қарастырылады, клиенттің несиені өтеу қабілеттілігі мен қаржылық жағдайына, операциялардың табыстылығына талдау жүргізіледі.

Банктердің көбі кезекті бақылау тексеріс барысында параметрлер қатары бойынша несиені қорытынды бағалауды көрсететін қарыздарға рейтинг белгілейді. Кейбір әдістемелерде қарыздарға категориялардың біріне сай нөмір белгілейді (1,2,3...). Олар «Ең жоғарғы сапа», «Қанағат», «Маржиналды қарыз», «Сыни қарыз», «Есептен шығаруға жататын залалды қарыз» деп аталады.

Рейтинг бойынша қарыздың жіктелуі банкке кредит портфелінің құрамын бақылауға мүмкіншілік береді. Мысалға, «Сыни қарыз» бұрын қоржынның 1,5 пайызынан кемін құраса, соңғы төңкерістің нәтижесі бойынша 5 пайызын құрады. Кредит портфелінің нашарлау себептерін шешу және жағдайды жөндеуге қатысты шаралар қолдану қажет. Егер сыни қарыздың өсуі нақты шаруашылық саласындағы қарыз алушыға немесе нақты несиені түріне байланысты болса, онда осы қарызды беруді қысқарту керек. Тексеріс негізінде жеке кредит инспекторларының және банк бөлімшелерінің жұмысын бағалауға болады.

Кредиттің жіктелуі несиені басқарудың басты инструменті болып табылады. Себебі, банк тәуекелді жіктейді және кредитті жоғалту мүмкіншілігін, сонымен қатар оларды тиімді басқару жолдарын анықтайды. Клиенттің қаржылық – экономикалық жағдай, оған несиенің негізгі сомасы мен пайызын төлеуге мүмкіншілік бермесе, ал кепілдік құны бұл соманы жабу үшін жетіспеу кезінде, банктің тұрақты жағдайын сақтап қалу үшін резервтерді құру бойынша банкте орынды саясаттың болуы қажет.

---

Банктің несие қызметінен болатын залалды жабуда провизияларды құру керек. Провизияларды құру кезінде мынадай әдістемелер қолданылады:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кредит портфелін жіктеу әдістемесі;

- коммерциялық банктердің кредит портфелін жіктеудің ішкі әдістемесі.

Кредитті жіктеудің критерилері болып мыналар табылады:

- ағымдағы қаржылық ақпараттың, активтер сомасының, олардың айналыс жылдамдығының, өтімділік көрсеткіштерінің, жеке капитал мен қарызға алынған қаражат арасындағы қатынас, жалпы пайда мен таза пайданың пайыздық өсуінің негізінде қаржылық жағдайды талдау;

- банк пен қарыз алушы арасындағы қарым – қатынас, клиенттер несие алудың, оны бекіту кезіндегі айтылатын шартты түсінуі және оны қатал түрде орындауы тиіс;

- банкке берілген кепілдік және несиені кепілдік есебінен өтеу жағдайында оның құны (оның өтімділігі);

- несиенің негізгі сомасын және ол бойынша пайызды уақытылы өтеу.

Келтірілген критерилер несиенің қандай сыныпқа жататынын анықтауға көмектеседі. Кредит сыныбын анықтау кезінде олардың барлығы ескерілуі тиіс. Кредиттің жіктелуі туралы соңғы шешім кредиттің өтелуін нақты болжайды.

По состоянию на 1 января 2011 года совокупный объем пенсионных активов, находящихся в инвестиционном управлении ООИУПА составил 2 260,1 млрд. тенге, увеличившись за 2010 год на 399,3 млрд. тенге или на 21,46%. В инвестиционном портфеле накопительных пенсионных фондов доля государственных ценных бумаг эмитентов РК составляет 44,3% (1 000,6 млрд.тенге) от общего объема инвестированных пенсионных активов и относительно аналогичного показателя по состоянию на 1 января 2010 увеличилась на 33,7% или 252,0 млрд. тенге. Доля негосударственных ценных бумаг эмитентов РК по состоянию на 1 января 2011 года составила 34,03% от общего объема инвестированных пенсионных активов (756,6 млрд. тенге).

Совокупный капитал фондов по состоянию на 1 января 2011 года составил 84,2 млрд. тенге, в том числе уставный капитал 44,2 млрд. тенге или 52,5% от общего объема совокупного капитала. Общая сумма активов по состоянию на 1 января 2011 года по фондам составила 88,2 млрд. тенге.

Финансовые инвестиции за счет собственных активов фондов по состоянию на 1 января 2011 года составили 69,4 млрд. тенге или 78,7% от совокупных активов фондов. Собственные активы фонды инвестировали в государственные ценные бумаги Республики Казахстан – 63,1%, негосударственные ценные бумаги эмитентов Республики Казахстан – 14,3%, размещали во вклады банков второго уровня – 19,3%, негосударственные ценные бумаги иностранных эмитентов – 3,3 % от общего объема инвестиций.

Таблица 27- Роль пенсионного сектора в экономике республике Казахстан

Динамика относительных показателей	1.01.07	1.01.08	1.01.09	1.01.10	1.01.11
ВВП млрд. тенге	10 139	12 849	16 053	17 008	19 304
Отношение пенсионных накоплений к ВВП, в %	9,0	9,4	8,8	10,9	11,7
Отношение пенсионных взносов к ВВП, в %	6,7	7,1	7,4	8,8	9,4
Отношение «чистого» инвестиционного дохода к ВВП, в %	2,5	2,6	1,9	2,8	3,0
Отношение совокупного капитала фондов к ВВП, в %	0,2	0,2	0,3	0,4	0,5
Примечание: Составлено по данным АФН [1]					

*Внебюджетные фонды экономического назначения* создавались исходя из целей и задач этапов общественного развития. Практика ранее действовавших фондов это подтверждает: например, в разное время функционировали: Инвестиционный фонд, Фонд стабилизации экономики, Фонд преобразования экономики, Фонд поддержки предпринимательства и развития конкуренции. Экономические фонды создаются для концентрации средств и на финансирование определенных направлений развития или ключевых отраслей, а также межотраслевых программ развития. Тем самым ставится задача обеспечить сбалансированное, пропорциональное развитие всей экономики. Так, средства Инвестиционного фонда использовались для поддержки достигнутых масштабов воспроизводства основного капитала, дальнейшего развития социальной сферы.

АО «Инвестиционный фонд Казахстана» был создан 30 мая 2003 года Постановлением Правительства Республики Казахстан №501 в рамках реализации Стратегии индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2003-2015 гг. 100 процентов акций АО «ИФК» принадлежат АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына».

Целью деятельности Фонда является содействие в реализации индустриально-инновационной политики Республики Казахстан посредством осуществления и привлечения инвестиций в проекты перспективных организаций, оказания финансовой поддержки инициативам частного сектора в несырьевом секторе экономики.

Задачами Фонда являются:

-осуществление инвестиций в уставные капиталы вновь создаваемых, а также действующих организаций, производящих углубленную переработку сырья и материалов, выпускающих конкурентоспособную

---

продукцию с использованием новых технологий, а также оказывающих производственные услуги перспективным организациям, осуществляющим свою деятельность в промышленности;

- стимулирование частных инвестиций в несырьевой сектор экономики посредством софинансирования Фондом инвестиционных проектов (осуществления инвестиций в уставные капиталы организаций) и участия в управлении этими проектами;
- содействие повышению инвестиционной активности казахстанских организаций за рубежом посредством совместного финансирования инвестиционных проектов за пределами Республики Казахстан, обеспечивающих производственную кооперацию между отечественными и зарубежными организациями, развивающими дополняющие, смежные производства.

По итогам 2010 года, ИФК впервые за последние три года заканчивает год с прибылью. Согласно оперативным данным чистая прибыль ИФК в 2010 году составит 1,98 млрд. тенге, против убытка в размере 4,82 млрд. тенге полученного годом ранее. Основной объем доходов в 2010 году был получен непосредственно от инвестиционной деятельности ИФК, который составил 1,496 млрд. тенге, в том числе за счет восстановления резервов от обесценения инвестиций, сформированных в предыдущие годы в предполагаемом размере 1,1 млрд. тенге.

В настоящее время в инвестиционном портфеле ИФК находится 31 проект, объем инвестиций ИФК в эти проекты составляет 30,153 млрд. тенге. В прошедшем году ИФК осуществил докапитализацию проекта АО «Досжан Темир Жолы», компании, которая занимается строительством железно-дорожной линии Шар – Усть-Каменогорск на сумму 3,72 млрд. тенге.

Основной задачей ИФК в области инвестиционной деятельности в прошедшем году являлась работа по возврату ранее вложенных инвестиций. В этой связи в 2010 году ИФК был сконцентрирован на работе по выходу из проинвестированных проектов. Так, за год ИФК осуществил два полных выхода из проектов АО «Казахстанская стекольная компания» и АО «Sewon-Vertex Heavy Industry», а также осуществил частичные выходы из 11 инвестиционных проектов.

В рамках работы по выходу из инвестиционных проектов и возврату инвестиций ИФК проводилась значительная правовая работа. Всего в 2010 году судами Республики Казахстан в соответствии с исками, поданными ИФК, рассматривалось 16 гражданских дел и возбуждено пять уголовных дел по фактам хищения денежных средств ИФК в рамках реализации инвестиционных проектов. В целом ИФК проводится значительная работа по улучшению качества инвестиционного портфеля. По всем действующим инвестиционным

---

проектам ведется работа по поиску потенциальных покупателей на продукцию компаний, в 2010 году был заключен ряд соглашений о поставке продукции, производимой инвестируемыми организациями. Некоторые инвестируемые организации ИФК были включены в Реестр отечественных производителей АО «ФНБ «Самрук-Казына», среди них АО «Западно-Казахстанская корпорация строительных материалов», АО «Гидроизоляция.kz», АО «Раннила Казахстан», АО «Мунаймаш» и другие.

В 2011 году ИФК планирует продолжить работу в данном направлении, в частности, будут пролонгироваться графики выхода ИФК из проектов, что позволит снизить финансовую нагрузку на денежные потоки инвестируемых организаций, будут привлекаться потенциальные стратегические инвесторы с опытом производства продукции, технологиями, знанием зарубежных рынков, капиталом, а также будет проводиться работа с банками второго уровня по реструктуризации или выкупу текущей задолженности отечественных компаний. Кроме того, ИФК планирует проводить значительную аналитическую работу в целях изучения потребностей национальных компаний в продукции (в том числе и более высокого передела), будет проводиться также анализ необходимых капитальных затрат для организации выпуска продукции, потребляемой национальными компаниями и изучаться целесообразность реализации дополнительных проектов на базе существующих.

*АО «Инвестиционный фонд Казахстана»* создано 30 мая 2003 года Постановлением Правительства Республики Казахстан со 100%-м участием государства в уставном капитале. Единственным акционером ИФК является АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына». Целью создания ИФК является содействие в реализации Стратегии индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2003-2015 годы посредством осуществления и привлечения инвестиций в перспективные проекты в несырьевом секторе экономики. Основным инструментом для реализации цели является прямое участие в акционерном капитале инвестируемой компании.

На сегодняшний день ИФК участвует в финансировании 32 проектов на сумму 28,35 млрд. тенге. Это проекты в отрасли:

- переработки сельскохозяйственной продукции;
- рыбной промышленности;
- химической промышленности;
- производства строительных материалов;
- лесной и деревообрабатывающей промышленности;
- металлургии;
- машиностроения;
- производственной инфраструктуры

---

*АО «Национальный инновационный фонд» (НИФ)* создан в 2003 году для повышения инновационной активности в Казахстане. Акционер АО "НИФ" – Фонд национального благосостояния "Самрук-Казына".

Задачи Национального инновационного фонда:

- Создание венчурных фондов совместно с казахстанскими и иностранными инвесторами
- Венчурное финансирование на различных этапах развития: от идеи и создания прототипов до расширения действующего производства
- Организация и проведение мероприятий, направленных на повышение инновационной активности.

Фонд создан для повышения общей инновационной активности в стране, в том числе для содействия развитию высокотехнологических и наукоемких производств. Акционеры Фонда - Фонд национального благосостояния "Самрук-Казына" и ГУ "Комитет государственного имущества и приватизации Министерства Финансов Республики Казахстан". Постановлением Правительства №1099 от 20.07.09 АО "Национальный инновационный фонд " передано в доверительное управление Министерству индустрии и новых технологий Республики Казахстан.

*Задачи и направления деятельности.*

- Неконтрольное участие в уставном капитале инновационных фондов и инвестиционных фондов, осуществляющих финансирование создания и внедрения инноваций;
- Финансирование создания и внедрения инноваций путем долевого неконтрольного участия в уставном капитале инвестируемых компаний и (или) финансового лизинга;
- Развитие инновационной инфраструктуры;
- Продвижение отечественных инноваций на внешние рынки;
- Развитие международного сотрудничества в области переноса, заимствования и развития инновационных технологий, их коммерциализации и внедрения;
- Организация и проведение мероприятий, направленных на повышение инновационной активности в стране.

Национальный инновационный фонд осуществляет венчурное финансирование инновационных проектов, занимается созданием венчурной инфраструктуры в Казахстане, осуществляет трансферт передовых зарубежных технологий. Фонд участвует в проектном финансировании путем долевого неконтрольного участия в уставном капитале (до 49%) инвестируемых компаний на сумму не более 6 млн. долл. США. Оставшаяся доля уставного капитала (51% и более) формируется самим заявителем проекта либо соинвесторами. Средний срок инвестиций в проект составляет 4-5 лет. Инвестиции осуществляются преимущественно в start - up компании, либо в

---

действующие компании с целью внедрения инновационной технологии в производство. На начальной стадии реализации проекта закупается оборудование, проводятся пуско-наладочные работы, отрабатывается производственная линия и производятся пробные партии продукции. На данном этапе проектная компания не генерирует доходы и обычно является убыточной. Как показывает практика, с начала финансирования проекта и до момента, когда продукция доходит до конечного потребителя, в среднем требуется 2-3 года. Через 4-5 лет, когда проектная компания выходит на плановые продажи, Фонд осуществляет выход из проекта и продает свою долю либо партнеру, либо другому инвестору. Таким образом, основной доход от инвестиций появляется через 4-5 лет после создания компании. По большинству проектных компаний Фонда выходы запланированы на 2011-12 годы. НИФ является партнером в шести венчурных фондах Казахстана, созданных совместно с казахстанскими инвесторами на принципах государственно-частного партнерства. Доля НИФ в казахстанских венчурных фондах – до 49% . Кроме того, НИФ является акционером в пяти международных венчурных фондах: Wellington Partners III Technology Fund LP; "Центрально-Азиатский фонд поддержки малых предприятий "CASEF LLC"; Flagship Ventures Fund 2004 LP; Jaic-Mayban Asian Fund, Vertex III Fund LP.

С 2005 года НИФ является членом Европейской ассоциации венчурного капитала EVCA и Сингапурской ассоциации венчурного инвестирования SVCA.

*Национальный фонд Республики Казахстан* был создан Указом Президента Республики Казахстан «О Национальном фонде Республики Казахстан» от 23 августа 2000 года № 402 по аналогии с другими странами, где существенная часть доходов бюджета формируется за счет поступлений от экспорта природных ресурсов. В 2005 году была принята первая Концепция формирования и использования средств Национального фонда (далее – Концепция) на среднесрочную перспективу, в которой были определены основные принципы и подходы по управлению его активами.

Действовавшая с середины 2006 года схема направления средств Национального фонда в экономику страны предусматривала гарантированный и целевые трансферты в республиканский бюджет, а также долгосрочное инвестирование средств в отечественные ценные бумаги. При этом, ограничением при определении гарантированного трансферта являлось не более одной третьей части активов Национального фонда на конец года, предшествующего году разработки республиканского бюджета.

В настоящее время, сформирован необходимый объем для проведения стабилизационных функций Фонда, но в тоже время продолжает оставаться актуальным вопрос о максимальном сохранении

---

вырученных средств от невозобновляющихся природных ресурсов для будущих поколений, сбалансированности республиканского бюджета и Национального фонда и сокращения ненефтяного дефицита.

Согласно новой Концепции, с учетом замедления роста средств Национального фонда, представляется необходимым исключение изменчивости объемов гарантированного трансферта в республиканский бюджет путем его фиксирования, что обеспечит интенсивное накопление средств Национального фонда в долгосрочной перспективе.

*Национальный фонд Республики Казахстан* представляет собой активы государства в виде финансовых активов, сосредоточиваемых на счете Правительства Республики Казахстан в Национальном Банке Республики Казахстан, а также в виде иного имущества, за исключением нематериальных активов. Национальный фонд Республики Казахстан предназначен для обеспечения социально-экономического развития государства путем накопления финансовых активов и иного имущества, за исключением нематериальных активов, снижения зависимости экономики от нефтяного сектора и воздействия неблагоприятных внешних факторов. Национальный фонд Республики Казахстан осуществляет сберегательную и стабилизационную функции.

Сберегательная функция обеспечивает накопление финансовых активов и иного имущества, за исключением нематериальных активов, и доходность активов Национального фонда Республики Казахстан в долгосрочной перспективе при умеренном уровне риска.

Стабилизационная функция предназначена для поддержания достаточного уровня ликвидности активов Национального фонда Республики Казахстан. Часть Национального фонда Республики Казахстан, используемая для осуществления стабилизационной функции, определяется в размере, необходимом для обеспечения гарантированного трансферта. Формирование и использование Национального фонда Республики Казахстан определяются с учетом конъюнктуры мировых и внутренних товарных и финансовых рынков, экономической ситуации в государстве и за рубежом, приоритетов социально-экономического развития республики с сохранением при этом макроэкономической и фискальной стабильности и соблюдением основных целей и задач Национального фонда Республики Казахстан.

В соответствии с новым подходом по использованию средств на следующее десятилетие, начиная с 2010 года, нововведением является фиксирование гарантированного трансферта в республиканский бюджет в абсолютном значении в размере 8 млрд. долларов США. Финансирование других видов расходов, в том числе выделение целевых трансфертов в республиканский бюджет, приобретение казахстанских ценных бумаг субъектов государственного, квазигосударственного и частного секторов, кредитование юридических



и физических лиц, использование активов в качестве обеспечения исполнения обязательств будет запрещено.

Для выполнения сберегательной функции Национального фонда устанавливается неснижаемый остаток в размере 20 % от прогнозного значения ВВП на конец соответствующего финансового года. При этом в случае недостаточности средств Национального фонда для осуществления гарантированного трансферта, в связи с необходимостью соблюдения лимита неснижаемого остатка, размер гарантированного трансферта будет уменьшен на соответствующую величину.

Интенсивное накопление средств Национального фонда, а также эффективное управление его активами играют ключевую роль в устойчивом развитии Республики Казахстан и требуют правильного планирования заимствований, как государственного сектора, так и квазигосударственного, и принятия мер по обеспечению должного уровня экономической безопасности республики.

Таблица 28- Динамика активов Национального фонда РК

Наименование	KZT, млрд. на конец периода		
	2009г.	2010г.	2011г.
Поступления в НФ	2297,4	2083,3	1891,2
Использование средств НФ	1107,5	1202,6	1202,9
-гарантированный трансферт	843,1	1200,0	1200,0
-целевой трансферт	261,5		
Поступления за год	1189,9	880,7	688,3
Объем НФ на конец года	4500,7	5381,4	6069,7
ВВП	16100	19303,6	21213,3
% к ВВП	28,0	27,9	28,6
Примечание: Составлено по данным Национального Банка РК [2]			

Новый подход по использованию средств Национального фонда исключает возможность привлечения облигационных займов из Национального фонда квазигосударственным сектором. Кроме того, Правительством будет регулироваться рост долга местных исполнительных органов через муниципальные заимствования г. Астана и г. Алматы в рамках установленных ограничений бюджетного законодательства.

Политика по сбалансированности бюджета и Национального фонда будет направлена на сокращение нефтегазового дефицита, который должен составлять не более 3% к ВВП к концу этого десятилетия, а также на сокращение расходования средств Национального фонда на текущие расходы с последующим переходом на финансирование только бюджета развития. С учетом вышеизложенных подходов, средства Национального фонда к 2020 году

---

должны возрасти до 90 млрд. долларов США, что составит не менее 30 % к ВВП.

Тем самым в функционировании внебюджетных фондов проявляется противоречие групповых и общественных интересов. В целом же функционирование внебюджетных фондов осуществляется, в конечном счете, в интересах всего общества, направлено на его консолидацию и в этом состоит социально-экономическая сущность этой формы финансовых отношений.

Таким образом, можно сделать вывод, что на современном этапе внебюджетные фонды имеют огромное значение для функционирования финансовой системы Республики Казахстан и в целом экономики государства, решая социальные и иные экономические задачи.

#### **Использованные источники:**

1. [www.afn.kz](http://www.afn.kz)
2. [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)

#### **Түйін**

Бюджеттен тыс қорлар бюджетке қосылмаған қаражат негізінде шығындарды қаржылау қамсыздандыратын қазіргі кезеңде мемлекет қаржы жүйесінің мағыналы буыны болып табылады. Қорлардың тиімді қолдану бюджеттен тыс қаражаттары елдің бірқалыпты дамуымен қамтамасыз етеді.

#### **Summary**

Extra-budgetary funds are an important element of the financial system, that provide financing of the charges not included in the budget. Effective use of budget funds will provide steady development of country.

## **Қарақалпақстан қазақтары тіліндегі үйлену және құда түсу дәстүрлеріне байланысты пайда болған этнографизмдер**

Қазақ халқында ұлын үйлендіріп, қызын ұзатуда ғасырлар бойы желісін үзбей келе жатырған салт–дәстүрлері бар. Бұл әдет-ғұрыптар ұрпағының келешегін ескеруден пайда болған. Қарақалпақстан Республикасында түркі халықтарынан өзбек, қарақалпақ, қазақ және түркмендер ғасырлар бойы той–мерекелерінде бірге қатынасып, бір–бірімен құда– құдағи да болып кеткен. Бірақ бұл халықтардың этнографиялық лексикасын өзара салыстырғанымызда олардың әрбірінің өзіне жараса әдет-ғұрыптары және дәстүрлерінің жақсы сақталып қалғандығын көреміз.

Перзенттің туылғанынан бастап ер жеткенге дейін өткерілетін тойларының өзі– ақ бұның айқын мысалы болады. Мәселен: *қарын той, бесік той, сүндет той, келін той, жас той, күміс той*, т.б. Бұл тойлардың әрбіріне байланысты әдет-ғұрыптары, дәстүрлері, қаделері де бұны этнографиялық жақтан тағы да байытады. Енді тойда болатын дәстүрлермен байланысты қолданылатын этнографизмдерге тоқтап өтеміз.

Үйлену тойында болатын дәстүрлерді үш кезеңге бөлуге болады: 1) құда түсу; 2) үйлену тойы; 3) тойдан кейінгі әдет-ғұрыптар.

Қазақ халқының тұрмысында баласын үйлендірудің ең кең таралған дәстүрлерінің түрі– бұл *құда түсіп, қалың мал беру*. Бұны *құдалыққа бару* деп те атайды.

Қазақтарда құда түсудің және мынадай түрлері де болған. Мысалы, әйелдері бір уақытта екі қабат болып қалған жолдас екі адам: «егер сенің әйелің қыз туып, менің әйелім ұл туса, екеуміз құда болайық» деп әлі дүниеге келмеген балаларын атастырып қоятын болған. Атастыру Орта Азия халықтарының барлығында да ұшырасады. Оның мәні– бұрынғы ғұрып бойынша ата–аналары ұлы мен қызын жас уақытында–ақ құда түсіп қою. Бұндай құда түсуді *бел құда* деп атайды. Құда түсудің бұндай түрі түркмен және қырғыз халықтарында да болған [1]. Бұны қырғыздарда *бел құда* [2], қарақалпақтарда *ақтай құда*[3], ал өзбектерде *қулоқ тишлатти* деп атайды. Құда түсудің бұндай түрі қазақ әдеби тілінде *ежегабыл* делінеді. Балалары туылғаннан кейін осы келісімді өз уақытында, яғни баласы он бес–он алты жасқа, ал

---

орындайтын болған. Ол уақыттары анты ауызша емес, ал хат жүзінде берілген.

Құда түсудің қазақ халқында *бесік құда* деп аталатын түрі де сақталған. Бұл– ата–аналардың бесіктегі балаларын атастыруы. Құда түсудің бұндай түрі, көпшілік зерттеушілердің көрсеткеніндей, Орта Азия халықтарының тұрмысында да болған. Бұл дәстүрде нәрестелер бесікте жатқанда–ақ екі жақ құда түсіп шарттасып, ол өз уақытында іске асып отырған. Бұл дәстүр қазіргі уақытта ұшыраспайды.

Жергілікті қазақтардың тілінде құда түсудің тағы бір түрі– бұл *қарсы құда* деп аталады. Қазақтарда құда түсудің бұл формасы жөнінде де көптеген зерттеушілер жазды. Бұнда құдалар бір–бірімен қыз алысып, қыз беріседі. Бұл дәстүрді қазақ тілінің кейбір говорларында *жекжат* немесе *құдандалы* деп атайды.

Қудалықтың *қарсы құда* деп аталатын түрі көрші өзбек халқының дәстүрінен өткен болуы мүмкін. Себебі ертеде қазақтардың тұрмысында бұндай дәстүр болмаған.

*Құда* сөзі туысқандық термин болып, ол қазіргі көпшілік түркі тілдерінде (қырғыз, татар, башқұрт, түркмен, өзбек, ноғай, қарақалпақ, тува тілдерінде) қолданылады. Құда терминінің мағынасы туралы А.Жүнісов мынадай пайым жасайды: Құда дегеніміз, түсіндіре айтқанда алланың алдында ант жасағандық, бұл жерде құда- құдағай деген ұғымды, анда-ант деген ұғымды білдіреді» Осыған орай қазақ «күйеу жүз жылдық, құда мың жылдық» деген, құдасын құдайындай көріп сыйлаған.

*Үкі тағу*– құда түскенде берілетуін қадені осылай атайды. Бұнда күйеу баланың үйінен алып келінетін қаде түсініледі. Сондай–ақ *құдайы мал* немесе *өлтірі, ит ырылдатар, бақан аттар, көпір қаде, қалта қарау* деген қаделерді де көрсетіп өтуге болады. Үкі тағу ырымы солтүстік қазақтарында *сырға салу* деп аталады. Бұл ырым жігіт жағынан қызды көріп ұнатқан соң «айттыруға» берілетін белгі саналады, яғни бұдан соң *жаушы келеді*. Жігіт әкесі үйдің төріне қамшысын іліп, жігіт шешесі дайындап берген үкілі тақия, сырға сақиналарын береді. Осыдан бастап қыз «басы бос емес, үкі таққан қыз» саналады.

Кейбір зерттеушілер қалыңмалды әйелдердің қоғамда қадір–қымбатын жұмыс күші ретінде бағалаумен байланысты дәстүр десе, ал басқа зерттеушілер олардың әлеуметтік теңсіздігімен пайда болған,– деген пікірді білдіреді. Бұны дәлелдеу үшін ескі дәстүр бойынша қалың ақы үшін жұмыс істеп беру немесе ақша формасында төлеуге мәжбүр болу мысал етіп көрсетілген. Кейде қалыңмалдың орнына өзара қыз ауыстыру, яғни қарсы құда болып қалың мал төленбеген.

Қалың мал, негізінен, ислам дініне дейін–ақ түркі халықтары арасында кең таралған. Мәселен, ол Орхон–Енисей жазба ескерткіштерінде, Махмуд Қашғаридың еңбектерінде тілге алынған.

---

*Қалың мал* кейбір Кеңестік идеология зерттеушілерінің ойынша, қызды сатып алу үшін берілетін құн емес, ал келіннің жасауына, сәукелесі, тойына, қаделі алыс–берістеріне жұмсалатын қаражат көлеміне сәйкес төленетін төлем. Қалың мал төлеудің *бас жақсы*, *бес жақсы* үлкен түрі де бар. Бес жақсы- ілу, өлі-тірі, той малы, сүт ақы, жігіт түйе тәрізді бқліктерден тұрған.

Бұл жас отаудың жаңа өмірдің экономикалық-әлеуметтік қиындықтарына төтеп беріп, шаңырақтың берік болуына, түтіннің түзу шығуына жол салады. Қалың мал ұғымы формасы басқа болғанымен, қай халықта болмасын бары белгілі. Қазақтар «бай мен бай құда болса араларында жорға жүреді, Кедей мен кедей құда болса араларында дорба жүреді» деп түйіндейді. Қалың мал Қазақ дәстүрінде алғашқыда малмен төленген. *Қалың мал* этнографизмі *қалың тұлғасында* да қолданыла береді. *Қалың беру, қалың төлеу, қалыңы төленген* тәрізді үдеріс атаулары соны көрсетеді.

Қалың- М.Қашқари сөздігінде де «қалың мал мағынасында, сонымен қатар «Қалың берсе қыз алыр керек bolsa қыз алыр (Қалың берсе қыз алар, қажет болса, қымбатқа алар) мақалы берілген (МҚ.3, 497-498.), Л.Будаговта *қалың, қалың мал* этнографизмдерінің татар, қырғыз, алтай тілдерінде «приданье или выкуп за невесту» және алтай тілінде *қалың* «плата известной ценности, стоимость, цена товара, выкуп»; шағатайша *калын* деньги, посылаемые во время женитьбы за сватовство» мағыналарында қолданылатын көрсеткен (Л.Буд.,23-25б.). *Қалың мал/қалың* этнографизмі қалың тұлғасында түркі тілдерінің біразында ұшырасады, сондықтан оның шығу тегі туралы болжамдар да бірнешеу:1) оның төркінін қытай тілінен тартушылық кездеседі (*битик, калым*). Ә.Т. Қайдаров сөз төркінін *қал* етістігіне жақындатады: қалың<қал+ың:~мал калым, қалыңдық<қал+ың+ дық.

*Ілу* – қызын тәрбиелеп өсіргені үшін ұрын барғанда берілетін қаде. Е.Жанпейісовтің пікірінше, *ілу* монғолша *өлгий* сөзінің фонетикалық варианты деп есептеледі. *Өлгий* сөзі «бесік» және «күміс құймасы, алтын» деген мағыналарды білдіреді. Қазақ тілінде *өлгий* сөзі бұрын *елгей* формасында қолданылған [6].

*Сүт ақы*– келіннің анасына берілетін қалың малды осылай атайды. Қалың мал төлеудің бұндай түрі қарақалпақ, түркмен, азербайжан, армян және басқа халықтарда да кездеседі.

*Жігіт түйе* – қыздың әкесіне ата күші үшін төленетін қалың мал. Қалың мал төлеудің *дөңгелек қалың, балама қалың, олқы қалың* деп аталатын түрлері де ұшырасады.

*Қалың* лексемасы этнографиялық термин ретінде көпшілік түркі тілдерінде ұшырасады. Оның этимологиясы туралы бір қанша пікірлер бар. Мәселен, Д.Е.Еремеев бұл сөзді қытай тіліне жақындастырады: «В лексикон древних тюрков вошло и несколько китайских слов: *битик, калын* (калым, выкуп за невестку.» Бұл сөздің басқа этимологиясы да

---

бар: *қалың* <*қал+ың* (мал). Сондай-ақ *қалың* лексемасын *қал*= етістігімен де байланыстырады: *кьал –ым–кьал–ын* «қалыңмал» *кьал* «қалу». Е.Жанпейісов жасалып жүрген этимологиялық талдаулардың ішіндегі көңілге қонымдысы ретінде қазақ тіліндегі *қалың беру* үлгісіндегі В.Радлов назарына іліккен *калань бермек* құрылымына назар аудартады. Ол В.Радловта: 1) дань, подать, ясак; 2) ярмарка в вершинах р. Чуй в августе месяце». *Каландуу-платящий дань, ясак. Каланчы-сборщик податей* (В.Радл. 230.) тәрізді мағыналарда ашылған. Осы қазақ тіліндегі *қалың* формасы мен *калань* арасындағы семантикалық байланыс қазақ-монғол тілі сөздігінде айқын аңғарылады деп есептейді: *қалың мал-сүй мал; қалың беру-сүй өгэх* (ҚМТС, 368). Сөйтіп, *қалың~қалын* семантикалық жағынан *калань/ калан* и гааль.

*Қалың, қалың мал* этноатауларының түп-төркінін табуда оны түркі тілдеріне, қазақ тіліне тән *қалың сын* есімінің «толстый» семантикасына жақындатуға тырысатын көзқарас деуге болады, шын мәнісінде, оның «жуан, қалың» т.б. барлық семаларынан аңғарылып тұратыны-көптік мағына. *Қалың малдың* қай түрі болмасын аз емес, малмен берілгенде, *қырық жеті* аталатыны белгілі.

*Қалың* сөзінен қазақ және кейбір түркі тілдеріндегі *қалыңдық* «келіншек» сөзі пайда болған. Оған татар және башқұрт тілдеріндегі *кәләш* «айттырылған қыз, келіншек» сөзін де жақындастыруға болады. Бұл сөз қазақ тілінде *қалаш* түрінде қолданылып, ол тек қоспа сөздің құрамында ғана қолданылады: *қатын–қалаш*. Себебі екеуі де *қалаш* және *кәләш* сөздері бір морфема болып есептеледі, басқаша айтқанда, *қалыңдық* сөзіне семасиологиялық жағынан *қалаш* лексемасы жақын және екеуі де бір мағынаны білдіріп келеді.

*Саушы жіберу*. Саушы– күйеу бала тарапынан қыздың үйіне қыз айттыруға баратын өкіл. Саушының міндеті– қыздың әкесін көндіріп, қызға құда түсіп, құдалыққа келетін күнді белгілеп қайту. Дәл осы мағынада өзбек (*совчы*), татар (*яучы*), чуваш (*йевче*) және басқа түркі тілдерінде де қолданылады.

*Саушы*– тіліміздегі ең көне сөздердің бірі. *Савчы* – «ұлы тәңір жіберген елшілердің бірі» (МҚ, III, 168, 445). Түркі тілдерінде, мысалы тобол тілінде *сауцы*, шағатай тілінде *саучи, сабшы*. Қазіргі қазақ тілінде *сөз саптау* тіркесінде сақталып қалған «хабар», «сөз», «мақал» деген мағыналарды білдіретін ескі сөз түбірінен пайда болған.

«Құдалық бекем болсын» деген ырыммен қыздың үйі саушыға *шеге шапан* деп аталатын жағалы киім кигізеді. Қыздың әке–шешесі саушыны ырза етіп, «құда–құдағи қонақ боп келсін» деп айтып жібереді. Саушы/жаушы тұлғаларының этимологиясы туралы екінші бөлімде.

*Тәп берді*– қашып кеткен қыздың ізінен екі–үш жеңгесі келіп, хабар алып кетуі. Тәп бердіден кейін қуғыншы болып та келеді.

---

*Қуғыншы*–1940–1950–жылдардан бастап кең етек алған дәстүрлердің бірі. Бұнда қыздың ізінен қуып баратын жеңгелерін «қуғыншы» деп атайды.

Қарақалпақстан аймағында жасайтын халықтардың неке тойымен байланысты дәстүр және әдет-ғұрыптарды сәулелендіретін және бір–бірінен айырып тұратын жақтары да бар. Әрбір халықта той өткерудің өзіне сай тәртіп–қағидалары бар екендігін көрсетеді. Ол төмендегі этнографизмдерден айқын көрінеді.

Тойдан бір апта бұрын берілетін мерекені *кеңес той* деп атайды. Бұл мерекеде тойды қалай өткеру керек екендігі ойласылып, адамдарға тойдағы қызметтері бөлістіріледі, той болатын күнді белгілейді. Тойдан бір күн бұрын нан–бауырсақ пісіріліп, онда *кепкір күйді, рәпида күйді* деп аталатын қаделері болады.

Тойдың көпшілігіне тән салтқа айналған бір әдет *той асы, қонақ асы* беріледі. Одан кейін жұрт жиналып *беташар* басталады.

Қазақтың ерте замандардан келе жатырған дәстүрлерінің бірі– бұл жаңа түскен келіншектің бетін ешкімге көрсетпей, желекпен жауып әкелу. Келіншектің бетін үнемі бүркеп қоюға болмайды. Сондықтан оның бетін ашу керек болған. Бұл дәстүрді *беташар* деп атайды. Беташарды айтқан адамға қаде ретінде ақша не мата береді. Бұл қадені жергілікті қазақтар *айтымал* деп атайды. *Беташар* өзбектерде *келин салам*, қарақалпақ және қазақ халықтарында *беташар* деп аталады. Беташар– қазақтың тұрмыс-салтының ардақтыларының бірі. М.С.Атабаева бұл салт түркі халықтарының ішінде қарақалпақ пен қазақтардағы формасының өзгешелігіне тоқтала келе, Қарақалпақстандағы қазақтар тілінде айтымал сөзінің пайда болуын қарақалпақ және қазақ халқының тұрмыс салтының жақындығының көрінісі ретінде түсінуге болатынын айтады [8]. Ұлы Абай «Күйеу келтір, қыз ұзат, тойыңды қыл, Қыз таныстыр –қызыққа жұрт ыржаңшыл. *Қынаменде, жар жар мен беташар* бар.Өлеңсіз олар қызық бола ма гүл?(1.69),- дегендей, беташар ән-жыр, өлеңмен келінді қайын жұртына, қайын жұртын келінге таныстыру ғана емес, тамыры байырғы мифтік санаға сілтейтін терең мазмұнды салт. Келіннің беті бүркеулі келуі оны тіл-көзден, пәле жаладан сақтайтын ырымдарын орындау үшін жасалады. Осы ырымнан жағымсыз эмоция таратады, содан кейін барып, әулет иесі ата-ана, тойға жиналған қауым той иесі шаңырағында көрімдігін беріп барып көреді. Қазақ қоғамы үшін *беташардың* үлгі-өнеге, тәрбиелік мәні зор, өйткені беташар айтушы ақын, ақынжанды адам екі жақтың беделі мен мен дәулетіне қарай жетістіктерін сипаттап, дәріптейді, бұл өлеңде ұрпақ тәрбиесі, қыз бала тәрбиесіне үлкен мән беріледі, қыз төркінінің, шыққан тегінің салмақталар тұсы болып табылады. М.Әуезов беташар туралы »Әдет-ғұрып заңдарын бас-басына санап көрсету жағынан «беташар» орыстың «домострой» атты көне өлеңіне ұқсас. Бірақ қазақ өлеңінде бәрі келінге

---

арналады,»-дейді [7]. Келінге арналу себебі түсінікті де. Келін- осы әулеттің болашақ ұрпағының анасы, өрісті, ақылды, үлгілі-тәрбиелі ұрпақ әкеліп, әулет анасына айналуы ата-ананың үміті. Беташардың киелілігінің сыры да осында. Этноатау жалпытүркілік бет –түбірінің аш етістігімен бірігуінен және оған есімшенің –р жұрнағы қосылуы арқылы жасалған, сыңарлар өз мағыналарын сақтай отырып, терең мазмұнды сигнификаттық мағына, дүниетанымдық ақпарат жинақталған. Күрделі этноатаудың лексикалану жолы: бетті+аш+ар> беташ+р>беташар өзгеру үдерісінде өткен.

Құда түсуде *құйрық–бауыр жеу* деп аталатын дәстүр болады. Бұнда қойдың құйрық пен бауыры туралған қос табақ екі жақтың сөзін сөйлейтін құдалардың алдына тартылады. Қыздың әкесі құйрық пен бауырды жапырақтап турап, алдымен құдаларға асатады, соңынан өздері асайды. Бұл енді екі жақ шынымен бауыр, туыс болды дегенді білдіреді. Құйрық– бауыр салынған табақтарға құдалар тарапынан қаде ретінде ақша салынады.

Қыз жағынан келген құдаларды күйеу баланың ағайын–туғандарымен таныстыруды *есік–төр көрсету* тойы делінеді. Бұл тойда бір қанша қаделер орындалады.

Күйеу баланың құдасынан хабар алған соң, баласының қасына 4–5 адамды қосып, *ілуге* деп бір бөлек сый даярлап береді, оны *ілу* деп атайды. Қаделерге арналған әр түрлі мата, орамал, сақина–жүзік, сырға және басқа да ұсақ – түйек сыйларды өз алдына қоржынға салып беріп жібереді, оны *есік ашар* деп атайды. *Ілудің* қазақ жерінде басқа да мағынада қолданылуы кездеседі. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында «Қалың мал басы- Алшынбайдың өзіне арналған *кесек күміс жамбы*. Бұл *ілу* деп аталып еді. Л.Будагов та *ілу* мағынасын осылай ашады (Л.Буд.,2, 360). *Ілуге* белгілі мөлшердегі зат қолданылады деп түсінуге болады. Е. Жанпейісов М.Әуезов қолданған *ілуге* берілетін бесік жамбы лексемасын монғол тілінің «бесік және алтын, күміс құймасы» [6] мағыналарын шығарады. *Босағаға ілу* ырымын күйеу жасайды. Қыз аттанғанда күйеу кейіндеп қалады да, ата үйінің босағасына бір шапанын іліп кетеді. Ол күйеу жігіттің «бұдан былай осы үйдің ұлымын, осы босағадан қол үзбеймін, шаңырақтың ыстығына күйіп, суығына тоңуға дайынмын» деген сенім,серт сезімін білдіреді. Сөйтіп *ілу* қай формада жасалса да, келін түсіруші жақтың ілтипатын, ата-ана парызын ақтау семантикасын аңғартады. Ырым атауы *іл* түбір етістігіне –у жұрнағы жалғану арқылы жасалған, *іл* көне түбірінің «зацепить, зацеплять, повесить» мағыналарын Ә.Т.Қайдаров та көрсеткен. *Ілу* лексемасы *қамшы ілу* этноатауын жасайды.

Күйеу баланың ресми түрде қалыңдығымен ұшырасуға баруын *ұрын бару*, онымен байланысты ұйымдастырылған тойды *ұрын той* деп атайды. Бұл тойда бірін–бірі сағынған екі жасты оңаша кездестіреді.



---

Бұл тойдың өзіне тән қаделері болады. Бұл қаделерге байланысты төмендегіше этнографизмлер пайда болған, мәселен, қыздың жеңгелері күйеу баланың алдына шығып алатын қадені *ентікпе*, үй тіккен әйелдерге берілетін қадені *шатыр байғазысы*, балдызын көргені үшін берілетін қадені *балдыз көрімдігі* және сонымен бірге, қыздың жеңгелері шымылдық ашқаны үшін берілетін қадені *шымылдық ашар*, төсек салғанда берілетін қадені *төсек салар*, қалыңдығының қолын ұстағаны үшін берілетін қадені *қол ұстатар*, шашын сипағаны үшін берілетін қадені *шап сипар*, көрпе жапқанына берілетін қадені *көрпе қимылдатар* деп атайды.

*Ұрын бару* тіркесіндегі *ұрын* сөзінің семантикасы түркологияда, негізінен, «жасырын, құпия» мағынасымен байланыстырылады; қазақ тілінде *ұрын* «жасырын», *ұрын сөз* «құпия сөздер», *ұрын келеді* «күйеу бала қалыңдығына жасырын түрде келеді» (Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Т. I. 1861–1862–бб); қазақ тілінде *урунтун–урутун* «жасырын, білдірмей», *урунтун сөз* немесе *урун сөз* «жасырын сөз», *урунтун сөйлемек* «жасырын сөйлеу», *урун келді* «жасырын түрде келу»: күйеу баланың түнде неке тойы болмастан алдын қалыңдығына келуі. Осыған ұқсас пікірді Н.И.Ильминский де білдіреді: «*Урун* «тайна», *урун келеді* «тайно приходитъ» (после того, как калым отдан за невестку, но пока еще не было свадьбы), жених имеет право посещать свою невестку, он приезжает с подарками тестю и останавливается вдали от аула в шатре. Днем он не может приходиться в аул невесты, а ходит к ней ночью– урун».

С.Жүнісовтің «Ақан сері» романында *ұрын келу:*» *Ұры қонақ. Қадірлі қонақ-*, деп жігіт жымындағанда, *Қадишаның жүрегі су етті:*» *Ұры қонақ*». Жігіттер ауыздарына сақ болындар, ата ғұрпымен *ұрын келудің* еш сөлекеттігі жоқ. Оның *ұры* күйеу болуы да ата дәстүрі. Мұндайда *жар салмас болар*», - делініп, яғни жасырын, құпия мағынасында сипатталады.

*Ұрын бару* (*ұрын келу, ұрын кету, ұрын жіберу*) этнографизмі М.Әуезовтің шығармаларында көп ұшырасады: *Сондай ауылға бала қайындату, әсіресе, ұрын жіберу осал қам емес. Абайдың бұл келісі «ұрын келу» деп «жыртыс сала келу» деп, кейде «есік көре келу», «қол ұстау» деп те аталады* [7]. Бұл мысалдардан *ұрын келу* дәстүрі күйеу баланың қалыңдығының ауылына жасырын түрде емес, ал керісінше, оның салтанатты түрде бірінші рет келуін көреміз. Бұдан *ұрын* лексемасының тарқатуда бірнеше көзқарас бары аңғарылады. Мәселен, монғол тілінде *ұрын* сөзі «бірінші» деген түсінікпен байланысты қолданылады. Бұл сөз қырғыз тілінде де кездеседі. Бірақ ол қырғыз тілінде басқа этнографиялық мағынада қолданылып, *баш* («бас») сөзімен тіркеседі: *баш ұрун*, яғни «күйеу баланың келіннің ата–аналары алдында иіліп сәлем беруі» дегенді білдіреді. Б.Сағындықұлының зерттеулеріне сүйенсек, *ұр* аса ежелгі етістік, қазақ тілінде семантикасы тарылған,

---

дербес мағынасы «сабау,соғу, тоқпақтауда» ғана сақталған. Қалған жағдайдың көпшілігінде ол көмекші етістік қызметінде, аталған *баи урун* (қырғ.), *баи ур* (өзб.) т.б. тілдердегі және қазақ тіліндегі *бас ұру*, *құлдық ұру*, *аһ ұру*, *алас ұру*, *бой ұру* т.б. тіркестерде көмекшілік қызмет атқарады. Е.Жанпейісовтың пікірінше, *ұрын*, *ұрын бару* этнографизмінің семантикасына монғол тілінің *ураг/ураг болалцох* (породниться (через брак), ураг болох (посвататься) (МРС,457-458) атаулары сәйкеседі. Осы мағына басқа да алтай тобы тілдерінде ұшырасады: *уруу* (эвенк, родственник) *уруул* (зародыш, самец). Якут тілінде осы мағынаға қоса «туыс болу, үйлену тойын жасау» (*урула от уруу+ла*) мағыналарында. Б.Сағындықұлы аса ежелгі *ур* түбір етістігі, негізінен, екі лексикалық мағына білдірген деп есептейді, оның бірі-іс-әрекеттің үздіксіздігі, ұдайылығы, созылыңқылығы, мәңгілігі» (Сағын., 102). Осы мағына *ур* етістігінің *өр* сингармониялық вариантынан анық байқалады. *Өр+бі* етістігіндегі «даму, өсу, жетілу» мағыналары соны дәлелдейді. Жалпы тіліміздегі *ұр~ұр~ор~өр* түбірлері *ур* етістігінің сингармониялық варианттары саналады. (Сағын., 102), осыған сүйенсек *ұрғашы*, *өркен*, *ұрық*, *ұрпақ*, *үрім-бұтақ* т.б. атауларының түбірлері – *ур\ұр* болып шығады. Көне жазбалардағы *ур+уғ* (зерно,семя, род, потомство (ДТС, 615) *өр* етістігінің жуан варианты, *ур* түбірінен. «өсу, даму, өркен жаю» семасы сезіледі.*Ур~ұр* түбірлерінің «зерно,семя, зачать, рожать» семантикасын білдіретінін М.Рясянен, Э.В. Севортян (ЭСТЯ, 1974,603-606) еңбектерінде берілген. Ә.Т.Қайдаров та *ұран*, *ұрағат*, *ұру*, *үрім* (*үрім-бұтақ*) т.б. атауларының архисемасы –*ур~ұр~өр* түбірлері санайды. Қазақ пен қарақалпақ, сондай-ақ қырғыз халықтарындағы «Ұлың өссе – ұрымға, қызың өссе қырымға» мәтеліндегі *ұрум\ұрым* «туыс,әулет, ұрпақ жалғастырушы» мәнінде» (Юдах.807). Сөйтіп, *ұрын\ұрын бару*, *ұрын келу* –этнографизмінің түпкі семасы «туыс, ұрпақ, туыстасу» деп түсінуге болады, «ұры,қонақ, құпия» мағынасында екі түбір омонимдес болады. Жалпы алғанда қазақ тұрмысында көп жағдайда күйеудің дабыра жасамай келуі орын алады, сондықтан оның «құпия, жасырын мағынасы ойға бұрын оралады, ал екінші мағына тек этимологиялық талдау арқылы ғана ашылады.

Той–тамаша, айттарда және т.б. салт–дәстүрлер уақытында берілетін жол–жоралғы сыйды немесе алымды *қаде* деп атайды. «Ат өлсе де, қаде өлмейді», «Қалыңсыз қыз болса да, қадесіз күйеу болмайды». Қаде–той–тамашаның сәні, шәрты, оны сұрауға әркімнің еркі бар. Қазақта қаденің түрі көп. Соған байланысты этнографизмдер пайда болған. Мәселен, *той бастар*, *шашу*, *мүше сұрау*, *теберік* т.б.

Құда түсудің қазақ халқында бұрын да бірнеше қаделері болған. Солардың бірі– *құда тарту*. Бұл– қызды алып кетуге келген құдалар тарапынан берілетін қаделердің бірі. Кей жерлерде *құда түсті*, *нан сындырды*, *пәтия оқылды*, *сырға салды* деген түрлері де қолданылады.

---

Қарақалпақстанда жасайтын қазақтардың арасында *қыз алып қашу, қуғыншы, тәп берді* деген әдет-ғұрыптар да кең таралған. Бұндай әдет-ғұрыптардың кіріп келуімен, тойдан алдын болатын дәстүрлер де біршама қысқарды.

Құда түсудің қазақ халқында бұдан басқа *біз шаншар, есік көру, қыз танысу* дәстүрлері де болған.

Құдалық жол–жоралғылары, қаде және ырымдарға байланысты сөздер: *жаушы жіберу, алдынан өту, қалыңмал, құда түсу, өлі–тірі, бата аяқ, той малы, есік ашар, ат байлар, той бастар, құйрық–бауыр, құда тарту, көрімдік, отқа құяр, түйе мұрындық, қосақбас, құда аттандырар* т.б.

Күйеу қаделерінің аттары: *ұрын бару, есік көру, ентікпе, көрімдік, күйеу табақ, қалыңдық ойнау, қыз қашар*; құда–күйеу келгенде жасалатын жол–жоралғылар: *сұтақы, ат байлар, босаға аттар, күйеу табақ, жеңге тай, отау жабар, қол ұстатар, шаш сипатар, ит ырылдаатар, кемпір өлді, бақан салар* т.б.

Қалыңмалын толық төлегеннен кейін, күйеу бала *қалыңдық ойнауға* барады. Күйеу баланың қалыңдық ойнауға бірінші рет барғанын *ірге көру* дейді, яғни *ұрын келді* деп айтады. Күйеу бала ірге көруге келгенде, басын құндыздатып *үш тоғыз жыртыс* алып келеді (таза жібек, қол бұйым, мата, шапан) және шамасына қарай бір–екі ат–түйелетіп қара жетелеп келеді.

Қыз жағының алатын қаделеріне байланысты пайда болған этнографизмдер: *сүт ақы* (қарамал), *босаға ілу, отқа май құяр*. *Отқа май құяр* этнографизмі–жаңа түскен келіннің алдынан адыраспан түтетіп алып шығып иіскелету, басынан айналдыру дәстүрінен келіп шыққан. *Отқа май құяр* дәстүрі қыздың үйі бір мал сойып, күйеу баланы үйіне кіргізеді. Бұл дәстүрде сойылған малдың майынан күйеу бала отқа май құяды. Бір бөз матаны от басына айналдырып жаяды және бөліп алады. Оңтүстік қазақтарының тілінде бұл этнографиялық термин өзбек тілінің әсерімен *спәнт түтету* деп те айтылады.

Күйеу бала қалыңдығымен ауылдан шығарда алынатын қадені *күйеу аттандырар* деп атайды.

Той тарқағаннан соң, әйелдердің үйге төсек салғаны үшін күйеу баладан алынатын қаде *төсек салар* деп аталады.

*Құда аттандырар*–құдаларды шығарып салу уақытында алынатын қаде. Бұны жергілікті қазақтар тілінде *зәңгі басар қаде* деп те атайды. *Зәңгі* қарақалпақ тілінде– *басналдақ*.

Күйеу бала келгенде қыздың жеңгелері алдынан шығып алатын қаде *ентікпе* деп аталады. Бұдан соң алынатын қадені *ат байлар* деп атайды. Одан кейін алынатын қаделер *қол ұстатар, шаш сипар* деп айтылады.

---

Қыздың жеңгелері күйеу баланың қалталарын қарау дәстүріне байланысты қалта қарау қадесі деген этнографизм пайда болған.

*Бақан түртер*– құдалар отырған үйге бір адам кіріп, «құдаларды түртемін» деп алатын қадеге байланысты пайда болған этнографизм.

*Кемпір өлді*– үйге кіріп келе жатырған құдалардың алдына бір кемпірді жатқызып, оны басып өтпеу үшін берілетін қаде.

*Ұн жағар*– «маңдайымыз ашық болсын» деген мақсатпен құдалардың маңдайларына ұн жағып алынатын қадені осылай атайды.

*Көрімдік*– келіншекті, күйеу баланы немесе дүниеге келген нәрестені ең бірінші рет көрген адамға берілетін қаде.

*Неке қияр* – тұрмыс құрған адамдардың некесін қиғанда алынатын қадені осылай атайды.

Келіннің бетін ашқанда берілетін қадені *айтымал* деп атайды.

*Ел қаде*– келіннің төркіні тарапына берілетін қара малға байланысты пайда болған этнографизм.

*Көрпе жияр* – келіннің үйінен алып келінген көрпе–төсекті жеңгелері сандықтың үстіне жинап бергені үшін күйеу баланың туыстарынан алынатын қадеге байланысты пайда болған этнографизм.

*Шаптырма қаде*– күйеу баланың алдына төрт– бес жасар ер баланы алып шығып алынатын қаденің аты.

*Орын қаде*– күйеу баланың астына арнап салынған төсек үшін алынатын қадені осылай атайды.

*Кепкір күйді, рәпидә күйді*– бауырсақ пісіріп, нан жауып жатырған әйелдердің «кепкіріміз, рәпидәмыз күйіп атыр» деп үйдің иесінен алынатын қаде осылай аталады.

*Kuim*. «Құдалық белгісі– киіт, қоныс белгісі– бейіт». *Kuim* – бұл келіннің үйі тарапынан құдаларға берілетін сый. Ол құдалардың дәрежесіне, дәулетіне байланысты әр түрлі болып келеді. Мысалы, бұрын құндыз жағалы тон, қасқыр ішік, кілем, тағы басқа қымбат бағалы бұйымдар, киімдер және заттар берілген. Киіт беру қазіргі күнде де бар. Демек, киіт– бұл ескі замандағы халық дәстүріндегі қымбат киім– бұйымдардай тарту. *Kuim* сөзінің орнына жергілікті қазақтар тілінде *сарпай* сөзі қолданылады.

В.В. Радловтың пікірінше, *kuim* сөзінің мағынасы төмендегіше: 1)«киім»; 2) «келіннің әкесіне берілетін сарпай» (Радл.Том II, 374 –бет). Ал *Будагов Л.З.* бұл сөздің тек бір ғана мағынада қолданылатынын көрсеткен: «келіннің әкесінен сарпай» (Л.Буд. Том II, 183–б); қазақ тілінде *кіеть, кіуть кимек, кию* етістігінен алынған. Бұндай этимология басқа ғалымдар тарапынан да айтылды: *ки+ім*, киіт «киім–кешек сыйлығы»< *кий* «**кию**»+т, *киіім* «киім–кеншек сыйлығы», *кит* «кию» сөзінен; салыстырың ескі түркі тілінде *kedhut* «көйлек, киім»; күйеу бала да, келін де өзінің ағайын–туыстарына беретін киімі (МҚ); *keyit* «көйлек, киім»; құмық тілінде *кей+ім* «көйлек» *кей* «кию» сөзінен

---

алынған; *киім* (кию). Қазақ тілінде бұл лексема арқылы *тоғыз киім* «тоғыз түрлі нәрселерден құралған сарпай», *құдаша киім* «құдашаға берілетін сый». Бұл *тоғыз киімке* қосып беріледі.

Н.И. Ильминскийдің дәлелдеуінше, қазақ тілінде «сауға, той сауғасы» деген мәнде *сыйым* сөзі қолданылады [4]. С.Аманжолов *киім* сөзін әдеби форма, ал *сыйым* сөзін диалектілік форма деп есептейді [5]. *Сыйт* немесе *сыйым* сөзі тарихи жақтан «той сауғасы» емес, ал «плач, рыдание» дегенді білдірген.

Өзбектермен аралас отырған қазақтардың тілінде *сеп*–қызға берілетін көрпе–төсек, киім – кешектің жалпы аты. Аналарымыз «жаңа зат болса, қызымның себіне қосамын» деп жиып отырады. Бұл сөздің мәні қызға жүк бергенде үй болуға керекті нәрсенің бәрінің тырнағын қалап, ары қарай құралып кетуі үшін «жәрдемі тисін» деген ниеттен пайда болса керек.

Махмуд Қашғаридың сөздігінде *сеп* сөзі «қыздың жасануы» мәнінде *сэб, сэптүрди, сэптүрмак* формаларында ұшырасады.

*Сеп* лексемасының қазақ тіліндегі және түркі тілдеріндегі мағыналарын біршама толық ашып берген ғалым Е.Жанпейсов болды. Оның айтуынша, «қыз жасауы» мәнінде жұмсалуды якут, чуваш, ойрот (алтай), құмық, қырғыз, өзбек, түркмен және т.б. түркі тілдерінде кездесетінін келтіреді. Орыс тіліндегі *зень* сөзінің де келіп шығуы жағынан түркі тілімен түбірлес екені айтылады. Бұл сөз Шымкент облысының кейбір аудандарында жасайтын қазақтардың тілінде де кездеседі. *Сеп* этнографизмі жоғарыда талданды.

Қызға берілетін жүкті жергілікті қазақтар тең етіп буып қояды. Соған байланысты жергілікті халық тілінде *бес тең, алты тең берді* деген тіркестер жиі қолданылады.

Келіннің жүгін алып барған соң, жеңгелері бір кілемді жайып, үстіне сол үйдің иесін, яғни келіннің қайын енесі мен атасын отырғызып олардың батасын алады. Бұндағы ниет «келіннің көрпе–төсегі енді осы үйдің мүлкі мен төсегіне айналсын» деген ырым. Соған байланысты *көрпе салып, бата алу* этнографизмі пайда болған.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Абрамзон С.М.* Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи. Л., Наука, 1971, 223-бет; *Джумагулов А.* Семья и брак киргизов Чуйской долины. Фрунзе, 1960, 31-бет.
2. Киргизско-русский словарь. М., 1940, 394-бет.
3. Каракалпакско-русский словарь. М., 1958, 406-бет.
4. *Ильминский Н.И.* Материалы к изучению киргизского наречия. Казань, 1861, 63-бет.
5. *Аманжолов С.* Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959, 344-бет.
6. *Жанпейсов Е.* Историко-этимологические заметки.// Известия АН Казахской ССР. Серия филологическая. 1980, №1, 38-бет.

- 
7. Әуезов М. Шығармалар. 12 томдық, 11-том. Мақалалар мен зерттеулер.-Алматы. Жазушы, 1969.-213б.
  8. Атабаева М.С. Диалектілік семантика – Алматы: Интер Пресс, 2009, 33-б.

### Резюме

В данной статье автором рассматриваются этнографизмы встречающиеся на языке казахов Каракалпакстана, связанные с женитьбой.

### Summary

This Article is about ethnographismes meeting in the language of Kazakhs of Karakalpakstan related to marriage.

*Адилова Г. А.*

*Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университеті  
Түркі филологиясы кафедрасының аға оқытушысы*

## **Этнографизмдердің тарихи тамырлары және олардың зерттелуі**

Әрбір халықтың тарихи даму мен қазіргі дәуірдегі ерекшелігі оның тек саяси және экономикалық жағдайымен ғана емес, сондай-ақ, мәдениетінің өсу жолымен де анықталды. Қазақ халқының мәдениеті – бұл отырықшы және көшпелілер мәдениетін өз бойына сіңірген өзіне тән белгілері бар мәдениет. Ол – қазақ халқының ғасырлар барысында жинаған бағасыз қазынасы, оның мінез-құлқы мен тұрмыс-тіршілігі және өмірінің дерегі. Қалаған мәдениеттің іргетасы тіл болып табылады және оның сөздік байлығын жақсы пайдалануға барып тіреледі.

Әрбір халықтың тілінде сол халықтың күнделікті тұрмысы, әдет-ғұрпы мен дәстүрлеріне байланысты түсініктерді білдіретін сөздері болады. Бұндай сөздер тілдің сөздік құрамының белгілі бөлегін құрайды.

Әрбір халықтың тұрмыс жағдайы көрші халықтардың тұрмысы мен мәдениетінен көпшілік жағдайда ажыралып тұрады. Бұл айырмашылықтар олардың тілінде де көрінеді. Мәселен, қазақ халқының көп ғасырлық тұрмысы мен мәдениеті оның қоғамдық және рухани тұрмысы, әр түрлі әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері және сенімдерімен байланысты болады, олар туралы түсініктер қазақ тілінің сөздік құрамында белгілі бір лексикалық қабатты құрайтын арнаулы сөздер мен терминлерде сақталып қалған.

Қазақ халқының дәстүрлері – ертеден келе жатырған ұлттық мәдениеттің бір бөлегі. Бүгінгі күнде қазақтардың салт-дәстүрлерін жинап зерттеудің, оның айналасындағы тәлім-тәрбиесі, мол тәжірибесі негізінде жас өспірімдерді тәрбиелеудің қажеттілігі күшейіп келеді.

---

Халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлерін тәрбиелік мұра ретінде жас ұрпаққа үйретудің қажеттілігі туралы қазақтың ағартушы-педагогтары А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Х.Досмухамедовтар айрықша атап көрсетті. Сондай-ақ салт-дәстүрлердің зерттелуіне философтар Н.Сәрсенбаев, М.Орынбаев, этнографтар Ә.Марғұлан, Ө.Жәнібеков, С.Кенжеахметов, тарихшылар Л.Н.Гумилев, М.Қозыбаев, фольклорист және әдебиетшілер В.В.Радлов, А.Диваев, М.Жолдасбеков, А.Құралұлы және т.б. салмақты үлес қосты.

Ұлттық салт-дәстүрлердің білім және тәрбиелік мүмкіншіліктері туралы этнопедагогтар Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Қ.Бөлеев, С.Узақбаева, Қ.Қожахметовалар бағалы пікірлер білдірді. Халық дәстүрлеріне берілген талдау нәтижелері, оның қалыптасуына елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы, табиғаты, халықтың рухани мәдениеті сияқты бір неше факторлар әсер еткенін көрсетеді.

Қазақ халқының салт-дәстүрлерін бала тәрбиесіне, тұрмысқа, кәсіпке, өнерге, үйлену мен үй болуға байланысты сияқты түрлерге бөліп үйренуге болады.

Салт-дәстүрлер дегеніміз бір ұрпақ келесі ұрпаққа үнемі өтіп отыратын және адамдардың қарым-қатынастарындағы әлеуметтік, көркемдік нормалар мен принциптер болып табылады.

Тілдің сөздік құрамы белгілі бір тілде сөйлейтін адамдардың тұрмысында негізгі қатынас құралы ретінде хызмет етеді. Этнографиялық лексика генетикалық жақтан сол халықтың тіліне тән сөздер негізінде қалыптасып, кейін ала қажеттіліктен басқа халықтардың тілінен жаңа сөздерді алып игеруі мүмкін. Бұдан басқа, сол халықтың этнографиясында жаңа құбылыстардың қалыптасуы да сол халықтың тұрмысында жаңа сөздердің пайда болуына себепші болады. Міне осындай тарихи-әлеуметтік процесс этнографиялық лексиканы пайда етеді.

Әрбір тілдің, соның ішінде қазақ тілінің лексикалық құрамы тек әдеби тілде қолданылып жүрген сөздердің негізінде пайда болып, сонымен шектеліп қалмайды. Керісінше, халық тілінде және әдеби тілге қабылданбаған, бірақ оның дамып қалыптасуы үшін бағалы тіл материалдары да бар. Әдеби тіл жалпы халық тілінің сөздік құрамы негізінде пайда болып қалыптасады және кем-кемнен тұрақтасып барады. Егер әдеби тіл халық тілімен тығыз қатынаста дамып отырмаса, ол, сөзсіз, жалпылық ерекшелігін жоғалтып, халық тілінен ұзақтасып, түсініксіз жасалма тіл болып қалар еді. Демек, этнографиялық лексика өзінің құрамын жаңа сөздермен толықтырып барады. Олардың көпшілігі әдеби тілде өнімді қолданылып, жалпы халықтық сөздерге айналады.

Этнографизмдер тілде бірден пайда болған емес. Олар-бір неше ғасырлардың жемісі. Этнографизмдер тек қазақ, қарақалпақ, өзбек,

---

түркмен және т.б. халықтарға тиісті болып қалмастан, олар басқа халықтарға да ортақ болып саналады. Кейбір этнографизмдер халықтардың өз алдына бөлініп шыққаннан кейін, олардың тұрмыс–тіршілігі мен мамандық түрлеріне байланысты пайда болып қалыптасқан және сонымен бірге лексикалық қорын байытып отырған. Осы жағынан алып қарағанда қай халықтың болса да тіліндегі этнографизмдер өздерінің шығысы жағынан лексикалық қабаттың ішіндегі ең ескісі болып саналады.

Тілді зерттеу мәселесі жергілікті халықтың тарихынан бөлек қаралмайтыны белгілі. Сондықтан да жұмыстың бұл бөлімінде Қарақалпақстанда жасайтын қазақтардың тарихына қатысты бірқатар мәліметтер туралы сөз етіледі.

Әмудария мен Арал жағаларында жасаған халықтардың, соның ішінде қазақ халқының бұл жерлерге көшіп келу, орналасу тарихы ертеректен басталады. Демек, бұл өлкедегі қазақтардың тарихын басқа тұрғындардың тарихымен тығыз байланыста қарау керек. Өйткені олардың тарихы Хорезм ойпатын мекендеген халықтардың тарихымен байланысты болды. Бұл халықтар саяси, мәдени және экономикалық жағынан бір мемлекеттің қол астына қараған.

Жоңғар феодалдарының Қазақстанға жасаған шабуылдары қазақтарды бүлгіншілікке ұшыратып отырды. Бұл оқиға қазақ халқының тарихында «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деп аталды. Осындай жағдайлардың нәтижесінде қазақтар өздерінің ата мекенін тастап көшуге мәжбүр болған.

XVIII ғасырдың бастарында қарақалпақтардың көпшілік бөлегі Хорезмнің шекараларын мекендеген. 1723–жылы Сырдария аудандарын жоңғарлардың басып алуы қарақалпақтардың Хорезмге көшіп келуіне басты себеп болды.

Қарақалпақстандағы қазақтардың қоныс басуы осы уақыттан басталады. Оның бірінші себебі жоңғарлардың қазақтарға шабуылы болса, екіншісі–XIX ғасырдың 20–40–жылдарындағы шаруашылықтың төмендеуі салдарынан, көшпелі қазақтардың ішкі әлеуметтік және экономикалық процесімен, атап айтқанда, кедей қазақтардың егіншілік кәсібіне ұмтылуымен және қазақ ауылдарына Хиуа ханының тонаушылық әрекеттері болды.

Қазақтардың бұл аймаққа келе бастауына басқа да себептер болғандығы байқалады. Біріншіден, мал шаруашылығымен айналысқан қазақтар үшін жылы жер, жақсы жайылым керек болды, екіншіден, қазақтардың өздерінің ішінде жиі ұшырасып тұратын сол уақыттардағы рулар тартысы себеп болды. Осындай жағдайлармен де қазақтардың бұл жерден қоныс табуы мүмкін.

Жоғарыда келтірілген тарихи деректерге қарағанда бұл жердегі қазақтардың қарақалпақ, өзбек және түркмен халықтарымен көп



---

уақыттар бірге өмір сүріп келгенін көріуге болады. Соның нәтижесінде Қарақалпақстан тілдік және этнографиялық ерекшеліктерге ие болған. Қазақтардың тіліне әсіресе қарақалпақ тілінің әсері өте күшті болған. Қарақалпақтар мен қазақтар басқа ұлттарға қарағанда территориялық, административтік, экономикалық және мәдени жақтан көбірек байланыста болды.

Қарақалпақстан қазақтарының тіліне басқа тілдердің әсері тиюінің екі жағдайын көрсетуге болады. Біріншіден, жергілікті қазақтардың қарақалпақ, сондай-ақ өзбек және түркмендермен көршілес, шекаралас жасауы нәтижесінде және екіншіден, басқа тілдердің бұл сөйлесімдері тікелей емес, ал оларға шекаралас қазақ тілінің басқа сөйлесімдері арқылы да өтуі. Сонымен бірге көршілес отырған халықтардың тілінен тысқары қазақ тілінің басқа сөйлесімдері де әр түрлі тарихи жағдайларға байланысты белгілі мөлшерде Қарақалпақстан өлкесінде жасайтын қазақтардың тілінде өзінің іздерін қалдырды. Бұл іздер қазір зерттеліп отырған говордың тілінде көрінеді.

Түркі халықтары өз алдына бөлініп шыққаннан кейін, жоғарыда айтқанымыздай, тұрмыс–тіршілігіне байланысты олардың тілдік ерекшеліктері де өздігінше қалыптасқан. Міне, солардың ішінде этнографизмдер де әр халықтың ұлттық ерекшелігін көрсететін тілдік белгі болып қалыптасып бастады. Мысалы, қазақ халқы басқа түркі халықтардан, соның ішінде Орта Азия халықтарынан мал шаруашылығына байланысты этнографизмдердің мол кездесуімен де ерекшеленіп тұрады. Мысалы, түйе шаруашылығына байланысты *бір келелі түйе, екі келелі түйе, үкі бота, бір тума*, не болмаса *қабырға талқысы, қабырғаның етегі, қабырға беру, асықты жсілік ұстату* және т.б.

Қарақалпақстанның солтүстік аудандарының халқы мақташылық және күріш егумен шуғылданса, оңтүстік аудандарында мақташылық, жібек құртын өсіру және бау-бақшалық негізгі кәсіптері болып есептеледі. Мал шаруашылығы– екі жаққа да ортақ. Сондай-ақ оңтүстікте үй салу мен оны безеу жұмыстары ерекше дамыған. Бұның үстіне республикада жасайтын халықтар этникалық құрамы жағынан да екіге бөлініп тұратындығы байқалады. Оңтүстік аудандарда өзбектер, қазақтар, түркмендер және қарақалпақтар жасайды. Солтүстік аудандардың халқын, негізінен, қарақалпақтар құрайды. Бұл территорияда өзбектер мен қазақтар аз санды құрайды, түркмендер өте сирек ұшырасады.

Міне, осы жағдайларға байланысты, Қарақалпақстан аймағын әдет–ғұрып, салт–дәстүр жағынан да екі топқа бөліп қарауға болады. Бұның себебі, біріншіден, олардың шұғылданатын әр түрлі кәсіптері болса, екінші жағынан, халықтардың этникалық құрамы. Шартты түрде осылай бөлгенмен, әдет–ғұрыпқа байланысты екеуіне де ортақ құбылыстардың бар екенін жоққа шығара алмаймыз.

---

Қарақалпақстанның солтүстігі мен оңтүстік аудандары арасындағы қарым-қатынастың күштілігі, барыс-келістің жиілігі оларды біріктірудің бірден-бір дерегі болып табылады. Бұл айтылғандардың үстіне осы халықтардың өткен дәуірлерден, яғни ата-бабаларынан келе жатырған дәстүрлерінің жалғасып келуі бүгінгі күнгі халықтардың басын біріктіруіне себепші болады.

Мәселенің шындығына келсек, халықтардың тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпына байланысты лексиканы үйрену тек халықтардың тарихи өміріне байланысты қызықты деректер берумен бірге, оның ауызекі әдебиеті, психологиясы, педагогикасы мен тілі жөнінде де құнды мәліметтер беретіндігі толық анықталып отыр.

Жоғарыда келтірілген пікірлерді мынадай мысалдармен дәлелдеуге болады: *қыз ұзату, келін түсіру, той беру* және т.б. Осыған байланысты қазақ және қарақалпақ тілдерінде *қыз жасауы* деген лексема да бар, ал бұл лексема өзбек, түркмен тілдерінде *сеп* формасында айтылады.

Қарақалпақстан қазақтарының тіліндегі әдет-ғұрып пен салт-дәстүр лексикасы жоғарыда келтірілген мысалдардан көрініп тұрғанындай, халықтардың өткендегі тарихына байланысты құбылыс. Сондықтан да, жұмысымызда кейбір ескі лексемалардың этимологиясын ашуға тырысамыз. Қарақалпақстан қазақтарының тіліндегі келін түсіруге байланысты айтылатын *қуғыншы, тәп берді, пәтек, шақырыспа, қонық беру, кепкір күйді* және т.б. толып жатырған сөздер мен сөз тіркестер этимологиясын ашып беру түркі тілдерінің тарихын үйренуде бағалы материал бола алады. Бұдан өзге баланы сүндеттеуге байланысты *сүндет той, сүндет ету, қолын адалдау, мұсылман қылу*, өліні жайғастыруға байланысты сөздер мен тіркестер тіл тарихы мен қазіргі тілдің жағдайларын үйренуде өте бағалы мәліметтер береді.

Этнографиялық лексика туралы алғашқы мәліметтер орыс ғалымдарының зерттеулерінде де кездеседі. Мәселен, О.А.Нечаеваның осы мәселе бойынша жариялаған арнаулы ғылыми мақаласында этнографиялық лексика туралы қысқаша түсінік беріліп, оның сөйлеу тіліндегі орны мен маңызы, әдеби тілмен байланысы кең түрде сөз етілген. А.В.Калинин этнографиялық лексиканы диалектілік лексиканың айрықша тобы, яғни этнографиялық диалектизмдер—бұл белгілі бір территориядағы жергілікті атаулар деп есептейді [1]. Ал Н.М.Шанскийдің пікірі бойынша, этнографиялық лексика күнделікті қолданыстан шығып қалған заттар мен құбылыстарды білдіретін сөздерден құралған, сондықтан олар (этнографизмдер) әдеби тілде өзінің эквивалентіне ие емес [2].

Этнолингвистика тарихындағы алғашқы мектептер, олардың өкілдері тарапынан жазылған еңбектердің бағдары, концепциялары туралы толық мәліметті проф. Б.Қалиевтің «Жалпы тіл білімі» (Алматы, 2000) деген еңбегінен көруге болады.

---

Тюркологиядағы, соның ішінде қазақ тіл біліміндегі этнолингвистиканың негізі академик Ә.Қайдаровтың атымен тікелей байланысты. Оның еңбектерінде қазақ этнолингвистикасының объекті, мақсаты, оны топтастырудың принциптері, зерттеу тәсілдері және т.б. белгіленген. Міне, соның нәтижесінде қазақ тіл білімінде бір қатар маңызды ғылыми еңбектер баспадан шықты.

Қазақ тіл білімінде біз зерттеп отырған мәселеге арналған бірлі–жарым зерттеулер жарияланды. Бұл зерттеулер этнолингвистикадағы кейінгі еңбектердің пайда болуына түрткі болды.

Қазақ халқының этнографиясы бір неше ғасырлардан бері Еуропа ғалымдарының назарында болып келген. Бұл мәселеге тарихшылар мен этнограф ғалымдар бағалы еңбектер жазғаны белгілі.

Соңғы жылдары қазақ халқының этнографиясы бойынша С.Қасиманов, Х.Арғынбаев, С.Мұқанов, Ш.Жанәбілов, Ж.Бабалықов, А.Марғұлан, А.Сейдімбеков және т.б. ғалымдардың еңбектері жарияланды. Бұл еңбектерде қазақ халқының тарихын, этнографиясын, психологиясын және тілін танытатын деректер мол ұшырасады. Себебі, бұл еңбектердің барлығы қазақ халқының өткендегі тұрмысы, күн көріс кәсібі, құрал–саймандары, қару–жарақтары т.б. туралы мәліметтер беріп ғана қоймай, олардың этимологиясы туралы да қызықты деректер болып саналады. Сондықтан да бұл деректердің келешек ұрпаққа таптырмайтын байлық екендігі даусыз. Себебі қазіргі күннің өзінде кейбір этнолексемалардың мағыналары күнгірт тартып, қолданылудан шығып бара жатырғандығы сезіледі. Этнографизмдердің өзі халықтың өмірінен, оның ауызекі әдебиетінен пайда болып отырады. Ә.Қайдаровтың көрсетуінше, этнолингвистиканың бір дерегі–бұл ауызекі әдебиет [3]. Осы жағынан алып қарағанда, ауызекі сөйлеу тіліндегі этнографизмдерді жинап, көпшілікке таныстыру игілікті іс деп ойлаймыз.

Хорезм ойпаты қазақтарының тарихы, этнографиясы, этникалық тобы мен тілінің ерекшеліктерін жинау және зерттеу мәселесі азды–көпті болса да 1940–жылдардан бастап қолға алынған. Бұны біз 1960–жылы Қарақалпақстанға ұйымдастырылған диалектологиялық экспедиция материалдарына сүйеніп айтып отырмыз. 1960–жылдан кейін Қазақстан Ғылымдар Академиясының Тіл және әдебиет институтының ғылыми қызметкерлері Ә.Құрышжанов, С.Омарбеков, Қ.Өмірәлиев, О.Нақысбеков, Б.Ысқақов, А.Махмутов, Н.Жүнісов, Б.Бекетовтар арнаулы түрде экспедицияға шығып, Қарақалпақстанда жасайтын қазақтардың тарихына, этнографиясына, ауызекі әдебиет материалдарына және тіл ерекшеліктеріне байланысты көптеген материалдар жинады.

Қарақалпақстандағы өзбек говорларында ұшырасатын этнографизмдер А.Ишаев пен Э.Оразовтың еңбектерінде берілген.

---

Өзбек тілінің басқа кейбір говорлары материалдары негізінде де этнографиялық лексика арнаулы зерттелді [4].

Қарақалпақ тіліндегі кейбір этнографизмдер жөнінде Қ.Айымбетов, О.Доспанов пен Т.Бегжановлардың еңбектерінен [5], Д.С.Насыров пен О.Доспанов тарапынан түзілген «Қарақалпақ тілінің диалектологиялық сөздігінен» (Нөкіс, 1983) көруге болады. Қарақалпақ тіліндегі этнографиялық лексика жөнінде арнаулы мақала жарияланып, онда этнографиялық лексиканың кейбір жалпы мәселелері сөз етілген [6].

Қарақалпақстан қазақтары тіліндегі этнографизмдерді екі көзқарастан алып қарауға болады: жалпы түркі халықтарына және қазақ халқына ортақ этнографизмдер. Мысалы, Наурыз мерекесіне, қыз ұзату мен келін түсіру дәстүрлеріне, сүндет етуге байланысты, сондай-ақ, шілдехана, ораза айт, құрбан айт, жарапазан сияқты рәсімдер. Бұндай той-мереке мен дәстүрлерді өткізуде жергілікті қазақтарға тән ерекшеліктер де байқалады.

Қарақалпақстан қазақтарында жалпы қазақ дәстүрлерінде қолданылатын этнографизмдердің барлығы қолданыла бермейді. Мәселен, *қымыз мұрындық* сөзі–қазақтардың салт-дәстүрінде март айынан бастап май айына дейін болатын мерекені білдіреді. Бұл дәстүр Қарақалпақстандағы қазақтарда ұшыраспайды. *Мизам (сабан) тойы* Қарақалпақстан қазақтарында диқандар мерекесі болып, бүгінгі күнде бұны *пахта байрамы(мақта тойы)*, *республика тойы*, кейде *зүрәат (өнім) байрамы* деп те атайды. Қазақтардың дәстүрінде бұл мереке күзде өткерілетін болса, ал Қарақалпақстанда ол декабрь айында өткеріледі.

Қазақ халқының дәстүрінде бұрыннан қалыптасқан ескі дәстүрлердің бірі– бұл *соғым басы*. *Соғым басы* қар жауып, қыс түскен уақытта басталады және қысы бойы бола беретін дәстүр. Бұнда ауыл адамдары жиналып, ертегі, хисса, терме және жырлар айтып, жиналғандарды таң атқанша қызыққа батырады. Ал Қарақалпақстан қазақтарында *соғым* деген сөздің өзі сирек қолданылады.

Ірі қараны бір неше үй бірігіп сойып алады. Бұны «*аяқтаспа*» деп атайды. *Аяқтаспаның* үстіне келген адам қазақтың ескі салты бойынша «соғым сүйкімді болсын» деген тілек айтады. Ал аяқтаспаны сойған адамға *қолүздікке ет* беріледі. Қарақалпақстан қазақтары қазақ әдеби тілінде қолданылатын *шұжықты қазы* деп атайды. Одан басқа соғымға байланысты айтылатын *жал*, *жася*, *қарта* лексемалары да қолданылады.

Қарақалпақстан қазақтарының ең үлкен және дәстүрге айланған мерекесі– бұл *Наурыз мерекесі*. Бұл күн мен түннің теңескен күні тойланады. Түпкілікті қазақ дәстүрінде «тепе–теңдік, жаңару мерекесі» деп аталады. Түркі халықтары, соның ішінде қазақ халқы да бұл мерекеге үлкен мән берген. Этимологиялық жақтан алып қарағанда,

---

*наурыз*– парсы сөзі болып, «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Орта Азия республикалары тәуелсіздікке еріскеннен кейін, Наурыз жаңаша белгіленетін болды.

Қазақ халқының бұрынғы дәстүрінде Наурызға «пәлен күні наурыз болады, соған таярланыңдар» деп біреуді үгіттемеген, немесе «Наурызға таярлығың қалай?» деп те сұрамаған. Әр үй өзінің хал-жағдайына қарай барын киіп, үйдегі барынан көже (ас) пісіріп, ауыл сыртына, қырға шығып, бір–біріне дәм таттырған, сөйтіп түс ауғанша ән айтып, жыр жырлап, күй тартып мерекелеген.

Жергілікті қазақтар үшін жаңалық *сүмелек таярлау* немесе *сүмелек* деген этнографизм қолданылады. Бұл қарақалпақстандық қазақтардың тіліне қарақалпақтардан тікелей өткен. Сүмелек– жаңа өсіп келе жатырған бидайдың сүтті сабағынан жасалатын, ішіне әр түрлі тағамдық заттар қосып, түн бойы ұзақ қайнатылып таярланатын тағамның түрі.

Жалпы қазақ халқының дәстүрінде «Ұлыстың ұлы күні» деп саналып, халық жақсы киініп, ел аралап, бір–бірін құттықтап, жақсы тілектер тілеп, жасы үлкенлер бата беріп, игі тілектер тілеген. Бұл дәстүр–өзбекте де, қарақалпақта да, жалпы Шығыс халықтарында үлкен халықтық мереке.

Қарақалпақстан қазақтарының ертедегі дәстүрлерінде ерекше мән берілетін мерекелердің бірі– бұл діни дәстүрлерге байланысты мерекелер. Қарақалпақстан қазақтарында Қазақстан аймағымен салыстырғанда діни мерекелерге ерекше назар аударылады. Бұның басты себебі бұл өлкеде мұсылман дінінің әсері күшті екендігін түсіну қиын емес. Бұрынғы кеңес өкіметінің тұсында да Өзбекстанда діни мерекелер жасырын болса да азы-кем белгіленіп тұрды. Бүгінгі күнде ораза айт, құрбан айт күндері мемлекет тарапынан арнаулы түрде мереке күні деп белгіленеді.

Қарақалпақстан қазақтарының діни мерекелерінің ішінде ерекшелік *жарапазанға* байланысты екендігін байқаймыз. Бұрынғы уақытта жоқ–жұқа адамдар ауыл аралап, әр үйдің қасына барып жарапазан айтып, сол үйден азы–кем бір нәрсе алатын болған. Бұл жарапазан айтушы адамдардың діни сауаты және ақындық өнері де болған. Олар өз өнерлері арқалы дінді, пайғамбарды, шарифат жолын дәріптеп айтатын болған.

Қарақалпақстан қазақтарында сақталып қалған тойдың түрі– бұл *сүндет тойы* деп аталады. Оны кейде *пәнкі той, айдар той, тіл ашар тойы* деп те атайды. Тойға келген қонақтар «сүндетің қабыл болсын», «мұсылманшылығың құтты болсын» деген тілек білдірген. Сүндетке отырғызу VII –VIII ғасырларда арабтардың келуімен байланысты болса керек. Бұл кейін ала қазақтар үшін үлкен тойлардың біріне айналған. Бұл тек мұсылманшылықтың белгісі болып қалмай, сонымен бірге, «баланың үлкейіп, азамат болып, ата–анасына көмекші болды» дегенді

---

де білдірсе керек. Сондықтан да, бұны Қазақстанның кейбір жерлерінде *атқа мінгізу тойы* деп атайды. Баланы атқа мінгізіп ауыл ақсақалы немесе нағашылары жиылған халықтың алдынан аралап өтеді. Оған «атың құтты болсын» деген тілек айтады. Бұл тойда ата–ана балаға үлкен сый көрсетіп, оған арнап ат белгілейді. Бұдан кейін бала үлкен жауапкершілікті сезініп үй тұрмысына белсене қатысады.

Кеңес үкіметі дәуірінде *сүндет ету* дегенді *қолын адалдау* деп те атаған. Міне, осыған байланысты, «баласының қолын адалдау, «баламыздың қолын адалдайын деп отырмыз», «балаңыздың қолының адалдығы құтты болсын» деген фразалық этнографизмдер айтылады. Бұл тіркестерді әсіресе қарақалпақтардан кірген этнографизм деп атауымызға болады. Себебі, бұл сөздер қазақтарға қарағанда қарақалпақтарда көп қолданылады.

XIX әсирде қазақ даласын жан–жақты зерттеген А.И.Левшин қазақ этнографиясына арналған еңбектерінде: «Сүндетке отырғызу–қырғыздардың (яғни қазақтардың) құран тәртібін ең дәл сақтайтын дәстүрі. Ата–ана діннің ең қасиетті парызын жүзеге асырғандай қуанып той жасайды»–деп жазған еді [7]. Ғалымның бұл айтуына қарағанда, сүндетке отырғызу дінге байланысты болғанымен, ата–ананың балаға деген ең алғашқы үлкен тойларының бірі болғандығын байқаймыз. Бұл тойды әркім өзінің хал–жағдайы немесе шамасына қарай өткізетін болған.

Қарақалпақстан қазақтарының тұрмысында той дәстүрлеріне байланысты этнографизмдерді екі дәуірге бөліп қарау әдеті бар. Бірінші–ислам дәуіріне дейінгі әдет–ғұрыптар, екінші–ислам дәуірінде пайда болған әдет–ғұрыптар. Ислам дәуіріне дейін пайда болған әдет–ғұрыптар барлық түркі халықтары үшін ортақ. Ал одан кейінгі дәуірде қалыптасқан этнографизмдер Орта Азиядағы түркі халықтары үшін ортақ болып табылады. Мәселен, *қыз ұзату*, *тұсау кесу*, *құрсақ шашу* (Қарақалпақстанның кейбір жерлерінде *қарын той* деп аталады), *шілдехана* және т.б. Этнографизмдердің ішінде қазіргі күнде қолданылмайтын, бірақ қазақ халқының дәстүрінде бұрын болған *есік–төр көрсету*, *атқа мінгізу*, *тоқым қағу*, *тілашар той*, *қынаменде тойы*, *көрпе қимылдатар* деген дәстүрлер бүгінгі күнде айтылмайды. Бұл дәстүрлер көрші халықтарда да кездеспейді. Бұларды біз тек көркем шығармалардан ғана оқып білеміз. Дегенмен, осылардың көпшілігі қазіргі күнде дәстүр ретінде қолданылады. *Қынаменде* күйеу бала мен қалыңдық алғашқы түнеген күнінен кейін берілетін тойдың аты. Бұның тнегізі: *қына*–шөптің аты, *мен* сөзі монғол тілінен кірген, демек, «*мен тазамын*» деген мағынаны білдірген.

Қарақалпақстан қазақтары тілінде *қына менде* түрінде айтылмайды. *Қына* сөзі *қына той*, *қынаны басты* деген тіркестерде қолданылады. Бұл сөздердің мағынасы қазір өзгерген. Мәселен, ауызекі сөйлеу тілінде

---

«атты мұнша терлетіп, әкеңнің қына тойына шаптың ба?» немесе «есекке қынаны басты» түрінде қолданылады. Біреуге кейігенде «қынасын басты» деп те айтылады. Бұндағы *қына* сөзінің мәні– «қан шығару», ол *жанын шығару*, *қатты қынау* деген сөздерге мағыналас. Бұл сөздер «қына менде» мағынасынан бүтіндей айрылып, жаңа мағынаға ие болған.

Мағынасы өзгерген бұндай этнографиздерге Қарақалпақстан қазақтарының тіліндегі *көрпе қимылдату* этнографизмін де жатқызуға болады. 1) Сен, Нурым, ең болмаса, көрпе қимылдатарын өзің ал,—деді (Х.Есенжанов. «Тар кезең» романы). 2) Көрпе қимылдатарым деп Әлидің қалтасын сыпырып алды. (С.Омаров «Дала қызы»). Қазақ тілінің көп томдық түсіндірме сөздігінде *көрпе қимылдатар* ескі дәстүр бойынша күйеу жігіт өзінің қалыңдығымен ең алғаш рет кездесуінде қайын жұрт жеңгелеріне беретін ырымы, дәстүрі деп түсінік берілген.

Қазір бұл дәстүр Қарақалпақстан қазақтарында жоқ, бірақ қатар–кұрбылар арасында әзіл ретінде ұзақ жолдан келгенде «көрпе қимылдатарыңды өзім аламын» деп айтады.

Осындай этнографизмдердің бірі–бұл *тоқым қағу* тойы. Қарақалпақстан қазақтарында бұл бұрынғы қазақ дәстүріндегідей арнаулы жасалмайды. Оны қазір – *жол ашар* деп атайды. Бұл– баласы ұзақ жолға, оқуға, әскери қызметке немесе сапарға шыққанда көрші–қолаңға берілетін жолашар. Бұндағы мақсат– «жолы ашық болсын», «аман барып, сау қайтсын», «олжалы қайтсын» деген тілектер білдіру.

Қарақалпақстан қазақтары тілінде көрші халықтар тілдерінің әсерінен пайда болған *армасын айту*, *армасынға келу*, *отырыспа*, *гештек* сияқты сөздер мен тіркестер көп қолданылатын болды. Себебі бұл халықтар Қарақалпақстан территориясында бір неше ғасырлардан бері бірге жасап келеді, олардың экономикасы, тілі, дәстүрі ортақ. Әсіресе соңғы уақыттары дәстүр ортақтығы бұрынғыдан да күшейе бастады. Қарақалпақстанда жасайтын халықтардың барлығында да той беру, қыз ұзату, келін түсіру, өліні жерлеу және т.б. дәстүрлер өткеріледі. Бұлардың мазмұны да заманға сай жергілікті халықтардың ауызбіршілігін және халықтардың өзінің негізгі дәстүрлерін жоғалтпауға бағытталған. Жергілікті халықтардың көңіліне ұнаған ұлттардың озық салт–дәстүрлері қолданылып, туысқан халықтардың мәдениетін байытып отырады. Сондықтан да әрбір халықтың тіліндегі этнографизмдерді зерттеу, оларды жақын тілдермен салыстырып үйрену тіл тарихы үшін үлкен маңызға ие болып табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Бекетов Б. Қарақалпақ қазақтарының тілі. Алматы, Рауан, 1992, 10-бет.
2. Шанский Н.М. Лексикология современного русского языка. М., Просвещение, 1964, 118-бет.
3. Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері.-Алматы: Ана тілі, 1998-69б.

- 
4. Ишаев А. Қарақалпоғистандағы ұзбек шевалари. Тошкент, Фан, 1977; Уразов Э. Жанубий Қарақалпоғистондағы ұзбек шевалари. Тошкент. Фан. 1978.
  5. Доспанов О. 1) Қарақалпақ тили қубла диалектиниң лексикасы. Нөкис, 1977; 2) Диалектная лексика каракалпакского языка. Нукус. 1980; *Бегжанов Т.* Қарақалпақ тили диалектологиясының мәселелеринен. Нөкис, 1971; *Айымбетов Қ.* Халық даналығы. Нөкис. Қарақалпақстан. 1988.
  6. *Насыров Д.С., Доспанов О., Жумашиев Х.* Об этнографической лексике каракалпакского языка// «Вестник Каракалпакского филиала АН Узбекистана», 1987, N1, 84-87-бетлер.
  7. Европа ғалымдарының қазақ мәдениеті туралы ой-пікірлері. Алматы. 1992, 20-бет.

### Резюме

В данной статье рассматриваются этнографизмы встречающиеся на языке казахов Каракалпакстана.

### Summary

This article is about ethnographismes meeting in language of Kazakhs of Karakalpakstan.

*Асанова Ж. Е.*

*Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университеті  
Түркі филологиясы кафедрасының аға оқытушысы*

## Қарақалпақстан қазақтары тіліндегі лексикалық ерекшеліктері

Халық тілінде кездесетін тіл ерекшеліктері - тіл зерттеушілердің назарын ертеден аударып келе жатқан құбылыстардың бірі. Қай тілде болса да осы жергілікті деп аталатын тіл құбылыстарын кездестіреміз анық. Бірінде аз, бірінде көп дегендей, мұндай белгілі бір аймақтағы жергілікті ерекшеліктердің барлық тілде бар екені белгілі.

Екі тілдің арасындағы ортақ белгілердің, ұқсастықтардың болуы - сол тілдердің арғы төркініндегі тектестікті меңзейтіні немесе осы тілдер арасында бергі замандарда болған ауыс-түйісті меңзейді. Ауыс-түйіс дегеннің тілде орын тебуінің себебі екі халықтың арасында қазіргі сәтте біздің көз алдымызда болып отырған я болмаса өткен бір тарихи кезеңде болған тілдік қарым-қатынаста жатыр. Кеңірек айтатын болсақ, тілге басқа тілдердің әсер етуі, кірме белгілердің баршасы сол тілдің иесі болып есептелетін халықтың өзге бір халықтармен арадағы тілдік байланыстың нәтижесінде пайда болады.



---

Біздің сөз еткелі отырғанымыз - Қарақалпақстан аймағындағы бірнеше ұлт өкілдерімен (өзбек, қарақалпақ, түркмен) бірнеше ғасырлардан бері аралас отырған қазақтардың тілі мен басқа тілдердің тигізіп отырған ықпалы туралы мәселе.

Біздің зерттеу объектіміз болып отырған - Қарақалпақстан аймағындағы қазақтар сонау есте жоқ заманнан бері күні бүгінге дейін өзге халықтармен бірге өсіп, біте қайнаған кәрі қоныстардың бірі, оның үстіне жылдың әр мезгілінде келіп дүркін базар шығып, бас қосып отырған әртүрлі қарым-қатынастың орталығы болуы себепті - Қарақалпақ өңірі лингвистикалық тұрғыдан болсын, тарихи-этнографиялық тұрғыдан болсын зерттеуге әбден тұрарлық.

Сыртқы әсердің жетегіне еруге өте бейім тұратын тілдің лексика саласы. Лексикамен салыстырғанда тілдің дыбыс, грамматика сияқты салаларының өзге тілдердің ықпалына ұшырауы анағұрлым баяу. Дегенмен, тілдің дыбыстық, грамматикалық жүйесінің мұндай ауыс-түйіс мәселелері кем дейтін болсақ та, біз зерттеу жүргізу барысында кейбір дыбыстық грамматикалық құбылыстардың қарақалпақ тілінің қазақтар тіліне, кейбір аймақтарда қазақ тілінің қарақалпақтар тіліне әсер еткенін байқадық.

Осындай екі тілдің бір-біріне әсер ету құбылыстарының біразы - қазақ елінің этногенездік құрамына еніп, халықтық тіліміздің қалыптасуына ұйытқы болған ежелгі ру-тайпа диалектілерінен сақталған көне нышан да, енді біразы-қазақ халқының өзге жұрттармен арадағы араласы, қарым-қатынасы нәтижесінде еншіленген ауыс-түйіс дүниеліктер. Екінші сөзбен айтқанда, бергі замандардың жемісі - бөгде тілден ауысып келген кірме құбылыстар.

Қарақалпақстанның негізгі халқы болған - өзбек, қарақалпақ, қазақ, түркмен ұлт өкілдерінің жайласу жағдайлары әртүрлі. Оңтүстік аудандарда өзбек, қазақ, қарақалпақ, түркмендер аралас жасаса, солтүстік аудандарда қарақалпақтар мен қазақтар бірге өмір сүріп келеді. Бұлардың бір-бірінен шаруашылық жағынан айырмашылықтары бар. Мәселен, оңтүстік аудандардағы мақта, бау-бақша егістерінің түрлеріне байланысты лексикалық атауларда өзбек, түркмен тілдерінің әсері күшті болса, ал солтүстік, солтүстік-батыс аудандарда негізінен қарақалпақтар мен қазақтар жасайтындықтан, барлық салада бұл екі тілдің әсер ету жағдайынан пайда болған лексикалық ерекшеліктер мол десе де болады.

Қарақалпақстан қазақтары тіліндегі лексикалық ерекшеліктер – үлкен әңгіме. Біз соның ішінде жергілікті қазақтар тілінен алынған синоним, омоним және көп мағыналы сөздерді әңгіме етеміз.

Белгілі бір заттың немесе ұғымның бірнеше атаумен аталуы себепсіз құбылыс емес. Белгілі бір аймақ тұрғындарының тілінде синонимдік қатарлардың көптеп кездесуі – сол тіл өкілдерінің басқа ұлт өкілдерімен жиі қарым-қатынас жасап, олардың тілдерінің бір-біріне әсер етуінен пайда болғандығын білдіреді.

---

Қарақалпақстан қазақтары тіліндегі диалектілік сөздермен қатар қарақалпақ әдеби тілі элементтерінің жарыса, жиі қолданылуы нәтижесінде синонимдік қатарлар саны көбейген. Жергілікті қазақтар тілінде конкрет зат атауларымен байланысты *темір жаба, айыр, шаршақ, жаба* (шөп жинайтын құрал); *зәңгі, баспа, тепе, саты* (баспалдақ); *деңгене, аяқташпа/аяқтаспа* (малды сойып, етін жіліктеп бөліп алу); абстракт түсінікке байланысты *қаридар, мұтәж, қардар* (қазақ әдеби тілінде мұқтаж) сияқты сөздердің алдыңғы екеуі қарақалпақ тілінде әдеби норма болып, соңғы *қардар* сөзі жергілікті қазақтар мен қарақалпақтар тілінде актив қолданылатын диалектілік сөз болып есептеледі. *Дімкәс, науқас, битан, кесел* (ауру, науқас); *бардамлы, құрғын, күйлі* («жақсы жасау» мағынасында) сияқты сөздер жергілікті қазақтар тілінде жарыса қолданылады. Сол жергілікті қазақтармен аралас отырған қарақалпақ ұлт өкілдерінің тілінде де қазақ әдеби тіліндегі *науқас, күйлі* сияқты сөздерді кездестірдік.

Жергілікті қазақтар мен қарақалпақтар күнделікті тұрмыста, өзара қарым-қатынас жасау процесінде синонимдік қатарлардың қолданылуы бір тегіс емес. Олардың кейбірі жарыса, жиі қолданылса, кейбірі сирек қолданылады. Мәселен, *дімкәс, битан, науқас, кесел* сөздерінің күнделікті тұрмыста көбірек қолданылатыны - бұл *дімкәс, битан* сөздері. Ал *кесел* сөзінің қолданылуы алдыңғы екеуіне қарағанда сирек. Ал *бардамлы, құрғын* сөздері *күйлі* сөзіне қарағанда көп қолданылады. Ал *қаридар, мұтәж, қардар* сөздері тең дәрежеде қолданылатынын материал жинау барысында байқадық.

Қазақтар тығыз орналасқан аймақтардағы қазақ және қарақалпақ ұлт өкілдерінің тілдерінде қарақалпақ әдеби тіліндегі *шише* сөзімен қазақ тіліндегі *шыны* сөзі қатар қолданылып синонимдік қатар пайда еткен. Жергілікті қазақтармен аралас отырған қарақалпақтардың тілінде *той* сөзіне синоним ретінде қазақ әдеби тіліндегі *мейрам, мереке* сөздері қатар қолданылады. Осы сөзбен түбірлес *тойлау, мерекелеу* сөздері айтылады. *Жомарт, мырза, сақи, ділмар, сөзшең, шешен, ділуар* сөздері аралас отырған екі ұлт өкілдерінің тілдерінде айтылады.

Қарақалпақстан қазақтары тіліндегі синонимдік қатарлардың көп кездесуінің себебі – қарақалпақ тілінің әсерінен жасалған сөздер және кейбір аймақтарда екі тілдің аралас қолданылуынан.

Қарақалпақстан қазақтары тілінде формасы жағынан бірдей, бірақ мағынасы жағынан үйлеспейтін омонимдер де кездесіп отырады. Қарақалпақстан қазақтары тілінде омонимдердің жасалуында өзгешеліктер бар. Жергілікті қазақтар тіліндегі омонимдердің ішінде тек қарақалпақ тілінің элементтері ғана емес, өзбек тілінің де элементтері байқалады. Сондай-ақ көршілес отырған түркмен тілінен де біраз сөздер кездеседі. Мәселен, *ақтық* сөзі бірнеше мағынаны білдіреді: 1) Жергілікті қазақтар тілінде «баласының баласы» немесе «қызының

---

баласы» мағынасында қолданылады. Қарақалпақ әдеби тілінде *ақлық*, ал қазақ әдеби тілінде немере түрінде айтылады. Қарақалпақ әдеби тіліндегі *ақлық* формасындағы сөз жергілікті қазақтар тіліне әсер етіп, л дыбысы т дыбысына ауысып, ол *ақтық* формасына келген. Мысалы: *Орал әже ақтығына қызық әңгіме айтып отырды.* 2) Ақ мата. 3) Егіске арналған жер. 4) Ең соңғы рет және адалдық.

Осы *ақтық* сөзі қазақ әдеби тілінде ең соңғы рет және адалдық мағынасында қолданылады [1]. *Ақтық* сөзінің бірнеше омонимдік мағына пайда етуі - бір территорияда екі тілдің қатар қолданылуынан.

Саз сөзі қазақ әдеби тілінде 1) «Лай, топырақ» 2) «Көгалы қалың кең алқап» деген мағыналарды білдіреді.

Жөңкиді бұлттар жол беріп,  
Саумал көл, алда сайран саз.

(С.Жүнісов «Ақан сері»)

Қырғыз тілінде де осы мағынада қолданылады [2]. Қазақ тіліндегідей «көгалдық, кең алқап» мағынасында кездеспегенімен, қарақалпақ тілінде де бірнеше мағынаны білдіреді: 1) топырақтың қатты лай істеуге қолайлы түрі, 2) музыкалық аспап, 3) дайын тұру.

Қарақалпақ тілінде *саз* сөзімен байланысты фразеологизмдер де қалыптасқан: *Саз беру, таң саз берді* (таңның атуы), *саздұр, сазлаулы* (дайын тұру). *Саз* деген сөздің «музыкалық аспап» мағынасы көнерген сөз болып есептеледі [3]. *Саз* сөзінің жергілікті қазақтар тілінде қазақ әдеби тілінде және қазақ тілінің басқа говорларында кездеспейтін «еденнің астына салатын ағаш» мағынасы қолданылады.

Жалпы, қазақтар мен қарақалпақтардың ауызекі сөйлеу тілінде *саз* сөзі төрт түрлі мағынада қолданылады: 1) көгалы қалың кең алқап; 2) лай; 3) дайын тұру; 4) еденнің астына салатын ағаш. *Саз* сөзінің бірнеше омонимдік қатар құрауының себебі - жергілікті қарақалпақтар тіліндегі мағыналарының қатар қолданылуынан деген қорытындыға келдік.

Қарақалпақстан қазақтары тілінде синоним және омонимдермен қатар, қазақ әдеби тілінде кездеспейтін көп мағыналы сөздер де жиі қолданылады. Мәселен, атақ сөзі 1) үй салатын бас шебердің көмекшісі; 2) үй салуда лай ататын адамды айтады. Пада сөзі 1) бір топ мал, бағулы мал; 2) шыбынның жиналған тобы Бимәлел сөзі 1) алаңсыз, уайымсыз жүру; *Жұмыс уақытында бимәлел жүруге бола ма?* 2) жақсы; *Ой бишара-ай, өзі бір жақсы бимәлел жігіт еді.*

Қарақалпақ әдеби тілінде де осы мағыналарда қолданылады [4].

Пошақ сөзі жергілікті қазақтар тілінде екі түрлі мағынаға ие: 1) қауын-қарбыздың дәні; 2) қауын-қарбыздың сыртқы қабығы. Негізінен бұл сөз ертеде бір мағынаға ие болған болуы мүмкін. Қазіргі кейбір түркі тілдерінде *пошақ* сөзі «қабық» мағынасын береді: түркмен тілінде *пачак* – қауын, қарбыз, асқабақ қабығы [5], өзбек тілінде *пучоқ* –

---

«жемістің, жұмыртқаның қабығы» [6], қарақалпақ тілінде *пошақ* – «қабық, пәлле» [7].

*Пошақ* сөзінің XV ғасырдағы мағынасы жоқарыдағы мағыналарының біріншісіне сәйкес келеді. *Басақ* – егіннің басы, дәні (колос) [7]. Осыған қарап, *пошақ* сөзінің алғашқы мағынасы дән, ұрық болған. Ал *қабық* мағынасы кейін пайда болған болуы мүмкін.

Жалпы, Қарақалпақстан қазақтары тілінде синоним, омоним және көп мағыналы сөздер өте көп. Ертеден белгілі бір затқа берілген атау кейін пайда болған заттардың алғашқы затпен атқаратын қызметінің немесе құрылысының ұқсастығының нәтижесінде алғашқы заттың атауын пайдалана отырып және туыстас қарақалпақ тілінде әдеби норма болып есептелетін кейбір сөздер жергілікті қазақтар тілінің лексикасына әсер етіп синоним, омоним, көп мағыналы сөздер категориясын пайда етіп отыр.

Қарақалпақстан қазақтары тілінде синоним, омоним, көп мағыналы сөздердің көп кездесуіне себеп – бір территорияда екі тіл элементтерінің қатар қолданылуынан деген қорытындыға келдік.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. -Алматы. Ғылым. 1985. Т.VIII.95-б.
2. Қырғыз тилинің түшүндүрмә сөздүгү. -Фрунзе. Мектеп. 1969. 513-б.
3. Қарақалпақ тилинің түсиндирме сөзлиги. –Нөкис. Қарақалпақстан. 1992. Т. IV. 161-б.
4. Қарақалпақ тилинің түсиндирме сөзлиги. –Нөкис. Қарақалпақстан. 1982. Т.I. .289-б.
5. Түркмен дилинің сөзлүги. Ашгабат. Туркменстан ССР Ылымлар Академиясы неширияты. 1962. 523-б.
6. Узбекско-русский словарь. Ташкент. Узбек Совет энциклопедияси. 1988. 350-б.
7. Русско-каракалпакский словарь. -Москва. Советская энциклопедия. 1967. С. 345.
8. Боровков А.К. Бада и ал-лугот. Москва. Издательство. Восточной литературы. 1961. С.133

#### **Резюме**

Статья освещает взаимовлияние между диалектами каракалпакского и казахского языков на территории северных районов Каракалпакстана.

#### **Summary**

This article is devoted to forrowing and mutual influence between karakalpak and kazakh languages on the northern part of Karakalpakstan.

## **Исследование развития когнитивных способностей у магистрантов юридических специальностей**

Перестройка и обновление современного общества в начале XXI века затрагивают все области материальной и духовной жизни. Качественный скачок, наблюдаемый сегодня в развитии новых технологий, повлек за собой резкое возрастание потребности во всех сферах деятельности в специалистах с высоким уровнем интеллектуальных и творческих способностей.

Интеллектуальный и духовный потенциал молодого поколения становится одним из ключевых факторов стабильности и поступательного развития мирового сообщества, основным рычагом, который имеет мир для решения глобальных проблем своего существования и прогрессирующего развития. В связи с этим существенно повышается роль высшего образования в формировании высокоинтеллектуальной, инициативной и творческой личности выпускника, способной самостоятельно формулировать проблемы государства и практически их решать.

Вместе с тем, учеными отмечается существенный разрыв между динамичными процессами в обществе и качеством формирования в высшей школе готовности личности к возрастающим, изменяющимся требованиям общества [1-3]. Поэтому исследование проблемы развития личности студентов и магистрантов в процессе обучения представляется актуальным.

Особое место в изучении личностного развития обучающихся занимает проблема взаимосвязи профессиональных наклонностей, то есть предпочтения определенной профессии, с проявлениями когнитивных способностей обучающихся. Успех любой деятельности зависит от уровня развития соответствующих способностей. «Способности» - одно из наиболее общих понятий психологии. Экспериментальное исследование человеческих способностей начинается с трудов английского ученого Френсиса Гальтона. Он сформулировал теорию наследственной детерминации интеллектуальных способностей, которая, однако, не подтвердилась результатами его эмпирических исследований. Все же Ф. Гальтон приблизился к представлению о сложной структуре интеллектуальных способностей.

Основоположником психологии способностей как научного направления в отечественной психологии является Б.М.Теплов. Им

---

выделены три определяющих признака способностей: способности - это индивидуально-психологические особенности, отличающие одного человека от другого; только те особенности, которые имеют отношение к успешности выполнения деятельности или нескольких деятельностей; способности несводимы к знаниям, умениям и навыкам, которые уже выработаны у человека, хотя и обуславливают легкость и быстроту их приобретения [4]. Аналогичные по содержанию определения даны и другими авторами. В современных энциклопедических словарях способности также определяются как индивидуальные особенности личности, являющиеся субъективными условиями успешного осуществления определенного рода деятельности.

Как видим, большинство авторов указывают на взаимосвязь способностей и успешности выполнения деятельности. Однако, помимо успеха в деятельности, как указывал Б.М. Теплов, способность детерминирует скорость и легкость овладения той или иной деятельностью и, следовательно, обеспечивает чувство легкости при обучении. Эта формула способности выражена В.Н. Дружининым в следующей зависимости: «чем больше развита у человека способность, тем успешнее он выполняет деятельность, быстрее ею овладевает, а процесс овладения деятельностью и сама деятельность даются ему субъективно легче, чем обучение или работа в той сфере, в которой он не имеет способности» [5, с.12-13].

Взаимосвязь между интеллектуальными способностями и деятельностью диалектична. Эффективное включение в любую деятельность требует определенного уровня способностей (1. абсолютно необходимых 2. относительно необходимых, 3. желательных) к этой деятельности, которая в свою очередь, определяющим образом влияет на процесс развития и формирования способностей.

Студенческий возраст характерен тем, что в этот период достигается оптимум развития интеллектуальных и физических сил. Так, например, экспериментальные данные показали, что пространственные представления достигают высокого уровня у первокурсников [5]. Этот уровень является максимумом к моменту поступления в вуз и в процессе обучения развивается незначительно. Значит, при поступлении абитуриент должен обладать высокоразвитой способностью к пространственным представлениям. Очевидно, это качество, в отличие от других умственных способностей, больше зависит от природных способностей индивида. Таким образом, представление о сложных отношениях интеллектуальных способностей и видов деятельности является основой для исследования интеллектуального развития обучающихся.

Учебно-профессиональная деятельность является ведущей в студенчестве. Для деятельности молодого человека, обучающегося в

---

вузе, характерна интенсивность функционирования психики, высокое интеллектуальное напряжение. В ходе учебной деятельности у обучающихся возникают перегрузки и появляются задачи, вызывающие напряженность (сдача экзаменов, зачетов и т.д.).

В связи с этим встает вопрос, какие именно нужны способности? Для успешного обучения в вузе необходим довольно высокий уровень общего интеллектуального развития, в частности, восприятия, представлений, памяти, внимания, мышления, уровня владения определенным кругом логических операций. При некотором снижении этого уровня возможна компенсация за счет повышенной мотивации или работоспособности, усидчивости, тщательности и аккуратности в учебной деятельности. Но есть и предел такого снижения, при котором компенсаторные механизмы не помогают.

Высшее образование оказывает огромное влияние на психику человека, развитие его личности. За время обучения в вузе, при наличии благоприятных условий, у обучающихся происходит развитие всех уровней психики. Они определяют направленность ума человека, т.е. формируют склад мышления, который характеризует профессиональную направленность личности. Так, для успешного овладения гуманитарными профессиями в вузе студент должен обладать ярко выраженным вербальным типом интеллекта, хорошо владеть языком, иметь богатый словарный запас, уметь правильно его использовать, точно соотносить конкретные и абстрактные понятия, иметь высокоразвитое абстрактное мышление и память.

Остановимся подробнее на значении памяти в профессиональной деятельности. Как известно, вся, воспринятая человеком, информация сохраняется в коре головного мозга, образуя временные связи. Ее сохранение и воспроизведение, тем или иным способом, называется памятью. Память, по меткому выражению Э.Беркли, - передача информации во времени. Она начинается с процесса запоминания, осуществляющегося на основе укрепления временных связей в коре головного мозга. Запоминание может быть осмысленным, если оно заключается в сознательном увеличении количества временных связей, и механическим, когда оно сводится к сумме привычных приемов, позволяющих человеку запоминать. Запоминание может быть произвольным и произвольным. При произвольном запоминании преднамеренно прилагаются усилия к удержанию в памяти события или предмета. Однако самое распространенное – произвольное, непреднамеренное запоминание, без специально поставленной цели запомнить что-либо.

В зависимости от того, что запоминается, память подразделяется на слуховую, зрительную, моторную, словесно-логическую и эмоциональную. Способность к запоминанию или сила памяти у разных людей различна. У одних - лучше развита зрительная память, у других -

---

слуховая, у третьих – словесно-логическая и т.д. Например, математик запоминает лучше цифры, художник – лица, а музыкант – звуки. Такая память называется профессиональной.

Память характеризуется такими качествами, как быстрота, полнота, точность и прочность запоминания, готовность к воспроизведению, оперативность. Юристу необходима хорошая оперативная память, так как он имеет дело с большим объемом информации, которую надо быстро обработать и быть готовым в любой момент воспроизвести ее. Таким образом, для успешности в профессиональной деятельности юрист должен обладать определенными психическими качествами, когнитивными способностями, среди которых выделяется незаурядная оперативная память.

В данном контексте нами было проведено экспериментальное исследование развития когнитивных способностей у магистрантов юридических специальностей. Обследованим были охвачены 21 магистрант университета им. Д.А. Кунаева. В процессе эксперимента использовалась методика диагностики оперативной памяти «Числовые ряды».

Результаты исследования позволили выявить 4 уровня в развитии оперативной памяти магистрантов: высокий, выше среднего, средний и ниже среднего. Распределение магистрантов по данным уровням в количественном и процентном соотношении отражено в таблице 1.

Таблица 1 – Показатели развития оперативной памяти магистрантов юридических специальностей

Уровни развития оперативной памяти	Кол-во	в %
Высокий	2	9,5
Выше среднего	5	24
Средний	6	28,5
Ниже среднего	8	38
Всего	21	100

Как видим, среди магистрантов юридических специальностей высокий уровень оперативной памяти имеют лишь 9,5%. Выше среднего и средний уровни оперативной памяти продемонстрировали соответственно 24, и 28,5 % магистрантов. Следует отметить, что достаточно большая часть магистрантов (38%) имеют ниже среднего уровень оперативной памяти, что свидетельствует об их недостаточной готовности к осуществлению профессиональной деятельности.

Это определяет необходимость проведения специальной психодиагностической и коррекционно-развивающей работы в процессе



---

профессионального обучения. Такая работа должна осуществляться в общей системе вузовского обучения на основе личностно-ориентированного образования.

#### **Использованные источники:**

1. Абдулина О.А. Личность студента в процессе профессиональной подготовки // Высшее образование в России. – 2003. – № 3. – С. 15-20.
2. Мостовая Е.Б. Ценностное сознание студенчества// ЭКО. – 2004. – № 11.
3. Зубов О.Е. Общественно-политические и национально-культурные ориентации студенчества // Вестник Мордовского университета. – 2005. – № 3. – С. 6 - 11.
4. Теплов Б.М. Проблемы индивидуальных различий. – М.,1961.
5. Дружинин В.Н. Психология общих способностей. – СПб.: Питер, 2002. – 368 с.
6. Педагогика и психология высшей школы. – М., 2000.

#### **Түйін**

Бұл мақалада болашақ заңгерлердің табысты кәсіби қызметі үшін қажетті когнитивтік қабілетінің дамуының мәселелері көрсетіледі. Құқықтану мамандықтарының магистранттарының эксперименттік зерттеу-деректері келтіреді.

#### **Summary**

This article is about the problem of developing cognitive flairs necessary for successful professional activity for future lawyers. There are data of experimental research of masters degree of legal specialities.

*Ажакбаров А. А.  
Абай атындағы ҚазҰПУ  
2-курс магистранты*

### **Қылмысқа қатысушылардың жауаптылығы**

Қылмысқа қатысу қылмыстық жауаптылықтың ешқандай қосымша негіздерін тудырмайды. Қылмысқа қатысушылар қылмысты жалғыз өзі жасаған адамдармен тең көлемде қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Әрбір қылмысқа қатысушы өзі жасаған әрекет үшін жеке дара жауапқа тартылады. Бұл жалпы ережелер қылмысқа қатысушылардың қылмыстық жауаптылығының негізі болып табылады және тек қылмыстық заңмен көзделген қоғамдық қауіпті әрекетті жасаған кінәлі адамдарды қылмыстық жауапқа тартуға мүмкіндік береді. Кінәлілердің әрекеттері ҚР ҚК Ерекше бөлімінде сипатталған кез-келген қылмыс белгілеріне сәйкес келуі тиіс. ҚР ҚК Ерекше бөлімінің баптарында әдетте бір немесе бірнеше қоса орындаушылармен жасалатын қылмыстардың жекелеген түрлерінің сипаттамасы берілген. Бұл жағдайларда қоса орындаушылар өздерінің бірлесіп жасаған қылмысы үшін ҚР ҚК 28-бабына сілтеме жасамай, ҚР ҚК нақ бір бабы бойынша жауап береді (ҚР ҚК 29-бабының 2-бөлігі). Ал, өз іс-әрекеттерімен қылмыстың объективтік жағын орындаған қылмысқа қатысушылардың жауаптылығы мәселесі өзгеше шешіледі, яғни қылмысқа қатысушылар арасында рөлдерді бөлісу орын алған жағдайда.

Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығындағы қылмысқа қатысудың негізінде қылмысқа қатысудың акцессорлық теориясы (лат. *accessorium* – қосымша, дербес емес) жатыр. Акцессорлық теорияға сәйкес қылмысқа қатысудың орталық тұлғасы болып орындаушы табылады, ал өзге қылмысқа қатысушылардың қызметі дербес маңызы жоқ қосымша болып табылады. Қылмысқа қатысушылардың іс-әрекеттерін бағалау және олардың жауаптылығы орындаушының іс-әрекеттерінің сипаты мен жауаптылығына толық тәуелді. Орындаушының іс-әрекеттері жазаланса – қылмысқа қатысушылар да жазаланады, егер орындаушы қылмыстық жауапқа тартылмаса, онда өзге қылмысқа қатысушылар да қылмыстық жауапқа тартылмайды. Сонымен бірге қылмысқа қатысушылардың жауаптылығы орындаушының іс-әрекеттерін көздеген бап бойынша да басталады.

М.И. Ковалевтің пікірі бойынша «қылмыс құрамы орындаушымен тікелей орындалады, ал өзге қатысушылармен қылмыс құрамының өзі орындалмайды, бірақ айдап салушы мен көмектесушілердің іс-

---

Ал А.В. Наумов болса, акцессорлық теорияны қолдай отырып, белгілі дәрежеде қылмысқа қатысушылардың жауаптылығы дербес сипатқа ие болады дейді[2].

Сонымен егер, қылмысқа қатысу қылмыстық қызметтің дербес нысаны болып табылса, онда қылмысқа қатысушылардың әрекеттерін қоса орындаушы (орындаушы) әрекетінен бөліп қарастыруға болмайды. Қылмысқа қатысушылар (ұйымдастырушы, айдап салушы, көмектесуші) мен орындаушы арасында өзара байланыс пен өзара жағдай жасау бар. Ол әсіресе, орындаушының қылмыстық ойын жүзеге асыру дәрежесі, оның белгіленген мақсатқа жақындауы қылмысқа қатысушылардың қылмыстық жауаптылығы мәселесін шешуіне жағдай туғызуында көрінеді. Орындаушы өзіне тәуелсіз мән-жайлар бойынша қылмысты ақырына дейін жеткізбеген жағдайда қылмыстың қалған қатысушылары қылмыс жасауға дайындалуға немесе қылмыс жасауға оқталуға қатысқаны үшін жауапқа тартылады. Өзіне тәуелсіз мән-жайлар бойынша басқа адамдарды қылмыс жасауға көндіре алмаған адам да қылмыс жасауға дайындалғаны үшін қылмыстық жауапқа тартылады (ҚР ҚК 29-бабының 4-бөлігі).

Егер қылмыс бірнеше қатысушылардың бірлескен қызметінің нәтижесінде жасалса, онда қолдануға ҚР ҚК Жалпы бөлімінің қылмысқа қатысу туралы нормасы (ҚР ҚК 27-бабы) жатады.

Бұл жағдайда қылмысқа қатысушылардың (ұйымдастырушы, айдап салушы, көмектесуші) белгілері тек ҚР ҚК Ерекше бөлімінде сипатталып қана қоймай, сонымен бірге ҚР ҚК 28-бабымен толықтырылады, сондықтан осы тұлғалардың жасаған әрекетін саралау кезінде ҚР ҚК Ерекше бөлімінің бабынан басқа ҚР ҚК 28-бабына сілтеме жасау керек. ҚР ҚК Жалпы және Ерекше бөлімдерінің баптарында аталған қатысушылар жасаған қылмыстың ерекше түрінің конструкциясы осы тұлғалардың жасаған қылмысы үшін дербес жауап беретіндігінің дәлелі. Қылмыстық жауаптылық негізін бұндай түсіну қылмыстық жауаптылықтың жеке даралығы қағидасына сәйкес келеді.

Қылмысқа қатысушылардың жеке дара жауаптылығы қағидасы қылмысқа қатысушылар мен орындаушы жауаптылықтары әртүрлі болуы мүмкін екендігінде көрініс табады. Әсіресе, орындаушы жасаған әрекетті саралауға әсер ететін жеке сапалықтарға ие болатын ниет мазмұны әртүрлі болғанда. Әрбір қылмысқа қатысушы қылмыс жасағанын ескере отырып, сот жаза тағайындау кезінде әрбіреуінің жасалған әрекеттің қоғамдық қауіптілік дәрежесін және жасалған қылмыстағы ролін анықтауы тиіс.

Қылмысқа қатысушылардың дербес жауаптылығын тану қылмыстық жауаптылыққа барлық қылмысқа қатысушылар тартылу керек дегенді білдірмейді. ҚР ҚК 9-бабы 2-бөлігінің ережесі қылмысқа қатысуға да таралады. ҚР ҚК Ерекше бөлімінде көзделген қайсыбір әрекеттің белгілері формальды болса да бар, бірақ елеулі маңызы

---

болмағандықтан қоғамдық қауіпті емес, яғни жеке адамға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтірмеген және зиян келтіру қаупін туғызбаған іс-әрекет немесе әрекетсіздік қылмыс болып танылмайды[4].

Орындаушыны қылмыстық жауаптылықтан босату қылмысқа қатысушылардың қылмыстық жауаптылығы мәселесін шешуді де алдын ала шешеді. Әрбір қылмысқа қатысушының жауаптылығы қағидасы ұйымдастырушыны, айдап салушыны, көмектесушіні қылмыстық қызметтің жолсыздығына қарамастан қылмыстық жауаптылыққа тартуда көрінеді.

Ұйымдастырушылық қызметті, айдап салушылық пен көмектесушілікті жолсыз деп олар нәтижесіз болғанда танылады. Мысалы, орындаушы қылмыс жасауға тырыспаса не тырысты, бірақ кері ойланып оны жасамаса. Орындаушы бұл жағдайларда қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды, өйткені ол ешқандай қоғамдық қауіпті және құқыққа қайшы әрекеттерді жасаған жоқ. Ұйымдастырушы, айдап салушы, көмектесуші адамды қылмыс жасауға көндіруге және жасалатын қылмысқа көмектесуге бағытталған іс-әрекеттер жасағандықтан қылмысқа дайындалу болып қарастырылады, яғни олардың іс-әрекеттері ҚР ҚК 24 және 28, 29-баптары және ҚР ҚК Ерекше бөлімінің орындаушыны қылмыс жасауға көндіргені үшін жауаптылықты көздеген қылмысты көздеген бабы бойынша саралануға жатады.

Жолсыз айдап салушылық пен көмектесушілік айдап салушы мен көмектесуші қылмыс жасау үшін барлық іс-әрекеттерді жасаса, бірақ орындаушы өлуіне, есі дұрыстығынан айырылуына және т.б. байланысты жасай алмаса орын алады.

Қылмысқа қатысуда жасалған қылмыс жалғыз адаммен жасалған кез-келген қылмыс сияқты қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын және жеңілдететін мән-жайлармен сипатталады. Жалпы ережеге сәйкес қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын және жеңілдетін мән-жайларды ескеру қылмысқа қатысушылардың (ұйымдастырушы, айдап салушы, көмектесуші) олардың жасаған әрекетіне және жеке басына немесе орындаушы жасаған әрекетке және оның жеке басына қатыстылығына байланысты шешіледі. Әрекет немесе қылмысқа қатысушыларды сипаттайтын кез-келген мән-жайлар тек белгілі бір қатысушы жасаған әрекетті саралау кезінде есепке алынады және өзге адамдардың жасаған әрекетін саралау кезінде ескерілмейді. Мысалы, бұрын адам өлтірген айдап салушы ауырататын мән-жайдағы адам өлтіргені үшін жауапқа тартылса, ал орындаушы жай адам өлтіргені үшін жауапқа тартылады.

Ал орындаушының әрекеттері мен жеке басына қылмысты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар туралы мәселе өзгеше шешіледі. Бұл мән-жай орындаушы субъектісі мен жеке басының

---

сипаттамасына немесе әрекетіне қатыстылығына байланысты әртүрлі құқықтық салдарға ие. Қылмыстың сипаттамасына мән-жайлар әрбір қылмысқа қатысушының жауаптылығына тағылады, егер осы мән-жайлар қылмысқа қатысушылар ұсынған болса. Мысалы, орындаушы адам өлтіруді қоғамға қауіпті тәсілмен жасаса, онда әрбір қатысушы осы мән-жай ескеріле отырып, ҚР ҚК 96-бабы 2-бөлігінің «е» тармағымен қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Қылмыс субъектісінің сипаттамасына жататын мән-жайлар қылмысқа қатысушылардың жасаған әрекетін саралау кезінде ескерілуі тиіс.

Қылмыстық жауаптылық пен жазаны дараландыру кезінде де қылмысты, субъект пен жеке басын сипаттайтын мән-жайлар ескеріледі. Бұнда қылмысты сипаттайтын мән-жайлар барлық қылмысқа қатысушылардың жауаптылығын дараландыру кезінде ескерілуі тиіс. Қылмыс субъектісін (орындаушысын) сипаттайтын мән-жайлармен де осылай жасау тиіс еді. Ал, орындаушы жеке басын сипаттайтын мән-жайлар тек оны қылмыстық жауаптылыққа тарту және тек оған ғана жаза тағайындау мәселесін шешу кезінде ескерілуі тиіс.

ҚР ҚК 29-бабының 1-бөлігіне сәйкес қатысушылардың жауаптылығы олардың әрқайсысының қылмыстың жасалуына қатысушының сипатымен және дәрежесімен айқындалады. Оны сот жаза тағайындау кезінде ескеруі тиіс. Қылмысқа қатысудың сипаты қылмысқа қатысудың түрімен және нысанымен, яғни қылмыстың объективтік жағын орындауға тікелей қатысумен, қылмыс жасауға күні бұрын уағдаласумен немесе оның жоқ болуымен алдын ала сөз байласып қатысудың өте қауіпті түрімен, егер ол орын алса, анықталады.

Қоса орындаушылықпен салыстырғанда қылмысқа қатысудың өте қауіпті түрі ретіндегі тар мағынадағы қылмысқа қатысуды қарастырған жөн. Бірақ бұл ережеден қылмыстың сипатымен жағдайланған ауытқу бар. Мысалы, қоса орындаушылармен жасалған адам өлтіру ұрлыққа қарағанда қауіптірек. Сондықтан қылмысқа қатысудың түрлерінің, нысандарының қауіптілігі салыстырылған кезде оны қылмыстың сипатымен жағдайланған шектегі шартты салыстыру ретінде қарастырған жөн. Қылмысқа қатысуды анықтаған соң, сот алдын ала сөз байласқан қатысу алдын ала сөз байласпай қатысудан қауіпті екенін ескеруі тиіс. Сонымен бірге қылмыстық сыбайластық, ұйымдасқан топ немесе алдын ала сөз байласқан адамдар тобы жататын алдын ала сөз байласып қатысудың түрлерін де ескерген жөн.

Қылмысқа қатысудың дәрежесі кінәлінің атқарған рөлімен анықталады. Ол қатысушыларды орындаушы, ұйымдастырушы, айдап салушы, көмектесушіге бөлумен жағдайланған. Әдетте, ұйымдастырушы өзге қатысушыларға қарағанда өте қауіпті болып келеді және жоғарырақ жауаптылыққа тартылады.

---

Қылмысқа қатысушы түрін анықтау жазаны дараландыру процесімен аяқталмайды. Қылмыстың жасалуын және бәріне ортақ салдардың басталуына жағдай жасаған әрбіреуінің қызметінің маңызын анықтау өте маңызды[3].

Қылмысқа қатысушының басқа қатысушылардың ойында болмаған қылмысты жасауы оның шектен шығушылығы деп танылады, яғни эксцесс (лат.excessus-ауытқу, шектен шығу). Шектен шығушылық үшін басқа қатысушылар қылмыстық жауапқа тартылмайды (ҚР ҚК 30-бабы). Шектен шығушылық үшін тек қана орындаушының өзі ғана жауапқа тартылады, ал өзге қылмысқа қатысушылар олардың санасымен қамтылған әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Мысалы, егер қылмысқа қатысушылар пәтерге ұрлыққа түсуге уағдаласса, ал орындаушы сонымен бірге мүлік иесін өлтірсе, онда ол ҚР ҚК 175-бабы 2-бөлігінің «а», «в» тармақтары бойынша пәтерге ұрлыққа түскені үшін және ҚР ҚК 96-бабы 2-бөлігінің «к», «ж» тармақтарымен адам өлтіргені үшін жауапқа тартылады, ал өзге қылмысқа қатысушылар тек қана ҚР ҚК 175-абы 2-бөлігінің «а, в» тармақтары бойынша пәтерге ұрлыққа түсені үшін қылмыстық жауапқа тартылады, өйткені олар мүлік иесін өлтіруді уағдаласпаған болатын және оны қылмысқа қатысушылардың рұқсатынсыз орындаушы жасаған болатын.

ҚР ҚК 26-бабының 2-бөлігіне сәйкес қылмысты ақырына дейін жеткізуден өз еркімен бас тартқан адам оның нақты жасаған әрекетінде өзге қылмыс құрамы болған жағдайда ғана қылмыстық жауаптылыққа тартылуы тиіс. Қылмысқа қатысушылардың (ұйымдастырушының, айдап салушының, көмектесушінің) өз еркімен бас тартуы орындаушының өз еркімен бас тартуына қарағанда кейбір ерекшеліктерге ие. Орындаушының өз еркімен бас тартуы оның жауаптылығын жоққа шығарады, бірақ қылмысқа қатысушылардың емес. Өйткені қылмысқа қатысушылардың өз еркімен бас тартуы орындаушыны қылмыстық жауаптылықтан босатпайды [4].

Қатысушылардың өз еркімен бас тартуының ерекшелігі ұйымдастырушының, айдап салушының, көмектесушінің қылмыстың объективтік жағын орындамауымен түсіндіріледі. Айдап салушы, ұйымдастырушы және көмектесуші зиянды зардаптардың басталуына тікелей жағдай жасайтын іс-әрекеттерді жасамайды.

Айдап салушы және ұйымдастырушы орындаушыда қылмыс жасауға шешімділікті қоздыра отырып, кейін өздерінің ұйымдастырушылық немесе айдап салушылық қызметінен бас тартуы мүмкін, бірақ бұл қылмысты болдырмау үшін жеткіліксіз. Айдап салушылар мен ұйымдастырушылар өздеріне тәуелді орындаушының қылмыстық қызметін болдырмау үшін, зиянды салдарды болдырмау үшін барлық шараларды жасауы тиіс. Осы тұлғалардың қылмысты

---

болдырмау жөніндегі қызметі белсенді іс-әрекеттер болуы керек. Қылмысты істеуден өз еркімен бас тартқан айдап салушы мен ұйымдастырушы қоғамдық қауіпті болудан қалады, бірақ олардың іс-әрекеттерінің қоғамдық қауіптілігі жойылуы үшін өздерінің белсенді қарсы іс-әрекеттерімен себепті байланыстың дамуын үзуі тиіс, орындаушының қылмысты жасауына жол бермеуі тиіс. Ұйымдастырушы мен айдап салушының қылмыстың жасалуын болдырмау жөніндегі қызметі әртүрлі болуы керек. Бұл қылмыстың жасалуын тоқтата тұруға әкелетін орындаушыға ықпал ету, сендіру, сыйақы төлеуден бас тарту және т.б.. Егер ұйымдастырушы мен айдап салушының осындай белсенді іс-әрекеттерінің нәтижесінде орындаушыда оның қылмыстық қызметін үзетін қарсы себептер пайда болса, онда ұйымдастырушы мен айдап салушы қылмыстық жауапқа тартылмайды. Егер ұйымдастырушы мен айдап салушы өздерінің белсенді іс-әрекеттеріне қарамастан қылмысты болдырмайтындай жасай алмаса, онда олар орындаушы жасаған қылмысқа қатысқаны үшін қылмыстық жауапқа тартылады.

Интеллектуалдық көмектесушілік орындаушыда қылмыс жасауға ой тудырмайды, бірақ оның кеңестері мен нұсқаулары орындаушының қылмыстық шешімділігін бекітеді. Осыған байланысты қылмыстан бас тарту интеллектуалдық көмектесуші өз іс-әрекеттерінің нәтижесін тоқтатуы тиіс, орындаушының өз ойынан бас тартуына сендіруі тиіс, ал егер ол мүмкін болмаса, онда интеллектуалдық көмектесуші орындаушының қылмыстық қызметін кесуі тиіс.

Физиологиялық көмектесуші өз еркімен бас тартқан кезде өзінің алдыңғы қызметін бейтарапты қылуы тиіс. Ол орындаушыға берген құралдарды алуда көрініс табуы мүмкін, ал көмектесу кедергілерді жою арқылы көрсетілсе, онда көмектесуші оларды қалпына келтіруі тиіс және т.б. Көмектесушінің белсенді қызметі қылмыстың жасалуының себепті жағдайлануын жоюы тиіс. Бірақ физиологиялық көмектесуде өз еркімен бас тарту көмектесуші жасауға тиіс іс-әрекеттерді жасамау арқылы орын алуы мүмкін. Мысалы, көмектесуші орындаушыға қылмыс жасау құралдары мен қаруларын беруден бас тартады.

Егер интеллектуалдық және физиологиялық көмектесушілерге өздерінің күш-жігерлеріне қарамастан қылмыстың болуының жолын алмаса, онда олар орындаушы жасаған қылмысқа қатысқаны үшін жауапқа тартылуы тиіс.

ҚР ҚК 26-бабының 3-бөлігінде былай делінген: «қылмысты ұйымдастырушы мен қылмысқа айдап салушы, егер ол адамдар мемлекеттік органдарға хабарлаумен немесе өзге қолданылған шаралармен орындаушының қылмысты ақырына дейін жеткізуіне жол бермесе, қылмыстық жауапқа тартылауға тиіс. Егер орындаушы қылмысты аяқтағанға дейін оған күні бұрын уәде берген жәрдемнен бас тартса немесе көрсетіліп үлгерген көмектің салдарын жойса, қылмысқа

---

көмектесуші қылмыстық жауапқа тартылмауы тиіс. Бұл анықтамадан орындаушының қылмысты жасауының болдырмауға бағытталған шараларының қылмыс аяқталғанға дейін жасалуы тиіс екендігі туындайды. Яғни, қылмысқа дайындалу немесе оқталу сатысында.

Қылмысқа қатысушылар (ұйымдастырушы, айдап салушы, көмектесуші) өз еркімен бас тарқан жағдайда қылмыстық жауаптылық басталады егер, олар жасаған іс-әрекеттің өзінде іс жүзінде өзіне қылмыс құрамының белгілері болмаса. Бірақ кейде қылмысқа қатысушылардың өздері кейін бас тартқан іс-әрекеттерінде өзге қылмыстардың белгілері болуы мүмкін.

ҚР ҚК 26-бабының 4-бөлігіне сәйкес егер ұйымдастырушының немесе айдап салушының ҚР ҚК 26-бабының 3-бөлігінде аталған іс-әрекет орындаушының қылмысты орындауын болдырмауға әкелмесе, олардың қолданған шаралары жаза тағайындау кезінде жеңілдететін мән-жайлар деп танылуы мүмкін.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ковалев М.И. Соучастие в преступлении Понятие соучастия//Свердловский юридический институт. Ученые труды. Т. 3. 1960. С. 111, 166-169; Уголовное право. Общая часть. Москва. НОРМА-Инфра-М. 1997 г.
2. Наумов А.В. Уголовное право. Общая часть. Курс лекций. Москва. 1996 г.
3. Әпенев С. М. Қылмысқа қатысушылық. Теория және практика мәселелері.— Алматы, 2009.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (1997 ж., 16 шілде, N 167), (2011.02.08. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

#### **Резюме**

В данной статье рассмотрены вопросы привлечения к уголовной ответственности. Автором проанализирована специфика проблемы дифференциации привлечения к уголовной ответственности соучастников преступления.

#### **Summary**

In given article legal problems of bringing to criminal liability are considered. The author analyses specificity of a problem of differentiation of bringing to criminal liability of accomplices of a crime.



## **Современные проблемы обязательства в гражданском праве Республики Казахстан**

Ключевые слова: обязательство, договор, стороны обязательства, гражданские правоотношения, экономический оборот, правовая природа, цивилисты.

Актуальность данной проблемы состоит в том, что вся сознательная жизнь человека сопряжена с обязательственными правоотношениями и, конечно, с договорами, лежащими в их основе.

Обязательство как институт гражданского права представляет собой самостоятельную обособленную группу юридических норм, регулирующих однородные имущественные и связанные с ними неимущественные отношения в сфере экономического оборота, которые устанавливаются в процессе товарного перемещения материальных благ, опосредуя передачу материальных ценностей от одних лиц к другим. Однако следует заметить, что обязательство «как научное понятие имеет смысл и значение только тогда, когда оно рассматривается в качестве специфической правовой формы опосредования товарно-денежных отношений. Отрицание этой особенности ведет к установлению необоснованного тождества между «обязательством» и «относительным правоотношением» и, как следствие, к ошибочному утверждению «обязательства как межотраслевого понятия»[1].

Большинство цивилистов считают, что существует смешанный вид гражданских правоотношений, который соединяет в себя два права вещное и обязательственное. В свою очередь возникает проблема при исполнении правоотношений, которая возникает из-за влияния англо-американского права, когда наше законодательство основывается на романо-германской правовой системы.

По мнению М.К. Сулейменова, «в данном случае происходит смешение с понятием "имущество", которое шире, чем понятие "вещь", и включает в себя, кроме вещей, еще и обязательственные права. Поэтому если на наличные деньги у субъекта возникает право собственности, то на безналичные деньги, находящиеся в банковском обороте, - обязательственное право требования» [2].

В свою очередь можно сказать что, обязательства представляют собой один из основных разделов Гражданского кодекса и, причем самого важного и обширного, также обязательственное право является наиболее крупной структурной частью казахстанского гражданского права, его подотраслью, объединяющей более половины норм,

---

содержащихся в гражданском кодексе. Именно в нем отражены нормы, которые непосредственно определяют, как возникают и развиваются разнообразные отношения, которые складываются между организациями и гражданами или наоборот между гражданами и юридическими лицами. Именно обязательства, основанные не взаимной заинтересованности сторон, способны обеспечить организованность, порядок и стабильность в экономическом обороте, уважение к закону, которых невозможно добиться с помощью самых жестких административно-правовых средств. С помощью обязательств у граждан и юридических лиц формируется уверенность в том, что их предпринимательская деятельность будет обеспечена всеми необходимыми материальными предпосылками, а результаты этой деятельности найдут признание у потребителя и будут реализованы. Такая уверенность, в свою очередь, способствует развитию производственной сферы и позволяет каждому предпринимателю иметь возможность выполнить взятые на себя обязательства и иметь возможность доставить нашему обществу свой конечный продукт.

По сравнению с вещным право, обязательство – наиболее распространенный и многообразный вид гражданских правоотношений. Форму различных по содержанию обязательств принимают отношения любого предпринимателя с поставщиками сырья и оборудования, с потребителями или иными покупателями его продукции, работ и услуг, энерго-, газо- и теплоснабжающими, строительными, монтажными, проектными, инженерными организациями, со страховыми фирмами и банками, перевозчиками, торгово-посредническими фирмами и многими другими участниками гражданского оборота.

Как уже подчеркивалось, все эти отношения регулируются нормами обязательственного права, которые являются весьма важной областью отношений экономического оборота. Достаточно взглянуть на перечень договоров, чтобы увидеть, что нормы обязательственного права охватывают практически все области общественно-экономической и социальной жизни страны. Именно отсюда и определяется важная роль обязательственного права в решении задач современного периода, который в свою очередь требует постоянного развития и совершенствования его норм.

Принимая во внимание наличие четкого разграничения между вещным правом и обязательственным правом, необходимо определить особенности правовой природы обязательства.

Давно идут различные дискуссии между цивилистами о том, «является ли исполнение юридическим действием, сделкой или чем-то иным» [3]. Так же можно сказать что, в обязательственном праве отсутствует теоретически обоснованные формулы осуществления действий, которые применимы не только для принципа надлежащего

---

исполнения, но и для других специальных принципов, но, и не смотря на данные принципы, они носят только научный смысл, которые не всегда применяется на практике.

Многие цивилисты, говорят о неточности понятии самого обязательства, данного в ст. 268 Гражданского Кодекса Республики Казахстан (далее – «ГК РК») дается понятие обязательства, что в силу обязательства одно лицо (должник) обязано совершить в пользу другого лица (кредитора) определенное действие, как-то: передать имущество, выполнить работу, уплатить деньги и т. д., либо воздержаться от определенного действия, а кредитор имеет право требовать от должника исполнения его обязанности [4]. Данное понятие пересекается с понятием исполнения, т.к. воспроизведено относительно самого объекта обязательства. М.К. Сулейменов пишет: «Следует отметить неточность формулировок в ст. 268 ГК: «передать имущество, выполнить работу, уплатить деньги и т.д.». Понятия «работа» и «деньги», имеющие имущественный характер, включаются в понятие «имущество». Более того, деньги включаются в состав вещей как разновидности имущества. В то же время о таком важном виде действий должника, как оказание услуг, в ст. 268 ГК не упоминается. С учетом сказанного более правильной была бы формулировка: «Передача вещей и имущественных прав, выполнение работ и оказание услуг» [5].

Каждое обязательство (юридических фактов) способно создавать обязательства либо само по себе, либо в сочетании с другими юридическими фактами.

Говоря об основаниях возникновения обязательства, то не все основания, предусмотренные в ст. 7 ГК РК, напрямую связаны с обязательствами. В частности, в результате создания изобретений, промышленных образцов, произведений науки, литературы и искусства и иных результатов интеллектуальной деятельности обязательство непосредственно не возникает. Так же основанием возникновения обязательства может являться и сложный юридический состав, т.е. несколько юридических факторов. Например: обязательство возникающее на основании купли-продажи приватизируемого государственного имущества возникает по итогам проведенных торгов и заключенного на их основе договора купли-продажи. Можно сказать, что перечень оснований, предусмотренных статьей 7 ГК РК, не является исчерпывающим. Например, находка, которая порождает обязательство собственника или иного лица, уполномоченного на ее получение, возместить нашедшему необходимые расходы, связанные с хранением вещи и многое другое.

Обязательственное право регулирует очень обширный круг общественных отношений связанных с приобретением товаров в собственность, сдачей имущества в аренду, удовлетворением жилищных потребностей граждан, перевозкой грузов, пассажиров и багажа,

---

оказанием услуг, страхованием, кредитованием, использованием произведений науки, литературы, искусства, охраной жизни и здоровья – словом все то, при помощи чего осуществляется перемещение имущества и других материальных благ из сферы производства в сферу обращения, а из последней в сферу производительного или личного потребления.[6]

Трудно себе представить отношения экономического оборота, которые не регулируются обязательственным правом. Особое значения приобретают обязательственные правоотношения в условиях современного рыночного хозяйства.

К сожалению, современная законодательная база об обязательствах и правоприменительная практика часто расходятся. Законодателю следовало бы учитывать нашу казахстанскую специфику и внедрять зарубежные аналоги очень и очень осторожно. И все же именно обязательства играют особую немаловажную роль в стабилизации рыночных отношений и способны обеспечить необходимый баланс между спросом и предложением, насытить рынок теми товарами, в которых нуждается потребитель, а обязательственное право на современном этапе призвано надлежащим образом, цивилизовано регулировать эти отношения.

Таким образом, необходимо последовательное совершенствование закрепление преимущества обязательственного права над вещным правом позволит должным образом обеспечить их практическую реализацию, а соответствующие теоретические постулаты превратить в реально работающие нормы.

#### **Использованные источники:**

1. Исаев И.А. Денежное обязательство: определение, классификация// Право и политика, 2002, № 4, с. 74.
2. Сулейменов М. Сердцевиной гражданского права являются вещные и обязательственные права. Гражданское право в Казахстане нуждается в совершенствовании// Юридическая газета, 23 июня, 1999 г.
3. Слова В.В. Витрянского. Цитата по: Сарбаш С.В. Исполнение договорного обязательства. С. 27.
4. Комментарий к Гражданскому кодексу РК, ч.
5. Гражданское право. Том I. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред. М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. - Алматы: КазГЮА, 2000. С. 562-563 (автор главы М.К. Сулейменов).
6. О.С.Иоффе, Обязательное право, М, 1975 год

#### **Түйін**

Міндеттеме азаматтық кодекстің негізгі бөлімдерінің бірлері болады және, және де өз маңызды және көлемді, міндеттеуші құқық сонымен бірге қазақстандық азаматтық құқықтың өте ірі құрылымдық бөлігі, барлық қатынасты азаматтық

---

кодекс болатын нормалардың жартысы көп біріктіретін оның төменгі саласы болып табылады міндеттеуші айналымның экономикалық қатынастарын тіпті маңызды облыстар болып табылған құқықтың нормаларымен реттеледі.

### **Summary**

The obligation represent one of the basic sections of the Civil code and, and the most important and extensive, also the liability law is the largest structural part of the Kazakhstan civil law, a half of the norms containing in the civil code uniting more, all relations are regulated by norms of a liability law which are rather important area of relations of an economic turn.

*Ибраимов Е. Б.  
Абай атындағы ҚазҰПУ  
2-курс магистранты*

## **Қазақстан Республикасының қылмыстық саясатының өзіндік бағыттары**

Еліміздің алдағы он жыл көлеміндегі құқықтық дамуының бағытын айқындайтын Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы қылмыстық саясат саласына да елеулі өзгерістер енгізді. Атап айтқанда: қылмыстық саясаттың қос бағытта: яғни, ізгілендірген және қатаңдандырылған сипатта жүруі тұжырымдама мазмұнын ашады. Қылмыстық саясаттың ізгілендіру бағыты алғаш рет ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс жасаған адамдар мен халықтың әлеуметтік қорғауды қажет ететін бөлігіне жататын: жүкті және асырауында кәмелетке толмаған балалары бар жалғызбасты әйелдерге, жасөспірімдерге, жасы ұлғайған адамдарға қатысты қолданылуға тиіс қылмыстық жазаларды орындауды кейінге қалдыру және жеңілдетілген сипатта тағайындаудан көрініс тапса, қатаңдандыру бағыты: ауыр және аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін айыпталған, қылмыстық қудалаудан жасырынып жүрген, қылмыстардың қайталануы үшін жауаптылыққа тартылатын адамдарға қатысты болмақ. Сонымен қатар бұл тұжырымдаманың құқықтық жетістігі ретінде қоғамға елеулі қауіп төндірмейтін алғаш рет абайсызда қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарды қылмыстық жазалаудан босату да құқық жүйені әлеуметке жақындатқан қадам ретінде бағаланады.

Қылмыстық саясат - мемлекеттің қылмыс әлемінің беделділеріне жағымсыз әсер етуінің заңдық нысаны. Сонымен қатар қылмыстық саясаттың дамуына, оның қандай бағытпен өрістеуіне бақылау тек мемлекет тарапынан ғана емес, қылмыстық ұйымдар мен қылмыстық сыбайластықтар тарапынан да болатынын айта кету керек. Біз бұл жерде

---

бұны бекер келтіріп жатқанымыз жоқ. «Қылмыстық сыбайластықтың құрылу мақсаты – ауыр немесе аса ауыр қылмысты істеумен үнемі шұғылдану және оны күн көріс көзіне айналдыру» –деп Қазақстандық қылмыстық құқықтың ірі маманы А.Н. Ағыбаевтың оқулықтарында жеткілікті көрсетілген [1, 77 б.] Бұл пікір біздің пікірімізді қуаттай түседі, себебі қылмыс әлемінің әміршілері де өз күн көріс көзінен айырылғысы келмейді және бұл оларды қылмыстық саясатқа өздігінен барлау жасауына итермелейді. Қылмыстық саясаттың дамуы мен қандай қатынастарға қолданылатынын Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасына назар аудару арқылы білуге болады. Онда былай көрсетілген: Қазақстан Республикасының қылмыстық саясатын төмендегі заңнамалық шаралардың кешенін қабылдау арқылы жүргізу керек:

- өлім жазасын қолдану аясын біртіндеп тарылту бағытын жалғастыру, сондай –ақ өлім жазасына мораторийді ары қарай жалғастыра беру;

- ауыр емес құқық бұзушылықтарға жататын құқық бұзушылықтарды, соның ішінде оларды әкімшілік және азаматтық-құқық жауапкершілік саласына аудару арқылы, қылмыстылық қатарынан алып тастауды одан ары жалғастыру;

- ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған адамдарға қатысты экономикалық қылмыстардың жекелеген түрлеріне мүлкітік жазалар, сондай-ақ бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалар қолдануды кеңейту;

- қылмыс жасаған адамдар кінәсін шын мойындаған жағдайда оған барынша көтермелеу шараларын кеңірек қолдану;

- ауыр емес қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға қатысты бас бостандығынан айыру түріндегі жаза қолдануды алып тастау және орташа ауыр қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру түріндегі жаза қолдануды тарылту;

- бас бостандығын шектеу, қамауға алу, ғұмыр бойы бас бостандығынан айыру сияқты жазаның жаңа түрлерін көздейтін қылмыстық құқықтық нормаларды іска қосудың қажетті жағдайларын жасау;

Сонымен қатар аталған тұжырымдамада қылмыстық саясаттың кімдерге қатысты ізгілік сипатында қолданылатыны көрсетілген. Біздің қылмыстық саясат бірінші кезекте ауыр емес және бірінші рет орташа ауыр қылмыс жасаған адамдарға, халықтың әлеуметтік жағына аз қорғалған топтарына: жүкті және жалғыз басты әйелдерге, асырауында кәмелетке толмаған балалары барларға, кәмелетке толмағандарға, жасы келген адамдарға қатысты ізгілік тұрғысынан қызмет етеді. Бұл мемлекетіміздің өз азаматтарының кейбір қорғауды қажет ететін топтарына деген қамқорлығының көрінісі. Біз өз қылмыстық

---

саясатымыздың бағыттары мен ізгілік сипатына тоқталдық және де мемлекеттік қылмыстық саясат ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған адамдарға, қылмыстық қудалаудан қашып жүргендер мен қайталап қылмыс жасағандарға жұмсақтық көрсетпейді. Әрекет аясына адамдардың едәуір бөлігі тартылатын және қоғамдағы тұрақтылық, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекет мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғаудың беріктігіне сенімділік, елдегі құқық тәртібінің жай –күйі олардың қызметінің тиімділігіне байланысты болатын құқық қорғау органдарының заңнамалық базасын жетілдіру ұсыныстары да аталған тұжырымдамадан тыс қалмаған. Сонымен бірге құқық қорғау органдарының заңға қайшы әрекеттеріне шағымдану мен оның күткен нәтижеге әкелуі азаматтардың құқықтық біліміне тікелей байланысты болатындығы өкінішке орай тұжырымдамада көрсетілмеген.

Қылмыстың алдын алу мен оны болдырмау, онымен күрестегі табандылық, жедел-ізвестіру қызметін жетілдіру, нақты қалыптасқан оперативті ахуалға тиісінше көңіл аудару, ақпараттық қамтамасыз ету мен талдау жұмысы-ның деңгейін көтеру, халықаралық ынтымақтастықты кеңейтудің басым бағыттар ретінде көрсетілуі- егер олар уақтылы табандылықпен орындалса, біздің қылмыстық саясатымыздың жоғары деңгейде жүзеге асырылуына қызмет етері сөзсіз. Мемлекет қылмыстық саясатты болған қылмысқа қарсы немесе болатын қылмыстардың алдын алудың шаралары ретіндегі құралы деп қарастырып отырмағандығы байқалады. Ертеңгі қылмыстың себебі – бүгінгі мектептегі дұрыс және жеткілікті берілмеген тәрбиенің жемісі екендігі анық. Осы жағдайлардың тұжырымдамада көрсетілуі яғни, мектептер мен оқу орындарында құқықтық мәдениеттің өзекті мәселелері жөнінде міндетті немесе факультативті сабақтарды енгізу жағдайы тиімді құбылыс болып отыр. Этникалық және діни экстремизм, терроризм, есірткі бизнесінің жоғары деңгейде етек алуы, адамда оның ішінде әйелдер мен балалардың саудаға түсуі, мемлекеттік күштеу органдарының тиімді жұмыс істеуіне қажеттілік туғызуда. Заман дамуының нәтижесінде компьютерлік қылмыстардың өмірге келуі де құқық қорғау органдары қызметкерлеріне білімнің жаңа түрін игеруге қатысты міндет жүктейді.

Кейбір авторлардың “заңмен қорғалатын кез келген қоғамдық қатынастарға қол сұғудың негізі болып құқықтық тәртіпке келтірілген зиян табылады” деген пікірлерін толығымен қуаттаймыз [2, 24 б.]

Республиканың мемлекеттік шекарасын қорғауды одан ары жетілдіру, стратегиялық маңызы бар объектілердің (жоғары қауіп бар кәсіпорындардың және коммуникациялардың) қауіпсіздігін, қару мен оқ –дәрілердің сақталуын қамтамасыз етуді, мемлекеттік органдардың Қазақстан азаматтарының сана –сезімін радикалдандыруға жол бермеу,

---

экстремистік идеяларға қатысты насихат жөніндегі жұмысты реттейтін нормативті- құқықтық базаны жетілдіру терроризммен күрес жөніндегі жұмыстың маңызды бөлігіне айналады. Этникалық және діни экстремизм идеялары бар материалдарға ғылыми және теологиялық сараптамаларды бір орталықтан жүргізу тетігін әзірлеу мен енгізу қажеттілігі тұжырымдамада дұрыс көрсетілген.

Тұжырымдамадағы көрсетілген қылмыстық заңнамаға қатысты бірқатар есепке алынуы тиіс міндеттер мен анықталған жайттар мемлекеттегі қылмыстық саясатты жүргізу кезіндегі назарға алынуы тиіс барлық жағдайларды қамтыған деп айтуға болмайды. Тұжырымдаманы жасаушылар қылмыстық саясаттың ізгілік жағын насихаттаумен ғана шұғылданып, қылмыстық саясаттың кімдерге қатысты қатаңдық сипатында қолданылатына жете көңіл бөлуі керек еді. Бұл жағдайды тұжырымдамадағы басты кемшілік ретінде ұсынамыз. Әрине тұжырымдамада көрсетілген проблемалар әлі де жүзеге аспаған және де Президенттің тапсырмасын орындау мемлекеттің басты міндеті болып табылады. Біз осы тұжырымдамадағы мемлекеттің қылмыстық саясатының қылмыстық заңнама саласында қандай бағытпен жүретіндігін бағамдадық. Енді осы көрсетілген жағдайларға қатысты өз ұсыныстарымызды білдірейік: қылмыстық заңнаманы жетілдіруде қылмыстық құқықтың басшылыққа алынатын қағидаларының және оның бұлжытпай орындалуының заңдық қырлары дұрыс көрсетілген. Мәні қылмыстық құқық тұрғысында іс –қимылдың қылмыстылығы мен жазалылығы тек қылмыстық заңмен айқындалуға тиіс екендігіне саятын заңдылық” қағидасының маңызы зор екендігіне дау жоқ әйтсе де біз кейбір қылмыс түрлерімен күресте қылмыстық әрекетті анықтайтын қосарланған заңдардың бар екендігін айта кету керек.

ҚР-сының қылмыстық заңдары тек қана осы қылмыстық кодекстен тұратындығын көрсетеді. Қылмыстық заң қылмыстық жауаптылықты көздейтін бірден –бір заңдық құрал болуы тиіс. Ал, осы баптың 1-тармағының сөйлемдеріне көз жүгіртсеңіз “қылмыстық жауаптылықты көздейтін өзге де заңдар оларды осы Кодекске енгізгеннен кейін ғана қолданылуы тиіс” деген көрсетілім мемлекетте бір ғана қылмыстық заңның болуын айғақтай түседі. Сонымен қатар мемлекетте сыбайлас жемқорлық қылмыстарының өрістеп тұрғандығы белгілі. Ал, мемлекетте «Сыбайлас жемқорлық пен ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес туралы» заңның қабылданғаны белгілі. Сонда мемлекетте сыбайлас жемқорлықпен күресте осы күресті жүргізушілер Республика Қылмыстық кодексін бе жоқ әлде жоғарыда көрсеткен заңды басшылыққа ала ма деген сұрақ туады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 17 бабында көрсетілген қылмыс түрлері



---

сыбайлас жемқорлықты құрайтын қылмысқа жататындығын өкілетті адамдар анықтаған.

ҚР Құқықтық саясат тұжырымдамасы қылмыстық заңнаманы жетілдіруді қарастырып қана қоймай, қылмыстық іс жүргізу мен атқару құқығына қатысты шұғыл түрдегі атқарылуға қатысты шаралар кешенін қамтиды. Тұжырымдаманың қылмыстық іс жүргізу заңнамаларына қатысты бөлігіне өз ойымызды білдірейік. Тұжырымдама негізгі мақсат ретінде қылмыстық іс жүргізудегі адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған нақты нормаларда бекітілген қағидаларын түбегейлі түрде одан ары дәйекті жүзеге асыруды қояды.

Мына қағидаға назар аударайық: кімнің де қылмыс жасаудағы кінәлілігі заңда көрсетілген тәртіппен дәлелденбейінше және заңды күшіне енген сот үкімімен белгіленбейінше әркімнің кінәсіз болып есептелетінін тұжырымдайтын кінәсіздік презумциясы; ешкімнің де өз кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті еместігі; айыпталушының кінәлілігіне деген жойылмаған күдік оның пайдасы үшін қарастырылатындығы; айыптау үкімінің жорамалдарға негізделе алмайтындығы және сенімді дәлелдердің жеткілікті жиынтығымен дәлелденуі тиі екендігі” – қағидасы өз бастауын ҚР Конституциясынан алады. ҚР Конституциясының 77-бабының тиісті тармақшалары бұл қағиданың заңдық бастауы болып отыр. Бұл қағидалар көбінесе басты сот талқылауында өз күшіне енетіндігі белгілі. Ата заңның нормалары бойынша сот төрелігінің қағидалары Республиканың барлық деңгейдегі соттары мен судьяларына ортақ және бірыңғай болып табылады. Бұл сот билігін жүзеге асырудағы заңдылықтың біртұтастығына және әділдіктің заң талаптарына сәйкес қалыптасуына өз септігін тигізеді. Заң басылымдарында сот билігі өкілдерін айыптайтын, оларды заңсыз үкім шығарды немесе жорамалдар негізінде үкім шығаруға жол берді деген сипаттағы мақалалар жарық көруде. Белгілі ағылшын философы Фрэнсис Бэкон «бір ғана әділетсіз үкім жеке адамдар жасаған көптеген қылмыстарға қарағанда көп қырсыққа мұрындық болады, соңғысы тек қана жылға – бұлақтарды, жалғыз – жарым шашыранды суларды бүлдіреді» –деп жазыпты. Бір өкініштісі соттар өздерін айыптаған мақалаларға қатысты баспасөз беттерінде қарымта жауап қайтармауда. Бұл өз кезегінде қарапайым халықтың соттар мен сот жүйесі туралы түсінігіне кері әсер етуде.

Сот үкімінің заңды және негізді болуы керек екендігі заңдарда белгіленген құқықтық қажеттілік. Қоғам мүшелерінің судьялардың шығарған шешімдеріне қатысты ашық, тәуелсіз ойлар бірдіруінен қауіптенуге болмайды. Қайта күнделікті заң басылымдарын қарайтын судьялар үшін ескерту сипатындағы функцияны атқарады деген сенім бар.

---

«Қылмыстық саясаттың мәні әртүрлі бағытта нақтыланған, белгілі мақсаттарға жету үшін белгілі тәсілдермен жүзеге асырылатын негізіне қағидалар жиынтығын алатын іс-әрекеттерден көрінеді» [3, 71 б.].

Қылмыстық саясаттың басым бағыттарының бірі – қылмыстан сақтандыру мен ескерту болып отыр. Қылмыстан сақтандыру мен ескерту процесіне қоғамның барлық мүшелері қатысатындығын ескерсек, бұл мәселені талқылаудың тереңділігі қажет. Қазақстан Республикасындағы құқықтық мәдениет пен сананы көтерудің бүгінгі жай-күйі қанағаттандырылғы деңгейде деп айтуға болады. Жалпы алғанда азаматтардың өз құқықтарын білуге және мемлекеттегі құқықтық процестерге талдау жасауға ұмтылысының деңгейінің жоғарылығын баспасөз беттерінен байқауға болады. Сонымен Қазақстан Республикасының қылмыстық саясаты ретінде өз бастауын Конституциядан алатын, мемлекеттегі қылмыстық әрекеттерге тосқауыл болуды мақсаты ретінде ұстанатын, қылмыстық заңдар арқылы және осы заң шеңберінде жүзеге асырылатын ерекше әсер ету нысаны.

Қылмыстық саясаттың қалыпты жүргізілуі үшін криминализация мен декриминализация, пенализация мен депенализация процестерінің заң талаптарына сай жүруі маңызды қажеттілік болып табылады. Жалпы алғанда Қазақстан Республикасының қылмыстық саясаты өзіндік бағытын қалыптастырумен қатар, көрші мемлекеттерге үлгі боларлықтай дәрежеде жүріп жатыр деп айтуға толық негіз бар. Біз мемлекетіміздің қылмыстық саясатының түсінігін беру мен оны құқықтық тұрғыдан зерттеуді ҚР Құқықтық саясат тұжырымдамасы шеңберінде жүргіздік. Өйткені аталған тұжырымдама мемлекеттің ата заңына негізделіп, қолданыстағы заңдарды кезең-кезеңімен жетілдіруді көздеп отыр. Біздің аталған тұжырымдамамыздың құқықтық реформаларды жеткілікті жүргізуге, сонымен қатар қылмыстық саясаттың дұрыс бағытпен өрістеуіне маңызы зор. Көрші мемлекеттердің өз құқықтық саясатын дамыту үшін тұжырымдамалар қабылдап жатқандығын да айта кету керек.

Мемлекеттің құқықтық саясатының негізгі бағытын қамтыған – Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Құқық қорғау органдары қызметкерлеріне сөз арнаймын. Біздің қалалардың көшелері мен ауылдардағы тыныштық сіздерге байланысты. Қылмыспен, сыбайлас жемқорлықпен, алаяқтықпен, заңдардың бұзылуымен табанды да қатал күрес жүргізу керек. Осы қиын кезде біздің азаматтардың, бүкіл қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бәрін де істеу керек» деп көрсеткен болатын [4, 11 б.]. Ресей мемлекеті “Ресейдегі бірыңғай құқықтық кеңістікті қамтамасыз ету мақсатында ресей заңнамаларын дамыту тұжырымдамасын” қабылдағаны белгілі.

---

Бұл жағдай құқықтық саясат тұжырымдамаларының мемлекет өміріндегі ролінің қаншалықты маңызды екендігін айғақтай түседі. Қазақстан мемлекетінің алдында тұрған міндеттердің ішіндегі маңыздысы саяси және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ете отырып, қылмыспен күресте ерекше тиімді сипаттағы күрестің жолын ұсыну және мемлекеттегі қылмыстың қандай түрі болмасын деңгейін төмендетуге бағытталған әрекеттерді жүзеге асыру боолып отыр.

Құқық қорғау органдары, әрбір азамат (лауазымды жағдайы мен жынысы, нәсіліне қарамастан) мемлекеттің қылмыспен күрестегі алға қойып отырған саясатына дұрыс болжау жасап, баға беруді өзінің азаматтық парызы ретінде қарастырса, онда мемлекет қойып отырған талаптардың өз деңгейі мен уақытында орындалатынына сенім мол.

Қылмыстық саясаттың түсінігі мен сипаттамасына қатысты дұрыс көзқарасты қалыптастыру үшін ғылыми еңбектер мен күнделікті қоғам өміріндегі криминогендік ахуалды сипаттайтын ақпараттардың, мемлекеттердің осы бағыттағы жұмыстарының бағытына назар салып отырудың маңыздылығына тоқтала кету керек. Мемлекеттің ең басты қазынасы адам мен оның өмірі болғандықтан, қылмыстық саясатты жүзеге асыру кезіндегі іске асырылған іс-әрекеттердің барлығы- адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы мен шектелмеуіне, еліміздің құқықтық жүйесін одан ары дамытуға, жоғарыда көрсетілген субъектілердің конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың мемлекеттік кепілдіктерін нығайтуға, сот жүйесін дамыту жолдары және құқық қорғау органдары мен азаматтардың арасындағы жоғары түсіністік пен сыйласымдылықты жолға қоюға негізделгенін нық сеніммен айта аламыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ағыбаев.А.Н. Адам, қоғам, мемлекет мүддесінің қорғаушысы.  
« Қылмыстық және қылмыстық атқару кодекстеріне он жыл: нәтижелері мен болашағы» атты халықаралық ғылыми конференция материалдар жинағы. 21-22 маусым 2007 ж. – Алматы: Қазақ Университеті, 2007. - 198 б.
2. Загородников Н.И. Советская уголовная политика и деятельность органов внутренних дел. М.,1979. - 100с.
3. Алауханов Е. Қылмыстан қорғануға бола ма? – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2005.- 144 б.
4. Дағдарыстан жаңару мен дамуға. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа жолдауы.- Алматы: ЮРИСТ, 2009.- 24 б.
5. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы. Егемен Қазақстан газеті, 28 тамыз 2009 ж.

---

### Резюме

В данной статье рассмотрены основные направления уголовной политики Республики Казахстан. Автором поднимаются проблемы модернизации уголовной политики.

### Summary

In given article the basic directions of a criminal policy of Republic Kazakhstan are considered. The author problems of modernization of a criminal policy rise.

*Иванова И. Л.  
магистрант 2 курса  
юридического факультета  
КазНУ имени аль-Фараби*

## **О научных концепциях государственного регулирования экономики и предпринимательства**

Поскольку среди ученых есть различные мнения относительно содержания понятия «государственное регулирование», для целей настоящего раздела будет принято определение, сформулированное С.В. Дойниковым: «Государственное регулирование экономики – это система мер законодательного, исполнительного и контролирующего характера, осуществляемых правомочными государственными учреждениями и общественными организациями в целях стабилизации и приспособления существующей социально-экономической системы к изменяющимся условиям» [1, 222].

На мой взгляд, понятия государственного регулирования экономики и государственного регулирования предпринимательства следует принять как равнозначные:

- 1) Государство не может воздействовать на объективные (природные) явления, а воздействует на поведение людей (в экономической сфере – субъектов хозяйствования);
- 2) Все имущество на территории государства закреплено на праве собственности либо за государством, либо за частными лицами;
- 3) Значительная часть имущества частных лиц используется ими как в предпринимательской деятельности, и для личного потребления;
- 4) Государственное воздействие на общественные отношения имеет правовую форму;
- 5) Государство при регулировании предпринимательской деятельности использует как прямые, так и косвенные методы (включая осуществление самим государством предпринимательской деятельности).

---

В поддержку использования мной понятий разного объема приведу мнение российского юриста Н.И. Герчиковой, которая указывает на то, что государственное регулирование охватывает регулирование экономики (на макроэкономическом уровне) и регулирование предпринимательской деятельности (на микроэкономическом уровне) [2, 81].

На сегодня одним из основных вопросов, рассматриваемых учеными-юристами и экономистами является определение рамок (границ) административно-правового регулирования предпринимательства. Обобщенно существо вопроса составляет проблема сочетания, обеспечения баланса публичных и частных интересов. На этот счет существует несколько мнений и предлагаются различные пути решения вопроса.

Бесспорно, что рамки административно-правового регулирования и пределы вмешательства государства в экономику и предпринимательскую деятельность определяются необходимостью и достаточностью сохранения существенных элементов экономического регулирования в сочетании с корректировкой экономического развития в направлении, необходимом для удовлетворения интересов гражданского общества. При этом многие ученые-экономисты являются сторонниками ограниченного государственного вмешательства в экономику. По мнению Л.И. Якобсона, "государственное вмешательство уместно уподобить лекарству, которое следует применять только при наличии болезни, согласно конкретному диагнозу и избегая избыточных доз". [3, 16]

7. Постановление Правительства Республики Казахстан №842 от 24.06.199 г. «Об утверждении Перечня заболеваний, при наличии которых лицо не может усыновить (удочерить) ребенка, принять его под опеку (попечительство), патронат»

- 
8. Завражнов В. Усыновление иностранцами детей – граждан РФ.//Российская юстиция.2004. №7. С.25-31
  9. Бабурин С.Н., Забейворота А.И., Глисков А.Г., Бородич К.Ю. Справочник по усыновлению (удочерению) и опеке в РК: порядок, условия, правовые последствия. М., МЦФЭР, 2004. 389с. С.176
  10. Проблема детей-сирот в российском общественном мнении. Социологическое исследование//Беспризорник. 2004. №6. С.28-31.

### **Түйін**

Заңға сүйеніп жанұядағы қарым-қатынастарды қорғауға бағытталған, балалардың тәрбиесі үшін, өзара махаббат және құрмет, өзара көмек және жауапкершілік сезімдерін, әр адамның басқа адамның алдында қойылған жауапкершілігі, жанұя мүшелерінің мүдделерін құрастыруға дұрыс айтады.

Жанұя - бұл мүліктік және дербес мүлік құқықтар және неке, ағайындық қарым-қатынастар, бала асырап алу немесе балалардың қабылдануды басқа формасынан жанұядағы қарым-қатынастарды күшейтуге және дамытуға мүмкіндік туғызуға шақырылған міндет сабақтас тұлғалардың шеңбері.

### **Summary**

First of all Legal regulation of family relations is directed, on protection of the rights and interests of members of a family, on formation between them of the relations constructed on feelings of mutual love and respect, mutual aid and responsibility before each other, on creation in a family of necessary conditions for education of children.

The family is the circle of persons, connected by the property both personal non-property rights and the duties following from marriage, relationship, adoption or other form of acceptance of children to education and called to promote strengthening and development of family relationships.

*Косжанова Н.  
Д.А. Қонаев атындағы Университетінің  
I курс магистранты  
Ғылыми жетекші: э.ғ.к Ажыханов Б.Б.*

## **Қазақстан Республикасының экономикасының индустриалды-инновациялық өндірісті жетілдіру проблемалары**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Индустриалды-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясының маңызды міндеттерінің бірі мақсатты инвестициялық және ғылыми-техникалық стратегияларды іске асыру, инвестициялық белсенділікті реттеу мен ынталандыру болып табылады. Бұл индустриалды-инновациялық дамудың қазіргі мемлекеттік басқару жүйесін қайта қарауды және белгілі бір дәрежеде қайта құруды қажет етеді.

---

Біздің елдің инновациялық индустрияландыруы – дамудың жалғыз ғана дұрыс жолы. Елімізде инновациялық жүйені дамытуға арналған барлық алғышарттар бар: инновациялық және қаржылық инфрақұрылым, ғылыми әлеует инновациялық кәсіпкерлік. Бұл технопарктер мен бизнес-инкубаторлардың құруын, ғылыми зерттемелерге гранттардың бөлінуін, сонымен бірге өндірісте инновациялық жобалардың іске асырылуы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тәсілдерінің кеңінен қолдануын көздейді.

Бағдарлама экономиканы әртараптандыру және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы орнықты және теңгерімді өсуін қамтамасыз етуге бағытталған. 2015 жылға дейінгі кезеңде қазақстандық қамтуды мақсатты дамыту арқылы шағын және орта бизнес, кейінгі қайта бөлу және қайта өңдеу үшін жаңа бизнес-мүмкіндіктерді мультипликациялаумен экономиканың дәстүрлі экспортқа бағдарланған секторларында ірі инвестициялық жобаларды іске асыру үдемелі индустрияландыру саясатының негізгі басымдығы болмақ.

Жалпы алғанда, экономиканы әртараптандыруды мемлекеттік қолдау макро және секторлық деңгейлерде экономикалық саясаттың жүйелі шараларын, сондай-ақ экономиканың нақты секторларын және жобаларды қолдаудың селективті шараларын іске асыру арқылы жүзеге асырылатын болады. Қазақстанда индустрияландырудың базалық индустриялды негіздері құрылған:

- серпінді бағыттарды іске асыруға арналған мемлекеттің әлеуетін топтастыратын «Самұрқ-Қазына» ҰӘҚ АҚ;
- экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ететін Ұлттық қоры;
- диверсификациялау үдерісін сүйемелдейтін даму институттары; мемлекет пен бизнестің қимылын өзара әрекеттестіру және үйлестіру үшін диалог алаңдары.

Ірі жобаларды іргерілетудің бастамашысы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры. Акционерлік қоғамы экономиканың отын-энергетика және металлургия секторларының ірі жүйе құраушы компаниялары, сондай-ақ стратегиялық шетелдік инвесторлар болып табылады.

«Қазақстан-2030» Стратегиясы шеңберіндегі үдетілген индустриялды-инновациялық даму бойынша ҚР Президенті қойған міндеттемелерін іске асырудағы Ұлттық инновациялық қордың рөлі зор. Ұлттық инновациялық қор жобаларды дамытудың әр түрлі кезеңдерінде қаржыландырады: идея мен үлгі жасауынан бастап өндірістің кеңейтуіне дейін. Ұлттық инновациялық қордың қаржыландыруының тетігі-жоба құнынан 49%-ға дейін үлестік инвестиция салу. Ұлттық инновациялық қордың портфелінде қазір тоғыз жоба бар. Одан басқа, қазақстандық ғалымдар мен кәсіпкерлерге 2004 жылдан бастап тәжірибе-

---

конструкторлық зерттемелерге 48 грант берілді. Қордың одан арғы міндеті – өз еншісіндегі үлесін сату жолымен инновациялық жобалардан «шығу» және тәжірибе-конструкторлық зерттемелерді коммерцияландыру. Кез кеген жобаға инвестиция салу кезінде оның барлық жағынан тәуекелге ұшырау мүмкіндіктері мен ең бастысы молынша пайда әкелу факторлары ескеріледі[1].

Біз – аграрлық еліміз және біздің осы салада үлкен ресурстарымыз бар. Бұл жолды ешбір ұмытуға болмайды, біз агроөнеркәсіптік қуаттардың жетілдіруімен, асыл тұқымды шаруашылықтардың дамытуымен айналысуымыз керек. Сонымен қатар тек шикізат экспортымен ғана шұғылданбай, ауылшаруашылық өнімнің терең өңделуіне ерекше назар аударуымыз өте маңызды. Бұл үшін үздік агротехниканы қолдану маңызды, қатерлі егін шаруашылығы аймағында жоғары өнімділікті қамтамасыз ете алатын инновациялық энергия – және су сақтайтын технологияларды жетілдіру.

Басқа маңызды сала – бұл металлургия өнеркәсібі. Сонымен бірге бұл жерде шетелге металл сынығын сату емес, түпкілікті өнім өндірілуі үлкен мағынаға иеленеді. Сонымен қатар энергияны сақтау, био және нанотехнологияларды дамытуға күшті бағыттау маңызды. Үлкен ғылыми әлеует химия өнеркәсібінің дамытуында да сақталады. Біз үшін перспективті салаларды анықтап алу маңызды және ары қарай осы салаларды жетілдіру негізінде жалпы тұрақты дамуға қол жеткізуге болады. Дамытуға бөлінетін қаражаттың 70%-ы қазіргі уақытта жұмыс істейтін дәстүрлі салалар және өндірістердің жетілдіруі мен жаңғыртуына бағытталу керек, ал қалған 30%-ы жаңа технологиялар саласын дамытуға жіберілуі қажет.

Бірақ, технологиялар туралы айта келе, ғылыми әлеуеттің дамуы жайлы ұмытуға болмайды: ғылыми іргесіз инновациялар болмайды. Одан басқа, жаңа жоғары технологиялы жабдықтар енгізумен бірге, біз үшін сауатты мамандардың болуы маңызды.

Ғылыми-техникалық прогресті қаржыландырудың көзін таңдау кезеңдерге және, тиісінше, ғылыми-зерттеулердің түрлеріне, соның ішінде: іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерге, жобалау-конструкторлық зерттемелерге, жаңа техника мен технологияны, өндірісті, еңбекті және басқаруды ұйымдастырудың әдістерін енгізуге байланысты. Сондықтан технологиялық дамуымен бірге кадрлар әзірленуіне назар аудару керек. Өткен жылғы наурыздан бастап Қазақстан еуропалық білім беру кеңістігінің – Болон келісімінің толыққанды мүшесі болған алғашқы ортаазиялық мемлекет иеленді. Болон талаптарына сәйкес еліміз маман даярлаудың үш деңгейлі – бакалавриат-магистратура-докторантура моделіне көшті. 42 жоғары оқу орыны халықаралық сапа менеджменті жүйесінің сертификаттау аудитінен өтті. Кластерлік бастамаларды ескере отырып, докторлық және магистерлік бағдарламалар бойынша кадрлар даярлау үшін басым

---

мамандықтардың тізімі анықталы. Ғылым мен өндірістің арасындағы байланысты күшейту; технологияны өндіріске тарту үдерісін жеделдету; қазақстандық ғылымды халықаралық ғылыми ортаға кіріктіру; зерттеу жобаларының тәуелсіз жүйесін құру; университеттік зертханалар жүйесін құру және т.б. ұстанымдарға негізделген ғылымды қаржыландыру моделі жасалды. Сондай-ақ ғылыми және инновациялық іс-әрекет үшін қазіргі инфрақұрылымдарды дамыту, академиялық ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындарының интеграциясын қамтамасыз ету; ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың тиімді жүйесін құру ғылыми-зерттеу және конструкторлық іс-әрекеттерді жүргізуде жеке секторларды ынталандыру, ғылыми мамандарды даярлау сапасын арттыру саласында да толайым іс тындырылды [2].

Инновациялық дамудың маңызды құрамдас бөлігі технопарктер болып табылады, өйткені олар – инновациялық инфрақұрылымның негізі. Технопарктердің негізгі миссиясы мынада: өндірістік алаңдар мен бизнес-қызметтердің инновациялық жобаларын бастамашыларға пайдалануға беру арқылы ғылыми зерттемелерді коммерциялау үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету. Ұлттық деңгейдегі технопарктің міндеті бүкіл экономикаға мультипликациялық нәтижесі болатын жүйекүруші салаларды дамыту, өңірлік технопарктерді жасаудың мақсаты жекелеген өңірлердің шеңберінде экономиканың барлық салаларында инновациялық қызметті ынталандыру болып табылады.

Бағдарламаны табысты іске асыру үшін мемлекеттің және жеке меншік сектордың қаржылық ресурстары шоғырландыратын болады, бұл ретте мемлекет жүйелі және секторалдық қолдау шараларын, инфрақұрылымды дамытуды қаржылық қамтамасыз етуге, ал жеке меншік сектор мен ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық компаниялар жобалық қаржыландыруға шоғырланатын болады.

Бағдарламаның нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін инвестициялық жобаларды іске асыруға жұмсалатын тікелей шығынның болжамды көлемі шамамен 6,5 трлн. теңгені құрайды және мынадай көздерден қамтамасыз етілетін болады.

- Жеке меншік ішкі және сыртқы инвесторлардың қаражаты;
- Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялардың және мемлекет қатысатын өзге де ұйымдардың қаражаты;
- Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға, сондай-ақ индустрияландыруды мемлекеттік қолдаудың секторалдық және жалпы жүйелік шараларын қаржыландыруға арналған мемлекеттік бюджет. Бағдарламаны қаржылық қамтамасыз ету арқылы көптеген нәтижелерге қол жеткізуге болады [3].

Үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі бағдарламаны табысты іске асыру оны әртараптандыру және ұзақ

---

мерзімді кезеңде бәсекеге қабілеттілікті арттыру арқылы орнықты және теңгерімді өсуді қамтамасыз етуге ықпал ететін болады.

Өндіріс факторлары өнімділігінің өсуі, ұлттық инновациялық жүйенің дамуы және нығаюы, экономиканың шоғырлану деңгейінің төмендеуі, индустрияландыру үдерісінде шағын және орта бизнес рөлінің күшеюі, индустриялық сектордың өндіргіш күштерін ұтымды ұйымдастыру, адами капитал сапасының өсуі Бағдарламаның негізі сапалы нәтижелері болады.

Қорыта келе, үдемелі индустриялық-инновациялық саясатты белсенді жүргізу отандық экономиканың тізбекті дағдарыстарға қатысты орнықтылығын жоғарылатады және қазақстандықтардың әл-ауқатын арттырады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «2003-2015 жылдардағы индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы».
2. Асилова А.С. Инвестицияны қаржыландыру және несиелеу. Алматы 2009.
3. Мемлекет басшысының «Жаңа онжылдық» – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері атты Қазақстан халқына Жолдауы.

#### **Резюме**

В XXI веке динамичное развитие экономики и общества, непосредственно зависит от эффективности проводимой экономической политики.

В данной статье совершенствование производства рассматривается как важнейшей фактор индустриально-инновационного развития национальной экономики. В статье автор особое внимание обратил на современную состоянию инновационного развития экономики, рассматривал актуальных проблем развития инновационных процессов и предложил альтернативные пути решение проблем.

#### **Summary**

In the twenty-first century, the dynamic development of economy and society directly depends on the effectiveness of economic policy.

In this paper, improvement of production is regarded as the most important factor of industrial-innovative development of national economy. The author paid special attention to the current state of innovation development of economy, considered the urgent problems of development of innovative processes and suggested alternative ways of solving problems.

## **Қазіргі таңда Қазақстандағы жеке айыптау істері бойынша іс жүргізудің маңызы**

Қазақстандағы жеке айыптау істері бойынша іс жүргізудің маңызын ашпас бұрын, біздің қоғамымыздың даму процессіне байланысты жеке айыптау істері бойынша сот өндірісі институтының дамығандығын, бір түрден екінші түрге ауысқандығы айта кеткен жөн.

Жеке айыптау қоғам дамуының алғашқы кезеңдерінде жәбірленуші тұлға мен кінәлі адам арасындағы жалғыз байланыс нысаны бола отырып, қоғамның дамуы барысында қылмыстық іс жүргізудің бір нысанына айналды. Бұл жеке және жария бастамалардың арақатынасы тек олардың мазмұнын ғана емес, тұтас мемлекеттің мазмұнын сипаттайды. Яғни, мемлекет тұтастай өзінің азаматтары мен қоғамның жеке мүдделерін қорғау үшін пайда болатынына қарамастан, оның қарауындағы қылмыстық әрекеттердің ауқымы азайды.

Қазақстан Республикасының конституциясы қылмыстық іс жүргізуді жариялылық, теңдік және тараптардың жарыспалығы қағидаларының негізінде қалыптастыруды жария еткен болатын. Оның басты мақсаты қылмыстарды тез әрі толық ашу, қылмыскерлерді ұстау және әрбір қылмыс жасаған тұлғаның жасаған әрекеті үшін әділ жазаға тартылуын қамтамасыз ету, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану болып табылады деп көрсеткен болатын. Аталған міндеттерді өз кезегінде бір негізгі бір міндетке, яғни құқықтық тәртіпті қорғау мен нығайтуға келтіруге болады.

Мемлекеттің кез келген уәкілетті органы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 36-бабына сәйкес қылмыс белгілерін анықтаған жағдайда қылмыстық іс қозғап, оны тергеуге кірісуі қажет делінген. Яғни, қылмыс белгілері анықталған жағдайда мемлекет тарапынан азаматтардың қадір-қасиеті, өмірі, денсаулығы мен меншігінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты барлық шараларды қолдануы қажет. Сонымен қатар, қылмыс деп танылған барлық әрекеттер тек жеке істер қатарына жатады деп айтуға болмайды. Бұдан қылмыстық іс жүргізу қоғамдық, мемлекеттік және жеке тұлғалардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуі қажет. Осыған байланысты онда бір-бірінен ажырамайтын жеке және жария бастамалар көрініс табады. Бұл жерде заң шығармашылықта жария бастамалардың басым болуы авторитарлық және тоталитарлық режимдегі мемлекеттерге тән екендігін айта кету керек. Ал құқықта диспозитивті бастамалардың басым болуы мемлекеттің мүддесіне



---

қарағанда жеке тұлғалардың мүдделерін жоғары қоятын демократиялық мемлекетке тән қасиет.

Қылмыстық іс жүргізудің жария екендігіне байланысты көптеген ғалымдардың ойлары бір жерден шығады. Оған олардың айтқандарын келіре отырып көз жеткізуге болады. Мысалға, А.Фон-Резонаның айтуы бойынша «әрбір қылмыстық әрекет жеке тұлғалардың құқығын бұзғанымен қоса қоғамдық тәртіпті де бұзады және ол бұзылған құқық жеке тұлғалардың сыйақысымен емес, мемлекет тағайындайтын жаза арқылы қалпына келтіріледі»[1,54].

И.Я.Фойницкийдің айтуы бойынша жарыспалылық арқылы қылмыстық іс жүргізу құрылмайды. Сонымен қатар, дәлелдемелерді жинауда жеке тұлғалар мемлекеттің көмегіне жүгінеді және қылмыстық айып тағу жеке тұлғалардың таңдауы бойынша емес, мемлекеттің атынан тағылады. Қылмыстық іс жүргізуде тараптардың қатысуы істі толығымен ашуға мүмкіндік береді және сотқа шешім шығару үшін жан-жақты әзірленген материалдар ұсынуда жәрдемдеседі. Бұл мағынада тараптар соттың маңызды көмекшілері ретінде немесе олардың әрқайсысы өздерінің жеке мүдделері үшін емес, өздеріне тапсырылған қоғамдық мүддені білдіру үшін әрекеттенеді

Мұнымен М.С. Строгович, Н.Д. Дурманов, В.С. Джатиев В.Н.Хропанюк және тағы басқа да ғалымдар келіскен болатын. Олардың айтуынша, қылмыстық ізге түсу әрқашан да жария сипатқа ие болатын.

Алайда, Н.А.Громов пен Ю.В.Франнифоров «қылмыстық іс жүргізудің жариялылығын мемлекет пен қоғамның қылмыстық қол сұғушылықтардан жеке тұлғалардың мүдделеріне байланысты емес белсенді қорғанысы деп айтуға болмайды. Себебі, жеке тұлғалардың мүдделерін елемей, мемлекет пен қоғамның игілігіне қамқорлық көрсету мүмкін емес. Қоғамдық мүдде – ол тек мемлекет пен қоғамның ғана емес, жеке тұлғалардың да мүдделері», деген болатын[2, 48].

К.Ф.Гуценко да Н.А.Громов пен Ю.В.Франнифоров ойларын бөлісті. Оның айтуы бойынша жеке тұлғалар мен мемлекеттің мүдделерін бір-бірінен ажыратып қарауға болмайды[3, 62].

Мұндай көзқарасты бөлісі отырып В.С.Шадрин «мемлекет қылмыс жәбірленушісі мен кінәлі тұлға арасында делдал міндетін атқаратынын, яғни пайда болған дауға жәбірленуші жағынан араласатынын ашып көрсетеді». Бұл пікірмен келіспеу қиындау, өйткені қылмыстық қарым қатынас әрдайым мемлекет пен қылмыстық әрекет жасаған арасында пайда болған дауды шешу үшін пайда болады. Бұл қылмыстық қарым қатынас субъектілерінің анализін көрнекі растайды:

1) жеке айыптау істері бойынша олар болып - қылмыстан зардап шеккен жеке тұлға, мемлекет (прокурора, судья ретінде) және кінәлі тұлға (жеке тұлға);

---

2) жеке – жариялы айыптау істері бойынша - жеке (жеке және заңды), қылмыстан зардап шеккен тұлға, мемлекет (уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан) және кінәлі жеке тұлға.

3) жария айыптау істері бойынша – жеке тұлға (жеке және заңды), қылмыстан зардап шеккен мемлекет, мемлекет (уәкілетті органдар, прокурор, судья атынан) және кінәлі жеке тұлға.

Бұдан мынадай қорытынды жасауға болады: жеке бастамалар қылмыстық іс жүргізуде маңызды орын алады. Осыған байланысты жеке айыптау институтын кеңейтуге байланысты алғышарттар да бар. Ол туралы төменде көрсетілген ғалымдар бірнеше дүркін сөз қозғаған болатын:

- И.Петрованың айтуы бойынша «жеке тұлғалардың айыптауды жүзеге асыруға байланысты құқықтарын кеңейту олардың заңды мүдделерін толығымен қорғап қана қоймай, қылмыстық қудалаудың тиімді іске асырылуы үшін десептігін тигізер еді»;

- А.С.Золотарев бұл мәселеге байланысты өз ойын былай білдірді: «отандық іс жүргізушілік ғылымның басты міндеті жария мен жеке мүдде арасындағы дұрыс теңгерімді табу болып табылады», - десе, ал В.М.Корельскийдің пікірі бойынша тек жоғарыда айтылған жағдайда ғана құқықтық ақиқаттың тараптары бірін-бірі күшейте түсіп, әлеуметтік, құқықтық және басқа да құндылықтарға қол жеткізеді» [4, 56].

Өкінішке орай ғалымдардың арасында жеке айыптаудың да, жария айыптаудың да мазмұнына байланысты ортақ пікір жоқ.

Заң энциклопедиясындағы анықтама бойынша «қылмыстық іс жүргізудегі айыптау қылмыстық жауаптылыққа тартылып жатырған тұлғаның кінәлігін дәлелдеуге байланысты заңмен уәкілеттілік берілген органдардың қызметі» [5, 34].

Е.Б.Мизулинаның пікірі бойынша «айыптау – бұл заңда көрсетілген тұлғалардың сот алдында сотталушының кінәлігін негіздеуге бағытталған қызметі», ал А.М.Ларина, Э.Б.Мельникова және В.М.Савицкийдің қорытындылары бойынша «айыптау - бұл тергеуші мен прокурордың қылмысты нақты бір тұлғаның жасағандығы туралы қорытындысын тұжырымдау, негіздеу және қорғауға байланысты қызметі». Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 7-бабының 13-тармағына сәйкес «қылмыстық ізге түсу, яғни айыптау - қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекет пен оны жасаған адамды, соңғысының қылмыс жасаудағы кінәлілігін анықтау мақсатында, сондай-ақ мұндай адамға жаза немесе өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын қолдануды қамтамасыз ету үшін айыптау тарабы жүзеге асыратын іс жүргізу қызметі».

---

Жоғарыда айтылғандарды басшылыққа ала отырып мынадай қорытынды шығаруға болады: қылмыстық іс жүргізудегі айыптау – бұл заңмен уәкілеттілік берілген лауазымды тұлғалар мен қылмыстан зардап шеккен жеке тұлғалардың жасалған әрекетке құқықтық баға беріп, кінәнің нысаны мен себептерін, қылмыс жасау уақытын, орнын, әдісін көрсете отырып, кінәлі тұлғаларды негізді және әділ әшкерелеуге бағытталған қызметі.

Заң энциклопедиясындағы анықтамаға сәйкес жеке айыптау – тек жәбірленушінің арызы негізінде қозғалатын қылмыстық істер бойынша сот өндірісінің нысаны. Айыптауды жәбірленушінің өзі қолдайтындықтан жеке деп аталады. Аталған көзқарасты Н.А.Громов пен Л.В.Головко бөліседі. Олардың айтуы бойынша жеке айыптаудың мәні ең алдымен осы нысандағы істер бойынша қылмыстық қудалау толығымен жәбірленушінің еркіне берілген[6, 53 ].

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 32-бабына сәйкес, жасалған қылмыстың сипаты мен ауырлығына, зардабына қарай қылмыстық ізге түсу мен айыптау сотта жеке, жеке-жариялы және жариялы түрде жүзеге асырылады.

Жеке айыптау - қылмыстық процестегі айыптаудың бір нысаны болып табылады. Айыптаудың бұл нысаны, қылмыстан зардап шеккен адамның немесе оның заңды өкілінің айыптыны қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы талабы қылмыстық іс жүргізу заңымен белгіленген тәртіпте тапсырылғанда пайда болады.

Жеке айыптау - әдетте, тек жәбірленушінің шағымы бойынша ғана қозғалған қылмыстық істердің кейбір санаттарын жүргізу тәртібі. Жеке айыптау істері жәбірленуші мен айыпталушы бітімге келген жағдайда қысқартылады.

Жеке айыптау бойынша сот ісін жүргізу ҚІЖК-нің 45 тарауы мен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылдың 25 желтоқсанындағы «Жеке айыптау істері бойынша сот тәжірибесі туралы» №13 Нормативтік қаулысында қарастырылған.

Жеке айыптау ісін жүргізудің басқа қылмыстық істерді жүргізуден бір айырмашылығы, жеке айыптау ісі бір адамның басқа адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы сотқа шағым беруі арқылы қозғалады.

Істерді зерделеу барысында денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру фактілері бойынша жәбірленушілер негізінен ішкі істер органдарына шағымданатынын көрсетті, бұл жәбірленушілердің жеке айыптау бойынша тікелей сотта іс қозғау құқықтары барын білмейтінін дәлелдейді. Осыған байланысты, жеке айыптау шағымдарының басым көпшілігі соттарға ішкі істер органдарынан келіп түседі.

Сондай-ақ, анықтау және тергеу органдары жәбірленушілердің шағымында жеке-жариялы, жариялы қылмыс түрлерінің құрамдары жоқ,

---

тек жеке айыптау белгілері бар деген тұжырымға келіп, материалдарды қарамай сотқа жіберу фактілері де сот практикасында аз емес.

Аталған жағдайда да сот практикасында біркелкі пікір жоқ, өйткені, бірі қаралмаған материалдарды жеке айыптаушының шағымы ретінде іс жүргізуге қабылдауға болады десе, екіншісі, қабылдауға болады дей тұрып, арызданушыға сондай шағыммен сотқа жүгінуді ұсынады.

Жоғарыда айтылғандардан мынадай қорытынды шығаруға болады: қазіргі таңда жеке айыптау қылмыстан зардап шеккен жеке тұлға қызметінің бір түрі ретінде қылмыстық іс жүргізу кодексінің 32-бабына сәйкес өзіне қарсы қылмыс жасаған тұлғаға қатысты мынадай әрекеттерден тұрады: 1) оның өзіне қатысты қылмыс жасаған тұлғаны жауаптылыққа тарту туралы ресми түрде сотқа жүгінуден; 2) өзіне қарсы жасалған қылмыс бойынша дәлелдемелер ұсынудан; 3) сотта айыптауды қолдаудан. Сонымен қатар, қылмыстан зардап шеккен жеке тұлғаға оны қылмыстық жауаптылықтан босатуға әкеп соқтыратын айыпталушымен бітімгершілікке келуіне құқық берілген.

Сотта айыптауды қолдау қылмыстық іс жүргізушілік айыптау функциясын жүзеге асыру болып табылады. Оны жүзеге асыру барысында айыптаушы қылмыскердің кінәлілігін дәлелдейтін дәлелді және шындыққа сай дәлелдемелерді ұсынуға міндетті, сонымен қатар, жасалған әрекетке заң тұрғысынан сауатты баға беруге міндетті. Өкінішке орай жеке тұлға уақыттың болмауы, қаржылай, техникалық және кәсіби мүмкіншіліктердің болмауы және құқықтық мәдениеттің төмендігі сияқты түрлі объективті және субъективті себептерге байланысты а) жеке дара өзіне қатысты қастандық жасаған тұлғаны анықтау; б) аталған тұлғаны сипаттайтын ақпараттар жинау; в) кінәлі тұлғаны ұстау; г) ұрланған заттар мен қылмыс қаруын табу; д) қылмыс жасаған тұлғаға қатысты дәлелдемелер жинап оны әшкерелеу, сараптама тағайындау, куәлерден жауап алу сияқты әрекеттер жасау; е) жасалған әрекетті дұрыс саралау мен тағайындалатын жазаның түрі мен мөлшерін заң тұрғысынан сауатты тұжырымдауға мүмкіндігі жоқ.

Бұдан жеке айыптау істері бойынша зардап шеккен тұлғаларға мемлекет уәкілетті органдарға арнайы міндет жүктеу арқылы аталған нысандағы істер бойынша алдын ала тергеуді жүргізуді қамтамасыз етуге міндетті.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Фон-Резон А. О преступлениях, наказуемых только по жалобе потерпевшего по русскому праву. - СПб., 1882. - С.2.
2. Громов Н.А., Францифоров Ю.В. Правоприменительная деятельность органов предварительного расследования, прокуратуры и суда. Основные начала: Учебное пособие для вузов. - М.: «Изд-во ПРИОР», 2000. - С.46.

---

3. Гуценко К.Ф. Частное обвинение в советском уголовном процессе: Дисс. на соискание уч. ст. к.ю.н. - М., 1958. - С.34.

4. Золотарев А.С. Система досудебного производства: стадии процесса и этапы расследования// Публичное и частное право: проблемы развития и взаимодействия, законодательного выражения и юридической практики: Материалы Всероссийской научно-практической конференции (23-24 апреля 1998 г.). - Екатеринбург: Изд-во УрГЮА, 1999. - С.285.

5. Юридический энциклопедический словарь. - М.:1997. - С.526. Тихомиров Л.В, Тихомиров М.Ю

6. Головкин Л.В. Новые основания освобождения от уголовной ответственности и проблемы их процессуального применения// Государство и право. - 1997, - №8. - С.78.

### **Резюме**

В данной статье рассматриваются вопросы частного обвинения в уголовном процессе.

### **Resume**

In given article questions of private charge in criminal trial are considered.

*Токаева В.  
Ғылыми-педагогикалық  
бағыттағы 2 курс магистранты  
Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ*

## **Салықтардың экономикалық мүдделерге әсерін азайту жолдары**

Салықтар баршаға белгілі көптеген ғасырлар бойы қоғамның экономикалық базалық құрамы және мемлекеттің кірісін қалыптастырудың маңызды қаржылық құралы ретінде қолданылып келеді. Теориялық жағынан салық салу жүйесі – қоғамның әлеуметтік құрылымын танып білудің шартты жағдайы және объективті қажеттілігі.

Салықтар мемлекетпен бірге пайда болды және мемлекеттің өмір сүріп, дамуының негізі болып табылады. Адамзат дамуының бүкіл тарихы бойына салық нысандары мен әдістері өзгерді, игерілді, мемлекеттің қажеттіліктері мен сұрау салуларына бейімделді. Салықтар тауар-ақша қатынастарының ахуалына әсер ете отырып, олардың дамыған жүйесінде айтарлықтай өрбіді. Мемлекет құрылымының өзгеруі, өркендеуі әрқашан салық жүйесінің қайта құрылуымен, жаңаруымен қабаттаса жүреді.

Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер айқын болуға тиіс. Салық салудың айқындығы салық төлеушінің

---

салықтық міндеттемелері туындауының, орындалуының және тоқтатылуының барлық негіздері мен тәртібін салық заңнамасында белгілеу мүмкіндігін білдіреді.

Еліміздегі салық салу жалпыға бірдей және міндетті болып табылады. Жеке сипаттағы салық жеңілдіктерін беруге тыйым салынады. Қазақстанның салық жүйесі оның бүкіл аумағында барлық салық төлеушілерге қатысты бірыңғай болып табылады. Мемлекет салық саясатын – салық саласындағы шаралар жүйесін қоғамның оның нақтылы кезеңіндегі әлеуметтік – экономикалық мақсаттар мен міндеттеріне қарай әзірленген экономикалық саясатқа сәйкес жүргізеді [1].

Салықтардың экономикалық мүдделерге әсерін азайту жолдарында салық ауыртпалылығы салыстырмалы талдау көрсеткен бойынша Қазақстанда және шетелде оның деңгейі мемлекеттің экономикаға араласу ауқымына байланысты экономиканың әлеуметтендірілу дәрежесімен байланысты болып келеді.

Рыноктық экономиканың түрлі үлгілерінде мемлекеттің рөлі де әр түрлі болып келеді. Скандинавиялық елдерде, мемлекет жоғары әлеуметтік кепілдендіру береді және олардың салықтық алымдары жалпы ішкі өнімге қарай Жапон-германдық үлгіге қарағанда артық, екіншілерінде осы әлеуметтік қызметті кәсіпорындарға жүктеген.

Өмір сүру жағдайлары бірдей мемлекеттерде, салықтық түсімдер жалпы ішкі өнімге қарай бірдей болса, оларда салық ауыртпалылығы тек аздап бірдей болады. Ал, жалпы ішкі өнімнің абсолютті мөлшері жан басына шаққанда орташа адамның табысынан төмен болса, оларда салық ауыртпалылығы сезімталдырақ болады.

Осыдан, салық ауыртпалылығы жайында проблеманы шешу мемлекет, кәсіпкерлер және халық арасындағы экономикалық мүдделерінің балансын табу болып келеді. Салықтық реттеу мүдделік қарама-қайшылық жағдайларды шешуге бағытталу керек, яғни мемлекет үшін - бюджеттің шығындық жағын салықпен қамтамасыз ету; кәсіпкерлер үшін - іскерлік белсенділік жағдайына жағымды ортаны қалыптастыру; жұқа инвестициялық климат, қаржылық-шаруашылық әрекетінің табыстылығы, тең бәсекелестік қабілет; халық үшін - өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған шаралар жүйесі.

Қазіргі кезде Қазақстанда салық жүйесін қайта ұйымдастыру Қазақстанның даму этаптарының бірі инвестицияларды ынталандырып, оны тиімді пайдалану болып келеді. Осыған жету үшін бір жағынан өндірушіге салық ауыртпалығын төмендету, ал екінші жағынан инвестициялау үдерісін салықпен реттеу. Ал компенсация механизмі ретінде салықтық шығындарды ресурстық төлемдермен жабу, бұл көбіне ренталық төлем. Біздің ойымызша, табиғи ресурстарды қолданғаны үшін ренталық төлемдерді көтеру керек,

---

себебі қазір Қазақстан экономикасының алдыңғы қатарында осы қазба салалары болып келеді, сәйкесінше оларға салық салу мөлшерін арттырса, оның тиімділік қоры артады.

Қазақстанда жүріп жатқан салық реформалары кемшіліктерді жоюға, рационалды және тұрақты салық жүйесін құруға арналған. Салық реформасын жүзеге асыруда салық жүйесінің әділеттілік қағидалары орын алу керек.

Салық жүйесін реформалаудың бірінші бағыты салық ауыртпалылығын мөлшерлеме мен бюджеттің табысын құрайтын негізгі салықтардың салық салу базасын реттеу арқылы белгілі бір деңгейге төмендету болып отыр. Сонымен қатар, назар аударатын мәселе, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық ерекшелігін ескеру, яғни белгіленген салық ауыртпалылығын 20-25 пайызға жеткізу.

Қазақстанда жанама салықтарының салық ауыртпалылығының жоғары болуы сұранысты тоқтату факторы болып келеді, ол көбінесе капитал мен еңбек тиімділігіне байланысты емес, кейде оларға қарсы тұрады. Жанама салықтардың ақырындап шектелуі, дағдарысқа қарсы саясаттың мақсатына жауап береді. Осы қағиданы Қазақстанның салық жүйесіне енгізу аса маңызды, себебі бюджетке және бюджеттік емес қорларға негізгі төлемдер өндірістің табыстылығына әсер ететін объективті жағдайларын есептемей алынады.

Кейбір экономистердің пікірінше қосылған құн салығын мүлдем алып тастауды ұсынады, ал қазіргі экономика жағдайында ол мүмкін емес. Жанама салықтарды ақырындап азайтып, ал табиғи ресурстарға салынатын салық пен мүлдіктік салықтарды пропорционалды жоғарлату дұрыс болады.

Салық ауыртпалығының рационалды топ бойынша бөлінуі сұрақтар мен шешімдерді талап етеді. Қазақстанның жеке табысқа салық салудың Батыс Еуропа елдерімен салыстырғандағы негізгі кемшілігі осал әлеуметтік бағыттылығы. Қазақстан Республикасында қолданыстағы заңына сәйкес салық салынбайтын минимум минималды еңбекақы мөлшерімен үйлестіріледі және оның мөлшері аз болып келеді. Индустриалды дамыған мемлекеттерде салықтық жеңілдіктер сомасы өмір сүру минимумына негізделген. Қазақстан азаматтарының өмір сүру деңгейі орташа, сондықтан прогрессивті салық салу шкаласын қалдырып, оны бір деңгейге келтірудің орнына, салық мөлшерін кеміткен жөн болатын еді. Маңыз аударатын мәселе, еңбекақының тек табысқа салық категориясы ретінде ғана емес, әлеуметтік салық базасы да, сондықтан оны да рыноктық экономикасы дамыған мемлекеттер сияқты бюджет табысының маңызды бөлігі деп есептеу керек. Осы мәселе қабылданып, шешім таппағанша, елімізде әлеуметтік төлемдер еңбекақылардан қалып отыр.

---

Қазір салықтық әкімшілендіру аясында салық төлеушілермен салықтық қызмет көрсету сапасымен қанағаттанбауында және қоғамның салықтық заңнама мен салық міндеттемелерін орындау мәселелері бойынша ақпаратпен нашар қамтылғанынан көрінетін проблемалар бар.

Осыған байланысты, мынадай бағыттарда жұмыстарды күшейту қажеттігі туындайды: қоғамның салық сұрақтарында ақпараттануын арттыру: қабылданатын шаралардан қажет нәтижелерге қол жеткізу және салық қызметінің оң көзқарасты беделін қалыптастыру үшін бұқаралық ақпарат құралдары, семинарлар, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру арқылы қоғаммен ұдайы өзара іс-әрекет жасау қажет. Сонымен қатар, көрсетілетін салық қызметінің сапасын арттыру және халықаралық стандарттарға сай келуі тиіс.

Жүргізіліп отырған орта мерзімді кезеңдегі шығыстар саясаты бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдаланып, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларында көзделген ең жақсы тікелей нәтижеге қол жеткізу қажеттілігіне сүйене отырып, бюджеттің әзірленуі мен оны атқару жолымен мемлекеттік шығыстардың тиімділігі мен нәтижелілігін арттыруға бағытталады.

Осы мақсатта ағымдағы жылдың басында нәтижелілік пен тиімділік индикаторларына негізделген бюджетті атқару және қалыптастыру жүйесі, сондай-ақ орталық мемлекеттік атқарушы органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жетекшілік ететін саладағы өңірдегі, стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге түпкі қол жеткізілген дәрежесін (қол жеткізілмеген) соның ішінде түпкі нәтижесі мен тиімділік көрсеткіштеріне талдау жүргізу жүйесі енгізілген.

Елімізде жанама салық салу жүйесі Батыс Еуропа тәжірибесі есепке алына отырып құрылған. Жанама салықтар бюджетке түсетін табыстың басты көздерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар күрделі, көпсатылы салық түрі болып келеді. Күрделілігіне қарамастан 2009 жылғы жағдайға қарағанда 2010 жылы жанама салықтар бойынша біршама жетістіктерге жеттік және өз алдына болжанған жоспар орындалды деп есептеуге болады. Бірақ әлдеде салықтың бұл түрін дамытуда, жетілдіруде біршама мәселелер бар.

Жанама салықтарды жетілдіру үшін тек қосылған құн салығымен қатар акциз салығы бойынша түсімдерді жоғарлату қажет. Дамыған елдерде акциз салығын жетілдіру арнайы объективті факторлардың әсерінен анықталады. Олардың қатарына өндірістік қатынастар мен әлеуметтік-экономикалық жағдайларға мемлекеттің салық салу жүйесі арқылы әсер етуін жатқызуға болады. Салық табысындағы тұтыну мен оларды алу мүмкіндіктері арасындағы қарама-қайшылық барлық салық жүйесін құрудың негізгісі болып табылады. Сонымен қатар, дамыған



---

елдерде мемлекеттік шығындарды азайту жолдары және салық түсімдеріне қажеттілікті қысқарту бағыттары тұрақты іздестірілуде[2].

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында болашақтағы мемлекетіміздің негізгі байлық көзі шикізатты, соның ішінде ең біріншіден мұнайды экспорттау болып табылады. Осыған сәйкес, салық жүйесінің алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі шикізатты экспорттаушыларға салынатын салықтардың тиімділігін арттыру.

Үкімет басшысының хабарлағанындай, 2010 жылдың қорытындысы бойынша, мұндайды экспорттау тек салық түрінде ғана мемлекеттік бюджетімізге 500 миллион АҚШ доллары шамасындағы қаржы түспей қалған. Мұндай көлемдегі қаржы республикалық бюджетіміздің төрттен бір бөлігіндей мөлшерін құрайды. Егер бұл көрсеткіш тек қана мұнай саласында орын алған болса, онда еліміздің бүкіл шикізатын экспорттаудан түспей қалған қаражаттардың мөлшерін қандай болар екен ?

Осындай көлеңкелі экономиканың келеңсіз әрекеттерінен еліміздегі күнделікті тұрмыстық қажеттіліктерге аса зәру болып отырған тұрғындардың бөлігі көп зардаптар шегуде. Екінші жағынан, салық салынатын базаның кемуінен, экспорттаушы емес экономиканың басқа салаларында қызмет атқарып отырған кәсіпорындарға жүктелетін салық ауыртпалығы арта түсуде.

Аталған кемшіліктерді жою үшін, ең алдымен салық заңына жаңадан өзгертулер мен толықтырулар енгізу аса қажет. Кіріс министрінің атап өткеніндей, 2008 жылдың 10 желтоқсанында жаңадан қабылданған салық кодексінде айтарлықтай өзгерістер енгізілмеген, демек, жіберілген кемшіліктер алдағы уақытта да жіберілуі мүмкін. Әрине енгізілетін өзгерістер әбден саралануы және салық жылының басынан бастап іске асуы қажет. Салық төлеушілер үшін салық жүйесінің ең болмағанда үш – бес жылға дейін тұрақты болып қалуы аса маңызды шарт болып табылады. Тұрақсыз экономика жағдайында бұлай болу әрине мүмкін емес, әсіресе жалпы ішкі өнімнің мөлшері дүниежүзілік бағаға тәуелді жағдайында бұл өте қиынға соғады.

Салық жүйесінің басты кемшілігі - ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының табысын салық түрінде «алып қою» арқылы олардың бюджет тапшылығын жоғарылатып жіберуінде және салық жүйесінің экономикалық дамуы мен кәсіпорындардың арасындағы үйлесімділіктің жоқтығында. Сондықтан да, ауыл шаруашылық кәсіпорындары жоғары мөлшерде салық төлеуден қашып, төменгі мөлшерде табыс алуға мүдделенеді, дағдыланады, салықтан жалтару жолдарын іздеп, жер телімдерін заңды түрде құжаттамай жасырын қосалқы түрде шаруашылықтарын жүргізіп пайда табу көздерін іздейді.

2011 – 2015 жылдарға арналған салық саясатының негізгі бағыттары экономиканың қажетті бағыттарын дамытуға

---

ынталандыратын және мыналардан: Қазақстанның Кеден одағына кіруіне байланысты салықтық әкімшілендіруді жетілдіру; Қазақстан Республикасындағы халықаралық салық салу жүйесін жетілдіруден тұратын мемлекеттік функциялардың толық орындалуын қамтамасыз ететін әділ және ақталған құрал ретінде салықтардың әлеуметтік маңызды функцияларын нығайту қажеттігін ескере отырып, міндеттерді шешуге бағдарланатын болады .

Қазақстан Республикасында салық жүйесіндегі салық салу қызметінің салықтық бақылауының тиімділігін арттыру мәселелерін қолға алу қажеттігі туындайды. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді шешу қажет.

- салық бақылауы рәсімін жетілдіру және оңайлату;
- салық бақылауы рәсімін реттеу;
- мемлекеттік, өзге уәкілетті органдардың шет мемлекеттердің құзырлы салық органдарымен өзара әрекет ету тиімділігін арттыру;
- салық бақылауы рәсімін автоматтандыру.

Салық салудың қолданыстағы жүйесін талдау мен бағалау және әлемдік тәжірибе негізінде елдегі іскерлік белсенділіктің өсуін ынталандыру мақсатында мыналар көзделеді:

орта мерзімді кезеңде салық ауыртпалығын заңды тұлғалардың кірістерінен жеке тұлғалардың кірістеріне халықтың әлеуметтік осал топтарына жүктеме деңгейін арттырмастан кезең-кезеңімен қайта бөлу бойынша салық заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар дайындау;

кедендік және салық әкімшілігін жүргізу;

салық және кедендік рәсімдерді одан әрі оңайлату және олардың ашықтығын арттыру [3] .

Елбасының Халыққа жолдауында, «Мемлекет қоғамның шын мәнінде көмекке беру мүдделеріне ғана қолдау көрсету жөніндегі толық жауапкершілік өз мойнына алуға міндетті деп санаймын. Осыған орай әлеуметтік қолдау көрсету саясаты "әлеуметтік топтардың мұқтаждықтарымен" айқындалуға тиіс емес, қайта "еңбекке қабілетті азаматтарды жұмысшылар санына қосуға даярлау" міндеті ауқымында шоғырландырылуға тиіс», деп атап көрсеткен болатын [1]. Ал, өз азаматтарымыздың хал-ахуалын жақсарту үшін, мемлекет барлық құралдарды ұтымды пайдалануы қажет. Сонымен бірге, салық саясатының экономикалық рөлі мен тиімділігін арттыруға баса көңіл бөліп, ал қоғамның басты игілігі халыққа тигізетін әлеуметтік салдарларын естен шығаруға болмайды. Салық салудың әлеуметтік салдарлары оның шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халықтың әлеуметтік жағдайларына қалай: оң немесе керісінше теріс әсер ететіндігін көрсететін бірден бір көрсеткіш

---

және салық жүйесін үнемі жетілдіріп отыруға негіз болатын маңызды фактор болып табылады. Осы жерде оның фискалды көрсеткіштерінің жетекші рөл атқаратынды, яғни бюджет неғұрлым көбірек толтырылса, салық жүйесі соғұрлым тиімді деп саналып келеді.

Қорыта айтқанда, салық салу жүйесі мемлекет үшін алым - салық жинау механизмі ретінде қарастырылатын және аталған механизмнің қызмет етуі кезіндегі туындайтын нақты әлеуметтік салдарлармен біртұтас байланысқан жүйе және жалпы экономиканың әлеуметтік үдерістерге тигізетін әсері ең көп пікірталас тудыратын күрделі мәселе болуында.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтің Қазақстан халқына «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Жолдауы.-Астана, 28 қаңтар 2011 жыл
2. Құлпыбаев С., Интыкбаева С.Ж., Мельников В.Д «Қаржы негіздері» Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. Алматы, 670б. 2010 ж
3. Исаева А.Т., Нарықтық қатынастардың тереңдеуі жағдайында салық салудың әлеуметтік салдары. Авторефераты, ҚР Алматы, 2007ж

#### **Резюме**

В данной статье рассматриваются основные вопросы влияние налоговой нагрузки на экономике государства, проблемы налогового администрирования Республике Казахстан, а также предлагаются основные направление налоговой политике в этой областей, в том числе касающиеся косвенного налогообложения.

#### **Summary**

This article discusses the major issues influence the tax burden on the state's economy, the problems of tax administration, the Republic of Kazakhstan, as well as offer basic direction of fiscal policy in this area, including those relating to indirect taxation.

---

## ИНФОРМАЦИОННОЕ ПИСЬМО

Университет им.Д.А. Кунаева приглашает к сотрудничеству и публикации научных статей в республиканских научно-аналитических и информационно-практических изданиях – «Казахстанский журнал международного права» и «Вестник университета им.Д.А.Кунаева», включенных в перечень изданий, рекомендованных Комитетом по контролю в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан для публикации научных положений диссертационных исследований.

Учредителем журналов является Университет им.Д.А. Кунаева.

В журналах публикуются научные статьи по актуальным проблемам международного права, внешней политики Республики Казахстан и зарубежных государств, вопросам национального права и правоприменительной практики.

Периодичность выпуска журналов – поквартально.

Статьи принимаются на казахском, русском, английском языках.

Стоимость публикации – четыре тысячи тенге.

По всем вопросам обращаться по тел. 292 60 34 (вн.208)

e-mail: nauka\_kunaev@mail.ru

### Требования к рукописям статей:

1.Общий объем статей не должен превышать 10 страниц машинописного текста.

2.Статьи представляются в распечатанном виде с приложением электронной версии.

3.Список использованных источников оформляются в конце статьи, сноски в квадратных скобках, по мере упоминания.

4.После списка использованных прилагается резюме на казахском/русском, английском языках.

5.Шрифт для статей Times New Roman на русском, английском языках. Для статей на государственном языке – KZ Times New Roman.

6.Размер шрифта – 14. междустрочный интервал – одинарный, поля верхнее/нижнее - 2 см, левое – 2 см, правое – 1 см.

**Д.А. Қонаев атындағы Университеттің Хабаршысы  
№ 4 (41), 2011ж.**

*Ғылыми журнал*

**Вестник Университета имени Д.А. Кунаева  
№ 4 (41), 2011г.**

*Научный журнал*

**Ответственный за выпуск Алибаева Г.А., д.ю.н.,  
проректор по научно-исследовательской работе Университета имени  
Д.А.Кунаева**

Подписано в печать 21.12.2011г. Формат 60x84<sup>1/8</sup>.  
Печать цифровая. Бумага офсетная. Усл. печ. л. 33,12. Тираж 500 экз. Заказ № 01531.



г. Алматы, ул. Шевченко 110, (угол ул. Масанчи)  
раб.8 (727) 327-41-95, сот. +7 (777) 214-02-50, +7 (707) 214-02-50  
[almaprintmaster@gmail](mailto:almaprintmaster@gmail)